Қос кәсіпорынға қауіп төніп тұр
6-бет

Мәскеу биігіне көтерілген «Жібек сатты»
11-бет

Байланыстан тыс қалған ауылдар
13-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

14 ҚАРАША 2023 ЖЫЛ, СЕЙСЕНБІ №217 (30696)

Мемлекеттілік мінбері

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Жасанды интеллект заңсыздықтарды әшкерелейді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бас прокурор Берік Асыловты қабылдады. Қабылдау кезінде Бас прокурор Президентке еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіптің жай-күйі, сондай-ақ қадағалаушы органның қызметіндегі басым бағыттар жөнінде мәлімет берді.

Берік Асылов заңсыз иемденілген активтерді қайтару үшін қабылданып жатқан шаралар және осы мақсатта жаңадан құрылған комитеттің қызметі туралы баяндады. Бас прокурордың айтуынша, комитет шетелге шығарылған активтерді іздеу, заңсыз схемаларды әшкерелеу үшін жасанды интеллектіні пайдалану арқылы IT технологияларды қолданады.

Мемлекет басшысына маңызды инвестициялық жобаларды құқықтық тұрғыдан қолдау жұмыстары жөнінде ақпарат берілді. Құрамына Сыртқы істер министрлігі, «Қазақ-Инвест» ҰК» АҚ, «Атамекен» ҰКП өкілдері және Бизнес-омбудсмен кіретін арнаулы Ведомствоаралық комиссия инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған алғашқы шараларды әзірледі. Прокурорлар 900-ден астам инвестициялық жобаны бақылауға алды. Қазірдің өзінде 41 инвестордың түйткілді мәселелері шешімін тапты.

Президентке инвестицияның қауіпсіздігіне кепілді күшейту үшін инвестициялық жобаны жүзеге асырудың бүкіл үдерісін нақты уақыт режімінде бақылауда ұстауға мүмкіндік беретін цифрлық шешімдер енгізу, сондай-ақ мемлекеттік органдардың бизнеске қатысты негізгі шешімдерін прокурормен келісу ұсынылды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаевқа үш буынды модель аясында кәсіпкерлерді қылмыстық құдалау 3 есе қысқарғаны (614-тен 204-ке дейін) жөнінде мәлімет берілді. Жалпы, еліміз бойынша 1 041 тұлғаның негізсіз қылмыстық құдалауға тартылуына жол берілген жоқ. Конституциялық құқық бұзушылықтар саны 29 пайызға қысқарды (310-нан 222-ге дейін).

Бұдан бөлек, Президентке азаптауға қарсы іс-қимыл шаралары жөнінде баяндалды. Мұндай әрекеттердің алдын алу үшін 54 түзеу мекемесінде 29 мың бейнекамера орнатылған, сәйкесінше азаптау фактілеріне шағымдану да 94-тен 17-ге дейін азайған.

Сондай-ақ Бас прокурор қоғамда резонанс тудырған қылмыстардың тергелу барысы жөнінде есеп берді. Аталған мәселелермен қатар, халықаралық ынтымақтастық бағытында атқарылған жұмыстардың нәтижесі таныстырылды. Атап айтқанда, биыл шетелден ауыр және аса ауыр қылмыс жасады деп айып тағылған 40 адам экстрадицияланды. Жалпы, Қазақстан қылмыстық-құқықтық сала бойынша алыс шетелдің 34 мемлекетімен 74 шартқа қол қойды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің тыныстіршілігіне қатысты барлық салада заңның сақталуын қамтамасыз ету ісін күшейту қажет екеніне назар аударды.

Шағын және орта бизнестің үлесі артты

Суреттерді түсіргендер – АДУЙСЕНБАЕВ, Е.ҮКІБАЕВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровты қабылдады. Кездесу барысында сала басшысы Президентке еліміздің биылғы 10 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының алдын ала нәтижелері туралы есеп берді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2023 жылдың қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнімнің өсімі 5 пайыз көлемінде болады деген болжам жасалып отырғаны жөнінде баяндалды. Бірінші жартыжылдықта шетелден тартылған тікелей инвестиция көлемі 13,3 миллиард долларға жетті. Жылдық инфляция 2 есе, яғни 10,8 пайызға дейін (ақпан айында 21,3 пайыз) төмендеді.

Әлібек Қуантыров ішкі жалпы өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 36,4 пайызға жеткенін мәлімдеді. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Шағын және орта бизнес өндірген өнім көлемі 28 триллион теңгеден асты. Бұл салада 4,3 миллион адам жұмыспен қамтылған. Биыл 9 мың жобаға субсидия берілді. Несиенің жалпы көлемі – 669 миллиард теңге.

Мемлекет басшысына бизнесті тексеру ісін 2 есе азайту үшін кәсіпкерлік саласына жаңа реттеу саясаты енгізілетіні туралы мәлімет берілді. Міндетті талаптар реестрі жасалып, сынқатерлерді басқару жүйесі автоматтандырылады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа жаңа Бюджет және Салық кодекстерінің әзірлену барысы, сондай-ақ инвестициялық саясат, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту шаралары туралы айтылды.

Бұдан бөлек, Ұлттық экономика министрі «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасының жүзеге асырылуы жөнінде баяндады. Атап айтқанда, биыл 267 миллиард теңге инвестиция тарту, 5,8 мың шақырым желіні жөндеу, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы қызметкерлерінің жалақысын 50 пайызға көтеру, желілердің тозу деңгейін 3,2 пайызға азайту жоспарланып отыр.

Президентке Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасының іске асырылуы жайында мәлімет берілді. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы іске қосылғалы бері республикалық бюджеттен қаржыландыру көлемі 7 есе артты. Биыл 771 ауылда 1,8 мың жобаны орындау жоспарланып отыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев сапалы және орнықты экономикалық өсімді қамтамасыз ету, сондай-ақ реформаларды тиімді жүргізу жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

Инфляцияны бәсеңдету шаралары баяндалды

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовті қабылдады.

Кездесу барысында Тимур Сүлейменов Президентке Ұлттық банктің биылғы қаңтар-қазан айларында жүзеге асырған ақша-кредит саясатының нәтижелері жөнінде есеп берді.

Мемлекет басшысына Қазақстан экономикасының жағдайы, инфляцияны төмендету шаралары, сондай-ақ алтын-валюта қорының, БЖЗҚ мен Ұлттық қор активтерінің жай-күйі туралы баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа цифрлық теңгені іске қосуға дайындық жұмыстарының барысы және цифрлық қаржылық инфрақұрылымды дамыту жоспары жайында мәлімет берілді.

Бұдан бөлек, Тимур Сүлейменов экономиканы кредиттеу ісін ынталандыру үшін тиісті шаралар әзірлеуге қатысты Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларының орындалу барысы туралы ақпарат берді. Сонымен қатар Ұлттық банк төрағасы ұлттық валютамыз – теңгенің 30 жылдығын атап өтуге дайындық жұмыстары жөнінде айтты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ақша-кредит саясатын тиімді жүзеге асыруға бағытталған бірқатар міндет жүктеді.

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Атом энергетикасының ертеңі

Таяуда Курчатов қаласындағы Ұлттық ядролық орталыққа республикалық БАҚ журналистері мен жеке блогерлерге арналған баспасөз туры ұйымдастырылды. Семей сынақ полигоны 33 жыл бұрын жабылғанымен, ондағы атом ядросын зерттеп, зерделеу мен залалсыздандыру жұмыстары бір сәтке де іркілмегеніне көзіміз жетті. Ондағы алған әсеріміз бен танып-білгеніміз көпшілік қауымды таңғалдыратыны анық.

Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Атомды бейбіт мақсатта пайдалану

Баспасөз турында көріп-білгенімізді бір мақаламен ғана шектемей, алдағы уақытта ретретімен жарыққа шығарып отырамыз. Сондықтан әлқиссаны Ұлттық ядролық орталықты (ҰЯО) жұртшылыққа таныстырудан бастағанды жөн көрдік. ҰЯО миссиясы – Үкіметтің атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласындағы саясатына ғылыми-техникалық қолдау көрсету. Енді негізгі қызметінің стратегиялық бағыттарын атап айтқанымыз жөн. Бірінші – елдегі атом энергетикасын дамыту, екінші – басқарылатын термоядролық синтез және сутегі энергетикасы технологияларын жетілдіру, үшінші – Қазақстанның радиациялық қауіпсіздігі мен экологиясын бақылау, төртінші – таратпау режімін және ядролық сынақтарға жаппай тыйым салу туралы шартты (ЯСЖТШ) қолдау, ал бесінші – атом саласына ақпараттық және кадрлық көмек жасау.

ҰЯО құрылған сәтінен бастап алға қойылған міндеттерді ойдағыдай шешіп келеді. Оның ядролық зерттеу реакторларынан, отандық КТМ материалтану токамагынан, бірегей зерттеу стендтерінен, зертханалық жабдықтардан және басқа да аспаптар мен қондырғылардан тұратын бірегей ғылыми-техникалық және өндірістік базасы бар.

(Соңы 4-бетте)

МИРАС

Еңбек адамын ұлықтаған аламан айтыс

Елордада Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйытқы болуымен «Алтын домбыра» республикалық ақындар айтысы өтті. «Amanat» партиясының қолдауымен ұйымдастырылған дәстүрлі дода «Еңбек – ел ырысы» тақырыбына арналып, онда еңбек адамдарының өнегесі өзек болды.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Аламанның алғашқы күні мәдени кешке арнайы қатысқан Мәжіліс спикері Ерлан Қошанов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың еңбек адамының мәртебесін көтеруді үнемі айтып жүргеніне ерекше назар аударып, Республика күні қарсаңында 700-ден астам қарапайым еңбеккерді мемлекеттік наградамен марапаттағанын атап өтті. Бұл адал да табанды жұмысымен Тәуелсіздігіміздің тұғырын бекемдеп келе жатқан азаматтарымызға деген құрмет екенін атап өтті.

«Биылғы «Алтын домбыра» ақындар айтысының өзіндік мәні бар. Онда еңбек адамдарының өнегесі өзек болды. Себебі береке мен молшылықтың бастауы – еңбекте. Ал оның иесі де, киесі де – қарапайым еңбек адамдары. Осы ретте Мемлекет басшысы «Адал азамат» ұғымын қоғам санасына сіңіруді ұсынды. Айналып келгенде, мемлекетті мемлекет, елді ел қылып отырған бай-бағландар емес, қатардағы жұмысшылар, малшылар, диқандар, ұстаздар мен дәрігерлер. Қазір оларға деген қоғамның шынайы құрметі айрықша», деді Е.Қошанов.

Айтыс тізгінін ұстаған белгілі ақын, Мәжіліс депутаты Аманжол Әлтай көпшілік көрерменге қазылар алқасының құрамын және ақындар қауымын таныстыра келе: «Айтыс – ұрпақтан-ұрпаққа әкенің қаны, ананың сүтімен жеткен қастерлі өнер. Бүгін елорда төрінде еңбек адамының қадір-қасиетін, олардың қоғамдағы айрықша орнын жырға қосамын деп ойы өрелі, сөзі сүбелі айтулы ақындар бас қосып отыр. Баршаңызға сәттілік тілеймін», деді.

(Соңы 2-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: **EUR/KZT** 497.99 **USD/KZT** 465.89 **RUB/KZT** 5.06 **CNY/KZT** 63.92

Күн тәртібі нақтыланды

Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата бюросының отырысы өтіп, депутаттар 16 қараша күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Алдағы Палата отырысында сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттандыру және цифрлық активтер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды қарайды. Бұл заң тиісті саладағы заңнаманы жетілдіруге, сондай-ақ цифрлық майнинг жөніндегі қызметті реттеуге арналған.

Заң нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген бірқатар құжатты қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелерін қағаз жеткізгіште жинауға, өңдеуге тыйым салу белгіленеді. Сонымен қатар Бюро отырысында Парламент Мәжілісінен келіп түскен заңдар жұмыс үшін Сенаттың тұрақты комитеттеріне бөлініп берілді.

Еңбек адамын ұлықтаған аламан айтыс

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екі күнге созылған аламан айтыста еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған 16 ақын өнер көрсетіп, кіл жүйрікте кім жүйрік екенін анықтады. Жарыс соңында дәстүрлі доданың мәні мен маңызына тоқталған «Amanat» партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек партия тарапынан алдағы уақытта да мәдениет пен өнерге барынша қолдау көрсетіле беретінін жеткізді. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еңбек адамының мәртебесін көтеруді үнемі айтып келеді. Есілдің жағасында екі күн бойы ерекше өнер көрсеткен ақындарымыз еңбек адамының абыройын асқақтатып, олардың ел дамуына қосып жатқан өлшеусіз үлесін жырға қосты. Елді көркейтетін – еңбек. Айтыс деп аталатын асыл өнеріміз төрден түспесін», деді ол.

Өз кезегінде Мәдениет және ақпарат вице-министрі Арман Жүдебаев жыр додасын тамашалауға келген қалың көрермен мен ақындар қауымына шынайы алғысын білдірді. «Қазақ халқы ежелден айтыс өнерін жоғары бағалаған. Ел ішіндегі жақсылықты да, кемшілікті де сөз арқылы шебер жеткізіп отырған. Міне екі күнге созылған аламан айтыста біздің арқалы ақындарымыз да өз шеберліктерін ортаға салып, еңбек адамының мәртебесін асырып, мерейін үстем етті. Оларды қолдап, қостап келіп отырған барша айтыссүйер ағайынға рахмет айтамын», деді вице-министр.

«Үндемесем өзіме өзім төре, сөйлеп кетсем өзіме сөзім төре», дейді қазақ халқы. Сол сөзге бүгін әділ бағасын берген қазылар алқасының ары таза деген ойдамын. Күміс көмейінен жақұттай жыр төккен ақындарымызға шалқар шабыт тілеймін. Ұлттық өнеріміздің беделі биік, абыройы асқақ болғай», деген қазылар алқасының төрағасы, Қазақстанның халық ақыны Әсия Беркенова ақындардың өнерін бағалауда әдептен озбай, ардан аттамай әділ шешім болғанын атап өтті.

Осылайша қазылар алқасының шешімімен жарыстың бас жүлдесін қарағандылық ақын Мақсат Аханов иеленіп, оған «Алтын домбыра» мен автокөлік табысталды. Ал жүлделі 1-орын және «Айтыс ақтаңгері» атағы қызылордалық Мейірбек Сұлтанханға, 2-орын павлодарлық Аспанбек Шұғатайға бұйырды. 3-орынды ұлытаулық Төлеген Жаманов пен Батыс Қазақстан облысынан келген Жансая Мусина өзара бөлісті.

Сондай-ақ, жамбылдық Алина Айдаралы, Батыс Қазақстан облысының айтыскері Мұрадым Мейрланов және алматылық Шұғайып Сезімхан арнайы жүлде иеленді. Сайысқа түскен барша ақынға қомақты сый-сияпат табысталды.

Елорданы көгалдандырудың жай-күйі

Парламент Сенаты төрағасының орынбасары Жақып Асанов, сондай-ақ Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің депутаттары Экология және табиғи ресурстар министрлігі және Астана қаласы әкімдігінің басшылығымен кездесті. Кездесу барысында елорданың айналасын көгалдандыру және жасыл аймақ қалыптастыру мәселелері талқыланды.

Жақып Асанов өз сөзінде Мемлекет басшысының елорданы дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте Астананы көгалдандыру ісінде мәселелер бар екенін айта келіп, жұмыс әдістерін өзгерту қажеттігіне тоқталғанын еске салды.

«Бұл мәселені зерделегенде бірнеше ауқымды мәселе байқалды. Олардың ішінде екі негізгі әрі ең өзекті мәселені ерекше атап өтуге болады. Біріншісі – су тапшылығы. Мамандардың пікірінше, оны шешудің ең тиімді және ұтымды әдісі – құбыр суын пайдалану. Құбырдағы суда тек табиғи су ғана емес, сонымен қатар ағын су да бар. Оны қайта өңдеуге және барынша пайдалануға болады. Ағаш отырғызу жұмыстары бәсекелес ортаға берілді. Мемлекеттік сатып алуда кім жеңіске жетсе, сол ағаш отырғызады. Мұндағы ең маңызды өлшем – баға. Конкурстарда жеңіске жеткен компаниялар арзанға сатып алынған көшеттерді отырғызып, кетіп қалады. Олар ағаштың болашағына алаңдамайды. Бұл мәселе де маңызды», деді Жақып Асанов

Экология және табиғи ресурстар министрлігінің өкілдері сенаторларға жасыл елорданың жай-күйі және осы ерекше жобаны одан әрі дамыту жоспары туралы айтып берді. Ал Астана қаласы әкімдігінің басшылығы қаланы көгалдандыру саласының өзекті мәселелері және оларды шешу жолдарымен бөлісті.

Кездесуге Парламент Сенатының депутаттары, экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, мүдделі мемлекеттік органдардың өкілдері және Астана қаласы мәслихатының депутаттары қатысты.

Депутаттар кездесу қорытындысы бойынша ұсынымдар әзірленіп, алдағы уақытта үкіметке жіберілетінін атап өтті.

Азық-түлік бағасын бақылау тапсырылды

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының (ӘМАТ) бағасын тұрақтандыру жағдайы өңірлік әкімдіктерінің жеке бақылауларына өтеді. Қараша айы жылдық азық-түлік инфляция деңгейін қалыптастыратын шешуші ай болмақ. Жиынды Премьер-министрдің орынбасары Серік Жұманғарин осындай тапсырмадан бастады.

Амангелді ҚИЯС,
«Egemen Qazaqstan»

Сауда комитетінің мәліметінше, қарашаның бірінші аптасында ӘМАТ бағасының өсімі 0,1% құрады, негізгі драйвер – жұмыртқа бағасының маусымдық өсуі (1,7%). Сонымен қатар қарақұмық (-0,2%) және күнбағыс майы (-0,1%) бағасының ұзақмерзімді төмендеу үрдісі жалғасып отыр. Көкөніс бағасының маусымдық төмендеуі: картоп (-1,7%), пияз (-1,2%), қырыққабат (-1,3%), сәбіз (-1%) тіркелді.

Жұмыртқа бағасының едәуір өсімі Алматыда байқалды – бір аптада 3,7%. Бұл жерде басқа өңірлердің арасында жалғыз ғана пастерленген сүттің бағасы өсті (1,2%). Маусымаралық бағаның көтерілу қаупін ескере отырып, Серік Жұманғарин әкімдіктерге өңірлердегі әлеуметтік азық-түлік бағасының жағдайын жеке бақылауды тапсырды. Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі ірі өндірушілер арасындағы баға өсімінің себептерін талдау және анықталған фактілер туралы келесі аптада хабарлауды тапсырды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, бүгінде өңірлерде көкөніс, қант, қарақұмықтың барлық қажетті қоры қалыптастырылған. Күріш бойынша артта қалулар бар – мердігерліктің жалпы пайызы қажетті сұраныс көлемінің 86%-ын құрайды. Артта қалғандардың қатарында Алматы (94%), Батыс Қазақстан облысы (64%), Қарағанды облысы (28%), Маңғыстау облысы (61%), Солтүстік Қазақстан облысы (74%) бар.

«Форвардтық сатып алу шарттарын қайта қалыптастыру бойынша, сатып алу схемасына көшу үшін кемінде 70% – тікелей ауыл шаруашылығы өндірушілері мен қайта өңдеушілерден, тек 30% – сауда желілері мен көтерме саудагерлерден, бүгінгі таңда артта қалған 8 өңірдің 5-уі Алматы, Атырау, Шымкент қалаларын қоспағанда, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен тікелей келісімшартқа көшкен», деп хабарлады Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков.

Вице-премьер барлық өңірлерге құс фабрикаларын айналым қаражатымен қолдауға ерекше назар аудара отырып, осы жұмысты бір апта мерзімде аяқтау міндетін қойды.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов 2023-2025 жылдарға арналған көкөніс сақтау қоймаларын салу бойынша кешенді жоспарды іске асыру жағдайы туралы баяндады. Бүгінгі таңда Қазақстан бойынша қуаты 1 822 мың тонна көкөніс пен жеміс сақтайтын 901 нысан бар (499,7 мың тоннаға 257 картоп қоймасы, сыйымдылығы 1 186 мың тоннаға 580 көкөніс қоймасы, 136,9 мың тоннаға 64 жеміс-жеміс қоймасы).

«Кешенді жоспарға сәйкес, 2023-2025 жылдар аралығында жалпы қуаттылығы 689,9 мың тонна болатын 92 сақтау қоймасын салу жоспарланып отыр, бұл жалпы сақтау қуаттылығын 2,4 млн тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Біз өз есептерімізде халық санына және олардың қажеттілігін жеміс-көкөніс тобымен қамтамасыз етуді негізге аламыз. Сонымен қатар өңірді, көкөністердің негізгі өндірушілерін есептейміз, бұл Қарағанды, Павлодар, Жамбыл, СҚО, онда мал өндірісі нормадан көп және олар ірі қалалардың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Мысалы, елорданың азық-түлік белдеуін Павлодар мен Қарағанды облыстары, Алматы қаласын Алматы мен Жамбыл облыстары қамтамасыз етеді. Қажетті сақтау орындарының болуы шарт», деді Азат Сұлтанов.

Жоспарға сәйкес биыл сыйымдылығы – 272 мың тонна, 2024 жылы – 206 мың тонна және 2025 жылы – 160 мың тонна сақтау орны пайдалануға берілуге тиіс.

«Көкөністер мен жемістерді сақтауға арналған қосымша орын салу жобаларының басты желісі суару, егіс алқаптары мен суармалы жерлерді ұлғайту жобаларымен қатар жүруге тиіс. Аталған міндетті жергілікті атқарушы органдар бақылауға алуы керек. Біз еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі саясатымен айқындалған дақылдарды өсіру үшін суару жобаларына қолжетімді қаржы бөлеміз», деп атап өтті Серік Жұманғарин.

Сондай-ақ кеңесте күнбағыс өсірудің мемлекеттік қолдау шаралары талқыланды. 2023 жылы басым дақылдар өндірісін қолдауға бөлінген субсидиялардың жалпы көлемі 9,3 млрд теңге, майлы дақылдарға 2 млрд теңге қарастырылған. Барлық өңірден күнбағысты субсидиялауға Қостанай, Алматы және Жетісу облыстарына ғана қаражат бөлінді. Мәселен, Түркістан өңірі мемлекеттік қолдау қаражатын сафлорды субсидиялауға бағыттады. АШМ мәліметінше, келесі жылы күнбағыс өсіруді субсидиялауға арналған қаражат көлемі шамамен сол деңгейде қалады.

«Алдағы жылдары өңірлерде күнбағысты қайта өңдеу бойынша жаңа қуаттар іске қосылады. Бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған зауыттар 50%-дан кем жүктелген, ал шикізатсыз, күнбағыс өсіруді субсидиялаусыз жүктеу 20% деңгейінде болады. Қайта өңдеудің жаңа қуаттарын салудың мәні жоқ. Бас желі жалғыз болуға тиіс – тұқымды сатып алуды қанағаттандыратын деңгейге дейін жеткізу және күнбағыс майының тұрақты бағасын қамтамасыз ету. Мемлекеттік саясат – елімізде күнбағысты қайта өңдеуді дамыту, оны шикізат ретінде көрші елдер бізден алады. Сондықтан күнбағыс өсіру саласын қолдау қажет. Әкімдіктерге басым дақылдарды қолдауды анықтауда бизнес-тәсілді енгізу қажет», деп мәлімдеді вице-премьер.

Сондай-ақ Серік Жұманғарин Азық-түлік корпорациясына жаңа тауар сипаты жоқ астықты өткізу бойынша шаруаларға көмек көрсету мүмкіндіктерін пысықтауды тапсырды.

Азия елдерінің ықпалдастығы

Елордадағы «Астана» халықаралық қаржы орталығының алаңында Азиядағы Өзара іс-қимыл және сенім шаралары іскерлік кеңесінің (АӨСШК) VI пленарлық сессиясы, сондай-ақ АӨСШК-нің VIII Бизнес форумы өтті. Алқалы жиынға Азия кеңесіне мүше 20 мемлекеттен келген үкіметтік және бизнес топтардың 140-тан астам өкілі қатысты.

Абай АСАНКЕЛДІҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Іс-шараны АӨСШК Хатшылығы мен «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұйымдастырды. Форум Қазақстанның ұйымға төрағалығы аясында өтіп отыр. АӨСШК кеңістігінде биыл іскерлік шараларының күн тәртібі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жаңғырмалы энергия көздерін ілгерілету және жасыл қаржыландыру мәселелеріне, сондай-ақ осы саладағы кейбір бизнес, инвестициялық жобаларды таныстыруға арналды.

Іскерлік кеңестің ашылу салтанатына қатысқан Азия кеңесі Бас хатшысы Қайрат Сарыбай сөз сөйледі. Оның айтуынша, Азия экономикасының өсуі мен өңірлік және жаһандық деңгейдегі маңызының артуына байланысты ұйымдағы экономикалық әлеуетке ие.

«Азия экономикасының жаһандық ішкі жалпы өнімдегі үлесі тұрақты өсіп келеді. 2030 жылға қарай 50 пайыздан асады деген болжам бар. Осылайша, экономикалық өлшемді маңызды етеді. АӨСШК-нің осы өлшемдегі басым бағыттары шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, энергетикалық қауіпсіздік, ақпараттық технологиялар, туризм, көлік дәліздері, ауыл шаруашылығы, қаржы, сауда және инвестицияны қамтиды. АӨСШК Іскерлік кеңесі консультативтік-кеңесші орган ретінде осы тұрғыда мүше мемлекеттердің шағын және орта бизнес ұйымдары мен мемлекеттік органдары өкілдерін біріктіруде маңызды рөл атқарады», деді Қ.Сарыбай.

Осы орайда, жиын барысында басым бағыттарға сәйкес келетін маңызды тақырыптар талқыланатынын жеткізді. Атап айтқанда, жаңартылатын энергия көздері, жасыл қаржыландыру және азық-түлік қауіпсіздігі. Баяндамашының сөзіне сүйенсек, бұл мәселелер Азияның болашағын қалыптастырады, алға жылжуына үлес қосады. Тұрақты даму мақсаттарына (SDG) қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.

«Шағын және орта бизнес – көптеген елдің, әсіресе дамушы мемлекеттер экономикасының ажырамас бөлігі. Жұмыс орындарын ашып, экономиканың дамуына ықпал етеді. Жаһандық бизнестің шамамен 90 пайызын және жұмыспен қамтудың 50 пайыздан астамын құрайды. Шағын және орта бизнес әйелдер мен жастар секілді еңбек нарығындағы осал топтарға мүмкіндік береді», деді Қ.Сарыбай.

Спикер АӨСШК-ге Азия аумағы мен халқының 90 пайызын қамтитын 28 мемлекет енгенін тілге тиек етті. Мүше елдер арасында шағын және орта бизнес секторындағы экономикалық ынтымақтастықты ілгерілетуге, дамуына қолайлы жағдай жасау мақсатында тиімді шешімдер ұсынуға дайын екенін жеткізді.

«АӨСШК-нің 2022 жылғы VI саммитінде басталған және биылғы Министрлер кеңесі мақұлдаған аймақтық ұйымға айналуы мүше мемлекеттер арасындағы экономикалық ынтымақтастық пен интеграцияны нығайтуға жол ашады. Бұдан бөлек, қауіпсіз және тиімді көлік дәліздері мен цифрлық инфрақұрылымды дамытуға бағытталған АӨСШК Тұрақты байланыс жөніндегі кеңесін құру жөніндегі Тұжырымдаманың жобасы қарастырылып жатыр.

Сондай-ақ академиялық ынтымақтастықты, ғылыми жобаларды және студенттер мен оқытушылар құрамының ұтқырлығын арттыруға бағытталған жетекші университеттердің серіктестік желісін құруда ілгерілеушілік бар. Серіктестік желісі салалық қажеттіліктерді және қалыптасып келе жатқан нарықтық тенденцияларды шешуге арналған бағдарламаларды әзірлеуді ынталандыру арқылы еңбек нарығына оң әсер ету мүмкіндігіне ие», деді Қ.Сарыбай.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының төралқа төрағасы Райымбек Баталов АӨСШК Іскерлік кеңесінде елдер арасында сапалы өзара байланыс пен ынтымақтастық құруға міндетті екенін атап өтті.

«Азық-түлік қауіпсіздігі тұрғысынан елдеріміздің тиісті ресурстарға тұрақты қол жеткізуін қамтамасыз етуді, ауыл шаруашылығы мен тамақ өнеркәсібі саласында тәжірибе алмасуды және озық технологиялар трансфертін арттыруға бағытталған механизмдер мен стратегияларды әзірлеуді қарастыруымыз керек. Бұл өндірістің экономикалық тиімділігін арттыруға, өңірдегі азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға қажет.

Азық-түлік экспортының саяси маңызы тұрақты түрде арта түсетіні анық. Коронавирус пандемиясының салдары, санкциялар, жаһандық жеткізу тізбегінің бұзылуы, отын-энергетикалық дағдарыс және шиеленіскен геосаяси процестер бұған басты себеп. Мәселен, кейінгі екі жылда азық-түлік бағасының индексі 46,5 пайызға өсті. Мұндай кедергіні Қазақстан секілді экспорттаушы елдерде өндіріс көлемін ұлғайту, ауыл шаруашылығы өнімдерінің саудасындағы кедергілерді жою және транзиттік дәліздердің өткізу қабілетін арттыру арқылы ғана еңсеруге мүмкіндік бар», деді Р.Баталов.

Баяндамашы Қазақстан мен Орталық Азия елдері су ресурстарының тапшылығы проблемасымен бетпе-бет келіп отырғанына тоқталды. Оның айтуынша, азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін шешу, тиісінше, су-энергетика кешенін басқарудың тиімділігін арттырумен және су үнемдейтін технологияларды қолданумен байланысты.

«АӨСШК елдері үшін бір-бірімен байланысты екі тақырып – жаңартылатын энергия көздері және жасыл қаржы. Жаңартылатын энергия көздеріне көшу тек экологиялық маңызды қадам емес, сонымен бірге экономиканы дамытуға үлес қосады. Бұл саладағы ынтымақтастық жаһандық климаттың өзгеруіне ықпал етіп отырған қазба отындарына, көмірге, мұнай мен газға тәуелділікті азайтады. Алайда таза энергетика көздері кеңеюге тиіс. Қазіргі таңда электр энергиясының 29 пайызы ғана жаңартылатын көздерден алынады», деді Р.Баталов.

Ұлттық экономика бірінші вице-министрі Тимур Жақсылықов шағын және орта кәсіпкерлік саласындағы қазақстандық басым бағыттарға нақты тоқталып, шетелдік серіктестермен өзара тиімді байланыс орнатудың өзекті аспектілерін көрсетіп берді. Осы орайда ол Азия кеңесі ұсынып отырған мұндай көпжақты алаңдардың іргелі істерді ілгерілетуге игі әсерін тигізетінін тілге тиек етті. Іс-шараға қатысушыларды құттықтаған Сыртқы істер министрінің орынбасары Нәзира Нұрбаева Іскерлік кеңестің рөліне, сондай-ақ іскерлік топтардың халықаралық ынтымақтастықты жолға қоюына айрықша назар аударды.

Басқосуда Қазақстан, Қытай, Ресейдің АӨСШК Іскерлік кеңесіндегі өкілдері, сондай-ақ ЭСКАТО, «БҰҰ-әйелдер» құрылымы, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы, Еуразиялық даму банкі секілді халықаралық ұйымдардан шақырылған маман, сарапшылар өз тәжірибелерімен, сараптамаларымен бөлісті.

Отырыс қорытындысы бойынша Іскерлік кеңес VII Пленарлық сессияны 2024 жылдың 3-4 тоқсанында өткізу жөнінде шешім қабылдады. Онда шағын және орта кәсіпорындардың қызмет көрсету аспектілері, жасанды интеллект, әйелдердің рөлі, тұрақты даму, цифрлық сауда, өндірістік ұқсату тізбегі, логистика секілді өмірдің өзекті проблемалары талқыға түсетін болады. Сонымен бірге АӨСШК Іскерлік кеңесі мен АӨСШК Сараптамалық орталықтары форумының бірлескен екі жобасын жүзеге асыру бастамасы мақұлданды.

Іскерлік бағдарламасы Қазақстан, Тәжікстан және Ресейдің инвестициялық ахуалы мен мүмкіндіктері туралы тұсаукесерлер сериясымен аяқталды. АӨСШК елдері аудиториясында мұнымен қатар агроөнеркәсіп, жасыл энергия және смарт фермерлік саласы бойынша бірқатар қызықты жоба ұсынылды.

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАҒА – 30 ЖЫЛ

Григорий МАРЧЕНКО:

Девальвация жүйеленгенде, валюта бағамы басқаша қалыптасар еді

Қалам ұстап, қаржы саласын қаузап жүрген журналистердің басым көпшілігі Ұлттық банктің экс-төрағаларының бірі Григорий Марченко қатысқан баспасөз конференциясын асыға күтеді. Ол өзі қатысқан жиындардың бәрінде журналистермен еркін әңгімеге уақыт табады. Бір кездері жабық есік жағдайында талқыланған жайттардың жайын кездесу кезінде біліп аламыз. Себебі ол – Ұлттық банк тарихында екі рет төраға болған тарихи тұлға. Айтқандай, Ұлттық банктің экс-төрағасымен журналистердің биылғы кездесуі ұлттық валютамыз – теңгенің 30 жылдығы қарсаңында өтті.

Гүлбаршын АЙТЖАНБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

«Қарапайым халыққа ауыр тиетін, тіпті олигархтардың өзіне ұнай бермейтін шешімдердің басым көпшілігі Г.Марченконың тұсында қабылданды» деген пікір күні бүгінге дейін айтылады.

Осыған дейінгі кездесулерде спикеріміздің кез келген сұраққа жауабы дайын, тіпті қолайына жақпайтын сұрақтардың өзін әдемі қалжыңмен тұздықтап отырып өткізіп жіберетінін сан мәрте рет көргенбіз.

Бұл жолы да Г.Марченкомен кездесу ұжымдық сипатта өтті. Бірақ ретін тауып Қазақстандағы девальвациялар тарихын, оның ішінде сауатсыз жүргізілгендері туралы сұрағымызға қысқа болса да жауап алдық. Ұлттық банктің экс-төрағасының басшысы 1999 және 2009 жылдары девальвация жасау туралы шешім Ресейде ұлттық валютаның құнсыздануынан кейін қабылданғандықтан дұрыс болды деп санайды. 2014-2015 жылдардағы жалпы теңге 2,5 есе әлсіреген оқиғаларға қатысты оның пікірі басқаша. Марченко атап өткендей, сол кезде ұлттық валютаны қолдауға 23 миллиард доллар жұмсалды.

«Терещенко үкіметі интерофсет деп аталатын әрекетті жүзеге асырған кездегі ең сәтсіз макроэкономикалық эксперимент болды. Олар Ұлттық банкті осы шешімді қабылдауға мәжбүрледі. Сол кездегі төраға Дәулет Сембаев «халыққа қиын тиеді» деп бұл шешімді орындаудан бас тартты. С.Терещенко мен Ә.Қажегелдин мырза Президентті көндірді. Сөйтіп ол Қазақстан Ұлттық банкінің визасыз аралық есеп айырысуларды жүргізу туралы Жарлыққа қол қойды», дейді Г.Марченко.

Иә, бұл шешімнің халыққа ауыр тигенін әлі ұмытқан жоқпыз. Сол жылы үш айда айырбас бағамы бір доллар үшін 11 теңгеден 40 теңгеге дейін, яғни 3,5 еседен астам төмендеді. 1994 жылы маусымда айлық инфляция 46,5%-ды құрады. Яғни 2014-2015 жылдары бізде бірқатар макроэкономикалық қателіктер болды. Біріншіден, 2014 жылдың ақпанындағы девальвация қажеттіліктен туған жоқ. Ал 2015 жылдың қаңтарында олар өтемдік девальвацияны кейінге қалдырды. 2015 жылдың күзінде Ұлттық банк интервенция жасамай, бағамның шектен шығуына жол берді. Әуел баста ақша массасы 70 пайыздан жоғарылап, кәсіпорындарға жұмысшыларының қарызын өтеуге мүмкіндік туады. Бұл үдерісті бақылау бізге оңай болады деп үміттендік. Ал іс жүзінде керісінше болды. Адамдар қолдағы қаржысына доллар сатып алды, теңге бағасы құлдырады. Дәл осылай 2014 жылы «девальвация» болмағанда және 2015 жылдың қаңтарында «дұрыс девальвация» болған кезде валюта бағамы да басқаша қалыптасар еді.

«2015 жылдың сәуірінде бізде кезектен тыс президенттік сайлау өтті. Сайлау алдында девальвация жасауға болмайды. Сайлаудан кейін «бізде бәрі жақсы» деген сөздер айтылды. Нағыз девальвация 2015 жылдың тамызында басталды. Содан кейінгі 8 айда олар бүкіл ШОБ-ты іс жүзінде тұншықтырды. Бұл ірі экспорттаушы кәсіпорындар үшін жақсы болды, бірақ шағын және орта бизнес үшін өте қиын еді. Өкінішке қарай, девальвацияның отандық экономикаға әсері туралы бірде-бір аналитикалық мақаланы көрген жоқпын» деп атап өтті экс-төраға. Енді Ұлттық банктің экс-төрағасымен болған блиц-сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз:



Коллажды жасаған – Аманғелді ҚИЯС, «EQ»

– Теңгені айналымға енгізу туралы алғашқы идеялар айтыла бастаған кезде сіз қайда болдыңыз?

– 1993 жылы Қазақстан Республикасының тарихындағы жалғыз вице-президенті Ерік Асанбаевтың көмекшісі едім. Жаңа валюта – теңгенің басып шығарылғанын сол кезде білдім. Бұдан кейін Ұлттық банк төрағасының орынбасарларымен кездесіп, Ұлттық банк халыққа валюта айырбастауға қанша күн береді, коэффициенті қандай, бағамы қандай? – соны білуден басталды. Бірақ бұл сауалдарға нақты жауап ала алмадым. Ерік Асанбаевтың Президентке келіп, комиссия құруды ұсынғанын, ол кісінің бұл ұсынысты қолдағанын бәріңіз білесіздер.

– Сіздің 1996 жылы депозиттерге кепілдік беру қорын құруды ұсынғаныңызды « теңге тарихындағы ең тиімді шешім» деп атайды.

– Бірақ ірі банктер бұған үзілді-кесілді қарсы болғанын ешкім білмейді. Себебі олар шағын банктер үшін комиссия төлегісі келмеді. Ойым дұрыс болды, бірақ уақыты келмеді, мені ешкім қолдамады. Бірақ бұл ұсыныстың сәтті болғанын бәріңіз білесіздер... Қысқасы, Ұлттық банк төрағасы болған кезде 2000 жылы мүмкіндігіміз көтеретін жағдайдың бәрін жасадық...

– Зейнетақы реформасына қарсы шығып, сынадыңыз.

– Мемлекет басшысы кейбір шешімдер қабылдағанда, қаласаң да, қаламасаң да оны орындау керек. Жеке зейнетақы қорлары болуының кемшіліктерінен гөрі артықшылығы көп. Бұзушылықтар болғаны анық, бірақ екі ірі қор (Халық банкі зейнетақы қоры мен Мемлекеттік зейнетақы қоры) реттеуші тарапынан шағымсыз жұмыс істеді. Жеке қорларда тәртіп орнату қажет болды, бірақ оны жасау қиынға соқты.

Біздің елімізде ешқашан шынайы тәуелсіз орталық банк болған емес, сондықтан біз Президенттің тапсырмасын орындауымыз керек еді және өз жұмысымызды жақсы атқардық.

– Қандай еңбегіңізбен мақтанасыз?

– Халықтың депозиттеріне кепілдік беру жүйесі құрылғанға дейін, банк құпиясы туралы заң қолданысқа енгізілгенге дейін банктердегі депозиттер портфелі небәрі 320 миллион доллар болса, қазір бұл көрсеткіш 30 миллиардтан асты.100 есе өсті! Өзбекстанда халық саны елімізден екі есе көп, ал халықтың депозиттері небәрі 4 миллиард долларды құрайды. Жан басына шаққандағы айырмашылық 16 есе!

Содан кейін Қазақстан 1993-1998 жылдары алған несиелері үшін 2007 жылға дейін Халықаралық валюта қорына (ХВҚ) шамамен 390 миллион доллар қарыз болған кездер әлі күнге дейін көз алдымда. Бұл шынымен экономикалық тәуелсіздігімізге қауіп төніп тұрған кез еді. ХВҚ алдында қарызды дер кезінде өтемеу – тәуелділіктің бір түрі. Басқаша болса, ХВҚ-ның есігі біз үшін жабық. 2000 жылы біз ХВҚ алдынағы дер кезінде өтеп, экономикамыздың тұрақты екенін дәлелдеп шықтық.

– Сіз осыған дейін біздің елде цифрлық валютаны пайдалану идеясы 2013 жылы ұсынылғанын, Ұлттық банк орталық банктің электрондық ақша эмиссиясының схемасын ұсынатын заң жобасын әзірлегеніңізді, бірақ Үкімет оны Парламенттің қарауына жібермегенін айтыпсыз. 2013 пен 2023 жылдың арасы – 10 жыл. Қазір бұл жобаны Ұлттық банк ұсынып отыр.

– Қытай Орталық банкінің төрағасы мені Қытайға цифрлық ақша идеясын әкелген адам ретінде атап өтті. Бұл елде аталған сала тез дамығанын білесіздер. 2013 жылы біздің Үкімет бұл идеяны қолдамады. Содан кейін бұл идеяны Эквадор Орталық банкі жүзеге асыруға талпынғанын білдік. Бірақ Роберто Джори үшін электронды банкнот ұғымы маңызды болды. Бірнеше ел мұны тәжірибе жасап көрді, бірақ әзірге ешкім ештеңені жүзеге асырған жоқ. Шын мәнінде, шағын нарықтарда, долларлану деңгейі жоғары елдерде айтарлықтай күрделі мәселе болуы мүмкін. Депозиттердің 70 және одан да көп пайызы шетел валютасында болған кезі көп. Егер айналымда доллар ұлттық валютадан көбейсе, Apple, Google или IBM-нің цифрлық ұяшықтарында цифрлық теңге (ЦТ) болса, ақша массасы орталық банктің бақылауынан шығып кетеді. Даму жолына енді түскен елдерде цифрлық ақшасын енгізу ақша суррогаттарынан қорғау үшін жасалуы керек.

Цифрлы валютаны қандай форматта енгізетініміз туралы нақты шешім қабылданған жоқ, оның қаржы нарығына әсерін де ешкім айта алмайды. Таза дизайн тұрғысынан алғанда, орталық банкте, заңды және жеке тұлғада электрондық әмияндар болатын және барлық ақпарат орталық банктің серверлерінде сақталатын үлгісі бар.

АЛМАТЫ

БОЛЖАМ

S&P: Банк секторындағы мүмкіндіктер шектеледі

Банк секторындағы цифрлану үрдісі келер жылы да негізгі тренд болып қала береді, сонымен қатар банктер 2024 жылы рекордты табысқа қол жеткізуі мүмкін. Бұл туралы S&P Global Ratings рейтинг агенттігі мәлімдеді. Агенттік есебінше, алдағы уақытта банктердің 15-17 пайыз жиынтық шығыны цифрлы трансформацияға бағытталады. Бұл шығындардың бір бөлігі жеке деректерді қорғау және киберқауіппен тікелей байланысты.

Абай ҚАЗЫБЕКҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

S&P Global Ratings «Қаржы институты» бағыты бойынша директор Сергей Вороненконың сөзінше, 2024 жылы банктердің жиынтық кірісі тұрақты динамикаға ие болады, тіпті рекордтық деңгейге жетуі мүмкін.

«Бұл тапқан пайда көлемі бойынша рекордтық жыл болады. Сондай-ақ біз капиталға орташа қайтарымды 25-30 пайыз көлемінде күтеміз, бұл әлемнің көптеген дамушы экономикаларымен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Банктер табысының мол болуы несие бойынша сақталып отырған жоғары пайыздық мөлшерлемелерге де байланысты. Әрі банк секторы активтерінің басым бөлігі бағалы қағаз, өтімді активтерде орналастырылған. Бұл қаржы институттарына өз табысын еселей түсуге мүмкіндік береді. Соңғы бірнеше жылда несие портфелі біршама өсті, әсіресе жоғары маржалы бөлшек портфель», дейді сарапшы.

Агенттіктің базалық сценарийіне сәйкес банктердің несие портфелінің өсімі біртіндеп баяулайды, өйткені ипотеканы субсидиялау бағдарламасы әзірге тоқтап тұр. Дегенмен банктердің бұрын берген несиелері есебінен жинайтын пайыздық табыстың шыңы келер жылға сәйкес келетін тәрізді. S&P бағалауы бойынша, Қазақстандағы банктер үшін жақын болашақта пайыздық кірістің одан әрі өсуі және пайыздық маржаны күшейту мүмкіндіктері өте шектеулі. Осыған байланысты банктер бұл шектеулерді комиссиялық кіріс арқылы өтей алады. Әрине, комиссия енді маңызды рөл атқара бастайды. Қазір клиенттердің комиссиялық табысы үшін алты банк тобы қатты бәсекеге түсіп жатыр», дейді агенттік өкілі.

Мұндай үрдіс, әрине, қаржы институттары арасындағы бәсекені күшейтіп, өз кезегінде банктердің цифрлық инфрақұрылымды жақсарта түсуіне жол ашады.

Сарапшылар банктердегі несие көлемінің депозитке қарағанда екі есе жылдам өсетінін де хабарлайды.

«Жанама көрсеткіш – бөлшек несиенің бөлшек депозитке қатынасын да ескермей кетуге болмайды. Соңғы екі жылда бөлшек несие портфелі шамамен 30-40 пайызға өсті, ал бөлшек депозит портфелі 2021 жылы – 22 пайызға, 2022 жылы 16 пайызға өсті. Бұл бөлшек несиелеу өсімімен салыстырғанда екі есе төмен. Алайда бөлшек несиелеу өсімі қарқынының баяулай бастауы алдағы кезеңдерде банк секторының дамуына оңынан әсер етуі мүмкін деп санаймыз. Ұзақмерзімді перспективада несие шығындарының құны 1 пайызға дейін төмендеуі мүмкін, бұл бұрын-соңды болмаған тарихи минимум», дейді Сергей Вороненко.

Бұл ретте бөлшек несие өсімінің баяулауына тұрғын үй қарызына деген сұраныстың азаюы және бөлшек сауда сегментіндегі реттеудің күшеюі ықпал етпекші.

Қазіргі уақытта елдегі жеке тұлғалар рәсімдеген несие көлемі 18 трлн теңгені маңайласа, қарыз алушылар саны – 8 миллион адам. Сарапшы сөзінше, елдегі несие қарызына қатты батқан аймақтар – ең ірі мегаполистер – Алматы, Астана және Шымкент екен. S&P Global Ratings есептеуінше, Қазақстанда халықтың 75 пайызында әлі төленіп бітпеген тұтынушылық несие бар. Сарапшы борыштың аймақтық тұрғыда да, жалпы халық арасында да бөлінісі біркелкі емес екенін айтады. Сонымен қатар үй шаруашылықтары жалпы қарызының ІЖӨ-дегі үлесі 13 пайыз болған. Оның айтуынша, табысы төмен халықтың қарызды көптеп алуы банк секторына алдағы уақытта қиындық тудыруы мүмкін. Бұған қоса пайыздық мөлшерлеменің төмендеуі де халықтың несиеге деген тәбетін арттыра түсуі әбден ықтимал.

Сарапшы пайымынша, соңғы бірнеше жылда банк секторы құрылымының өзгеруіне бірнеше фактор әсер етті. Олар – банктік бақылаудың күшеюі, бөлшек несиелеуге қатысты тәуекелдерді мейлінше салмақты басқару, валюталық несие үлесінің азаюы. Қазіргі уақытта валюталық несие үлесі 2014 жылғы 35 пайыздан біраз азайды, қазір 10 пайыздан да төмен. Оның есесіне ипотекалық несиелеу үлесі артып келеді. Қазір оның үлесі – 35 пайыз. 2017 жылы 25 пайыз болған.

S&P сарапшылары алдағы бірнеше жыл бедерінде Қазақстан ішкі жалпы өнімі (ІЖӨ) төмендейтінін айтады. Аналитиктер дерегінше, 2024 жылы ІЖӨ – 4 пайызға өседі, ал 2025 жылы – 3,5 пайыз, 2026 жылы 2,7 пайыз болмақ. Биыл ІЖӨ 4,7 пайызға жетпек.

«Ең бірінші кезекте салық-бюджет саясатының қатаңдауына байланысты Қазақстанның экономикалық өсімі баяулауы мүмкін деп күтеміз. Біздіңше, инфляция 2023 жылы 14 пайыз болады және 2026 жылға дейін біртіндеп 5 пайызға түседі. Қазақстан экономикасының мұнай секторына шоғырлануы және Каспий құбыр консорциумының (ККК) құбыр желісі арқылы мұнай экспорты – бұл ел экономикасы үшін осалдықтың негізгі факторлары», дейді дамушы нарықтар бойынша экономист Валерий Резвый.



Инфографиканы жасаған – Аманғелді ҚИЯС, «EQ»

Агенттік сонымен бірге, АҚШ, Қытай және Еуроаймақтағы экономиканы не күтіп тұрғанына барлау жасайды. Олардың жорамалы бойынша аталған үш аймақта жақын арада монетарлық саясат қатаңдап, экономикалық өсім баяулайды, тиісінше инфляциялық тәуекелдер сақталады. S&P Америка экономикасының ішінара қызып кеткенін айтады. Бұған әсер еткен факторлар – қатаң еңбек нарығы, өте жоғары экономикалық өсім (2023 жылы үшінші тоқсанда экономикалық өсім 4,9 пайыз болды) және жоғары инфляция. Сондықтан 2024 жылдың соңында пайыздық мөлшерлеме тағы да жоғарылауы мүмкін дейді агенттік сарапшылары. Оған дейін ол жоғары деңгейде (қазіргі уақытта 5,2-5,5 пайыз) сақталады. Сонымен бірге агенттік болжамы бойынша келесі жылы бұл көрсеткіш 4,5 пайызды құраса, 2026 жылға қарай 2,6 пайызға дейін төмендейді. Әрине, мұның барлығы белгілі бір деңгейде ел нарығына да әсерін тигізбей өтпейді.

Агенттік аналитиктерінің болжауынша, биыл жыл соңында долларға қатысты теңге бағамы 465 теңге болады, 2024 жылы 475 теңге маңайында қалыптасуы мүмкін.

Сонымен қатар агенттік 2023 жылдағы Қазақстанның экспорттық көрсеткіші 2,5 пайыздық өсумен тәмамдалса, 2024 жылы – 3,5 пайызға, ал 2025 жылы 3,7 пайызға дейін өсім көрсетеді деп болжайды.

ЖОЛДАУ ЖҮГІ

Атом энергетикасының ертеңі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол өз қызметі барысында ғылыми-техникалық базасын сақтап қана қоймай, айтарлықтай кеңейтіп, бірқатар арнайы эксперименттік стендтер құрды. Атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында кең ауқымды зерттеулер жүргізуге арналған заманауи аспаптар мен зертханалық талдамалық жабдықтардың үлкен кешенін сатып алды. Оған қажет мамандардың басым көпшілігін өздері оқытып, дайындады. Іс-шара барысында қазақтың ядролық физика саласындағы бірнеше жас маманын көріп таныстық. Заман талабына сай білім алып, ядролық энергетиканың білікті мамандарына айналған жастар ел болашағына үлкен сеніммен қарап отыр. Ондағы ғылыми жұмыстардың бел ортасында еркін зерттеу жүргізіп жатқан жастардың бірқатарын сөзге де тарттық. Ол туралы кейінірек әңгімелейміз.

Қазақстанда атом энергетикасын дамыту

«Қазіргі заманғы атом энергетикасының қауіпсіздік мәселесіне ерекше назар аударылады. Біздің басты құзыреттеріміздің бірі – барлық дерлік әлемдік атом-энергетикалық технологияларды әзірлеушілермен және өнім берушілермен жүргізіліп жатқан келешекте және қазіргі уақытта пайдаланылатын ядролық энергетикалық реакторлардың қауіпсіздігін арттыру жұмыстары. Атап айтқанда, ҚР ҰЯО жылу нейтрондарындағы жеңіл сулы ядролық реакторлардағы ауыр аварияларды басқару процедурасын жетілдіру бойынша бірегей зерттеулер кешенін ойдағыдай жүргіздік. Олардың үлесі бүгінде әлемде қолданылатын реакторлардың барлық түрінің 80%-дан астамын құрайды. Жапондық серіктестеріміз – «Toshiba Corporation» және «Marubeni Utility Services» компанияларымен бірлесіп бірнеше ірі ғылыми-зерттеу жобасы іске асырылды. Бұл зерттеулердің нәтижелері Жапонияның қолданылып жүрген және жобаланып жатқан реакторларында нақты қолданыс тапты», деді «Ұлттық ядролық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Эрлан Батырбеков.

Орталықтың зерттеулерінде сұйық металл салқындатқышы бар шапшаң нейтрондардағы перспективалық IV буын реакторларының қауіпсіздігі бойынша жұмыстар ерекше орын алады. Жапонияның Атом энергетикасы агенттігінің тапсырысы бойынша көпжылдық EAGLE халықаралық зерттеу бағдарламасының эксперименттік бөлігі сәтті аяқталған. Алынған бірегей эксперименттік деректер болашақ перспективалық ядролық реакторлардың актив аймағының балқуымен болатын ауыр авария туындаған жағдайда оның салдарын азайтуға бағытталған техникалық шешімдерді негіздеуде пайдаланылады екен. 2019 жылы ҰЯО Францияның Атом энергетикасы және баламалы энергия көздері жөніндегі комиссариатымен (CEA) SAIGA жобасы бойынша келісімшартты іске асыруға кіріскен. Оның мақсаты – жылу тасығыш шығынымен болған авария жағдайында жобаланатын шапшаң нейтрондардағы IV буын ASTRID реакторының отын жинағының жай-күйін зерттеу.

> ҰЯО-ДА БОЛҒАНДА ҒАЛЫМДАРЫМЫЗ ӨТКЕН 33 ЖЫЛДЫҢ ӘР КҮНІ МЕН ӘР СӘТІН БОС ЖІБЕРМЕУГЕ ТЫРЫСЫП, АҚЫЛ-ОЙ ЕҢБЕГІМЕН ТЫНЫМСЫЗ ШҰҒЫЛДАНҒАНЫНА КӨЗІМІЗ ЖЕТТІ. АЙТПАҒЫМЫЗ, ДАМУДЫҢ ШЫРҚАУ БИІГІНЕ ЖЕТКЕН ЕЛДЕРДІҢ ҒАЛЫМДАРЫМЕН ҚАТАР ЖҮРІП, АТОМ ЭНЕРГИЯСЫ САЛАСЫНДА ТОЛАЙЫМ ЕҢБЕК ЕТІП ЖАТҚАН ҒАЛЫМДАРЫМЫЗҒА СЕНІМ АРТЫЛСА, ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАЙ ҚИЫНДЫҚТАН ДА ЕЛІМІЗДІ АМАН АЛЫП ШЫҒАРЫ КӘДІК

«2021 жылы ресейлік БРЕСТ-ОД-300 шапшаң нейтрондардағы жаңа реакторының инновациялық аралас нитридтік уран-плутоний отынын реакторлық сынау бағдарламасы сәтті орындалды. Бүгінгі таңда ҰЯО Қазақстанда АЭС құрылысына дайындыққа ғылыми-техникалық қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді. Бұл бағытта біздің кәсіпорын негізгі қатысушылардың бірі болып саналатын жұмыстар мен зерттеулердің үлкен көлемі орындалды. Зерттеулерде АЭС орналастыруда басымдық берілген аудандар көрсетілген. Бұл – Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Үлкен кенті және Абай облысының Курчатов қаласы. Қазақстан жағдайында салуға арналған реактор қондырғысының оңтайлы түрі де анықталды. АЭС қауіпсіздігінің қажетті аспектілері қаралды, қолда бар және қажет етілетін инфрақұрылымға, радиоактивті қалдықтармен және пайдаланылған ядролық отынмен жұмыс істеуге, құрылыстың ықтимал схемаларына, жобаны басқару және тағы басқа көптеген мәселеге талдау жасалды», деп сөзін жалғады бас директор.

Саланың елеулі еңбегі

Өткен Республика күні ұлттық мерекесінде ҰЯО-ның бірқатар ғалымдары мен мамандарының ондаған жылдан бергі еңбектері еленіп, өзінің әділ бағасын алып, лайықты марапатталғаны көпшілік қауымға мәлім. Ел Президентінің Жарлығымен Энергетика министрлігінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Эрлан Батырбеков бастаған бір топ ғалым «Қазақстан Республикасында атом-энергетика саласын құруға және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу стратегиясын іске асыруға арналған әлемдік деңгейдегі зерттеулер мен әзірлемелер» атты жұмысы үшін ғылым мен техника саласындағы 2023 жылғы әл-Фараби атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Атап айтсақ, авторлық ұжымның құрамында ғылыми жұмыста орасан зор тәжірибесі бар ҰЯО РМК-ның жетекші ғалымдары кіреді. Олар «Атом энергиясы институты» филиалы директорының бірінші орынбасары Виктор Бакланов, орталықтың бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары Владимир Витюк, орталықтың бас инженерінің орынбасары Денис Зарва, «Атом энергиясы институты» филиалы директорының материалтану зерттеулері жөніндегі орынбасары Ерболат Қоянбаев, РМК бас ғылыми қызметкері Мәжін Сқақов, «Атом энергиясы институты» филиалының бас ғылыми қызметкері Ирина Тәжібаева, «Атом энергиясы институты» филиалының термоядролық зерттеулер бөлімінің бастығы Бауыржан Шектібаев. Осы ғалымдар мен мамандар ондаған жылдар бойы жүргізген жұмыста атом энергетикасын дамытуға және оның қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ басқарылатын термоядролық синтез технологияларын дамытуға бағытталған, отандық ғылымның осы жоғары технологиялық салалардағы озық позицияларын қамтамасыз еткен және елімізде ядролық-энергетика саласын құруға негіз қалыптастырған зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелері ұсынылған.

Реакторлық және реактордан тыс қондырғыларда эксперименттік бағдарламалар іске асырылып, бұл актив аймақтың балқуымен болатын энергетикалық ядролық реактордағы ауыр аварияның дамуымен ілесе жүретін үдерістердің параметрлері туралы бірегей мәліметтер алуға мүмкіндік берді. Эксперименттік база жаңғыртылып, зерттеулерді жоғары сапалы деңгейде орындауға мүмкіндік беретін жаңа әдістемелік тәсілдер әзірленді. ИВГ.1М ядролық зерттеу реакторы жаңғыртылып, жоғары байытылған уран отынынан төмен байытылған отынға ауыстырылды. Сондай-ақ реактордың пайдалану сипаттамалары айтарлықтай жақсартылды. Бірқатар сипаттамасы бойынша сәулеленген ядролық материалдармен жұмыс істейтін атом саласындағы шетелдік ғылыми ұйымдарының мүмкіндіктерінен асып түсетін бірегей материалтану кешені құрылды. Реактор жасаудың конструкциялық материалдарына зерттеулер жүргізіліп, материалдардың бетін қатайтудың жаңа технологиялары жасалды.

Әлемде баламасы жоқ қазақстандық КТМ термоядролық материалтану токамагы кешені мен имитациялық сынақ стенді құрылып, пайдалануға берілді. Токамактың плазмалық разрядының сипаттамалары бойынша бірегей деректер алынды. Қондырғылардың жұмысына, плазма физикасы және термоядролық материалтану бойынша зерттеулер жүргізуге жан-жақты әдістемелік қолдау көрсетілді. Соның арқасында елімізде жаңа сынақ базасы, бірегей зерттеу тәжірибесі және басқарылатын термоядролық синтез бойынша жаңа ғылыми деректер пайда болды. Біздің ғалымдардың еңбегінің арқасында арнайы ғылыми білім мен жаңа біліктілікке қол жеткізілді. Жұмыс нәтижелері халықаралық және республикалық деңгейде кеңінен танылған.

ҰЯО-да болғанда ғалымдарымыз өткен 33 жылдың әр күні мен әр сәтін бос жібермеуге тырысып, ақыл-ой еңбегімен тынымсыз шұғылданғанына көзіміз жетті. Айтпағымыз, дамудың шырқау биігіне жеткен елдердің ғалымдарымен қатар жүріп, атом энергиясы саласында толайым еңбек етіп жатқан ғалымдарымызға сенім артылса, энергетикалық қай қиындықтан да елімізді аман алып шығары кәдік. Осы күнге дейін бұл салада бірде-бір маманы немесе саланың тереңнен тартып білер ғалымы жоқ өзбек елі таяу жылдарда екі бірдей АЭС салып, өзінен артылғанын көршілеріне энергия көзін сатып, қаражат табудан үмітті. Ал алып Қытайда қазір 20 АЭС-тің құрылысы қатар жүргізіліп жатыр екен. Алдағы 2040 жылға дейін олардың санын 40-қа жеткізуді берік мақсат етіп қойыпты. Осы елдердің ортасында отырып қыруар ғалымы мен мамандары бар салада әлеуеті зор саналатын Қазақ елі көршілер көшінен қала қоймас деген сенімдеміз.

АСТАНА – КУРЧАТОВ – АСТАНА

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

Экспорт-кредит агенттігінің келешегі зор

Елімізде отандық кәсіпкерлердің сыртқы нарықтағы мүддесін қорғап, қаржылық қолдау көрсететін, сондай-ақ шетелдік сауда ұйымдарымен тікелей байланыс орнататын толыққанды Экспорт-кредит агенттігі құрылатын болды.

Жомарт ОСПАН,
«Egemen Qazaqstan»

Бұл жөнінде жақында Президент қабылдауында болған «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма төрағасы Нұрлан Байбазаров мәлімдеді. Қазіргі таңда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінде экспорт-кредит агенттігі мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтыру енгізу және шикізат емес тауарлардың экспортын дамыту туралы» заң жобасы талқыға түсіп, Мәжіліс қарауына өтті.

Кез келген мемлекеттің экономикасын алға сүйрейтін негізгі басымдықтардың бірі экспорт қызметі екені белгілі. Оның ішінде шикізат емес тауарлардың сыртқы айналымдағы үлесін айрықша атап өткен жөн. Шағын және орта бизнес ұлттық экономиканың маңызды драйвері екенін ескерсек, олардың экспортқа шығып, сауда көлемін арттыруы – осы саланың жан-жақты даму көрсеткіштерінің бірі. Бүгінде тауарларын экспортқа шығаратын компаниялар үшін ең басты кедергі қаржы тапшылығы болып отыр. Осы ретте Экспорт-кредит агенттігінің (ЭКА) маңызы мен қажеттігі айқын байқалады.

Бүгінде ЭКА қызметін «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ атқарады. Ұлттық компания шикізат емес сегменттің отандық экспорттаушыларына қолдау білдіреді және олардың шетелдік нарықта қолайлы әрі қауіпсіз жағдайда саудаласуын қамтамасыз етумен айналысады. Алайда «KazakhExport» елдегі бірден-бір мамандандырылған сақтандыру компаниясы болғанымен, ЭКА міндетін атқару үшін заң шеңберінде тиісті мәртебесі жоқ. Бұл компанияның аяқ-қолын тұсап отыр.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ басқарма төрағасы Аслан Қалиғазинның айтуынша, отандық бизнес, оның ішінде экспорттаушылар қызметіне қатысты заң нормаларына нақты өзгерістер қажет.

«Агенттік шикізат емес экспортты дамыту және оның көлемін арттыру бойынша жұмыс істейтін болады. Қысқаша айтқанда, даму институтының функцияларын мойнына алады. Бұл мақсатта ЭКА мәртебесі біздің компанияға сақтандыру, қайта сақтандыру, кепіл болу, экспорт саудасын қаржыландыру, экспорттаушылар шығындарының бір бөлігін өтеу, сонымен қатар сервис бойынша бастаныаяқ қолдау көрсету мүмкіндігін ұсынады», дейді компания басшысы.

Экспорт-кредит агенттігі қызметі аясында шетел нарығы тереңірек талданады, сондай-ақ олардың қандай тауарға мұқтаж екені жүйелі сарапталады. Мұның нәтижесінде экспорт бизнесіндегі төлем мүмкіндігі жоғары елдермен тұрақты байланыс орнатылады.

ЭКА шикізат емес өнімді экспорттаушылар, отандық тауарларды өндірушілер, шағын, орта және ірі бизнес өкілдерімен жұмыс істейтін болады. Айта кету керек, агенттік қызметі ерікті негізде көрсетіледі, яғни экспорттаушылар үшін ЭКА құралдарын пайдалану қазіргідей міндеттелмейді. Агенттік тек экспорттаушыларды қолдау үшін нақты ұсыныстар білдіретін болады. Бұл бизнес пен агенттік арасындағы қарым-қатынасты мейлінше тиімді етеді.

«Қаржы-сақтандыру құралдарын қолдану сатушы мен сатып алушының экспорттық-импорттық саудасын едәуір арттырады. ЭКА көмегімен қос тарап сыртқы кепілдікке ие болады. Бұл дегеніміз қаражат аударылымының уақтылы жүзеге асатынын білдіреді. Оның нәтижесінде болуы мүмкін проблемалардың жолы кесіледі», дейді А. Қалиғазин.

Сонымен қатар ұлттық компания басшысы трансформацияға қатысты жоспарларымен де бөлісті: «Отандық банктердің шетелдік әріптестер үшін ұсынатын қаржыландыру бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау бағдарламасын іске қосу ойда бар. Бағдарлама отандық жоғары технологиялық тауарлар мен қызметтерді сатып алу бойынша ғана жұмыс істейді. Дәл осы қадам экспорттаушыларымыздың сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті болуын, клиент базасының артуын, сондай-ақ өз өнімдеріміздің сапасы мен көлемін арттыруды көздейді», деді.

Қазіргі уақытта «KazakhExport» ЭСК» АҚ портфелінде экспорттаушыларға қолдау көрсететін 18 жоба бар. Жаңа агенттіктің құрылуымен енді тың мүмкіндіктерге жол ашылмақ.

ҮКІМЕТ НАЗАРЫНА

Қазақтың еділбай қойы

Төрт түліктің ішінде қазақ халқы қой малына ерекше ықылас танытқан. «Мал өсірсең, қой өсір, табысы оның көл-көсір», деп бабаларымыз бекерден-бекер айтпаған болса керек. Бірақ соның көбі сөзде болғанымен, істе божырап, кей тұста берекесіз тірлік болып жататыны да жасырын емес. Қазаққа тиесілі байтағымыздың астын айтпағанда, үстінде де мол байлық бар екеніне ешкім күмән келтірмейді. Сол байлықтың бірі – қазақтың құйрықты қойлары. Бүгінде дүние жүзінде 15 құйрықты етті-майлы бағыттағы қой тұқымы өсірілсе, соның 6-ы – біздің елімізде, қой малы басының 90 пайызға жуығын құрайды.

Коллажды жасаған – Аманғелді КҮЯС, «EQ»

Халықтық селекция жемісі

Республикадағы барлық биязы, жартылай биязы, кросбредшен деген тұқымның аналығы – қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойы. Кейіннен кейбір қасиеттері еділбай қойымен жақсартылған. Еділбай қойы еліміздегі құйрықты қойлардың барлық тұқымы мен тұқымдық топтары, тармақтарының жақсартушысы болып есептеледі.

Кезінде қазақтың құйрықты қойларының түрлі тармақтарын зерттеу үшін ұйымдастырылған Бүкілодақтық ғылым академиясы мен Мәскеу зоотехния институтының экспедициясы бұл қойлардың ішінде 22 географиялық нұсқалар мен тармақтарды анықтады. Зерттеулердің деректеріне сүйеніп академик М.Иванов оларды үш топқа бөлген. Ірі топқа: еділбай, темір, шажы-сламхан, қостанай, терісаққан, ырғыз-шалқар, бағаналы, бесата және басқа; орташа: құм, торғай, қотан-балқаш, сарысу, шу, қарқаралы, балқаш бойы, зайсан, алтай және басқа; майда топқа: меркі, жетісу, ертіс бойы, орыс, адай, түрікпен-шымкент, асы-шиелі және басқа қой тармақтарын жатқызды.

Көптеген белгілі ғалымдардың пікірінше осы қой тұқымдарының ішінде ең бағалы тұқымдық және іс жүзінде құндылығы бар, өзіне бүкіл жер бетінде теңдесі жоқ және дүние жүзіндегі қой шаруашылығының алтын қоры деп еділбай қойы тұқымын санайды. Өйткені бұл түр – ғасырлар бойы халықпен бірге өсіп келе жатқан қой тұқымы, қазақтың төл тұқымы, халық селекциясының жемісі.

Еділбай қойы XIX ғасырдың аяғында Батыс Қазақстан облысы бұрынғы Фурманов және Қазталов ауданының жерінде, Еділ өзені бойын қоныстанған қазақтардың табиғи іріктеу және өзіндік селекциясы нәтижесінде шығарылған. Жалпы, «еділ бойының қойы» деген сөз тіркестерінен гөрі, «еділбай қойы», деп айтуға жеңіл, ыңғайлы болғасын атап кеткен.

Өзіндік биологиялық ерекшелігі

Мал мамандары бұл қойды сыртқы тұлғасының беріктігіне, кеудесінің кеңдігіне, төс сүйегінің шығыңқылығына, жалпы сүйегінің беріктігіне, төлдерінің тез жетілгіштігіне, табиғи қатаң қысқы жайылымға төзімділігіне қарай іріктеген.

Еділбай қойының еті дәмді, құнарлы болады. Әсіресе 4-5 айлық қозыларының еті мейлінше сіңімді келеді. Бұл қойлардың ет алу ерекшелігіне бұлшық еттерінің жақсы жетілуі, жоғарғы биологиялық және тамақтық құндылығы жатады. Олар тез жетілгіштік қасиетінің арқасында еркек тоқтыларды 12 айында сойған кезде ұшасындағы бұлшық ет-сүйек қатынасы сақа қойлардың көрсеткішіне сай келеді.

Академик Қ.Медеубеков еділбай қойын қаракөл қойы мен ақалтеке жылқысы сияқты селекциясы жетістігінің озық үлгісі деп санайды. Қазақ елі бұл тұқымды мақтаныш тұтады, сондықтан оны сақтап, санын арттыра беру қажет.

Дәрігер-диетологтер еділбай қойы етінің құрамында холестерин мөлшері басқа мал етіне қарағанда төмен екендігін айтады. Профессор П.Кияткин «Курдючные овцы и племенная работа с ними» атты еңбегінде: «Құйрықты қойлардың етінің романов, меринос және басқа солтүстікте өсірілетін қойлар сияқты сүйкімсіздеу, иісі мен дәмі болмайды; олардың еті шырынды, жағымды иісті, өте дәмді, тез қорытылады және жоғары қуатты болып келеді. Құйрықты қойлардың етін пісіргенде ағылшынның етті тұқымдарының еті сияқты сорпа көбіктенбейді, шөгінді қақ бермейді. Құйрық майының балқу температурасы меринос, ағылшын етті қойларының майына, әсіресе, ірі қара етінің майына қарағанда төмен келеді» деп жазған.

Еділбай қой тұқымының құйрық майын зерттеу нәтижесінде профессор П.Кияткиннің деректері бойынша бір жасар ісектің құйрық майының балқу температурасы 34 C^0-ты, 2 жасарында – 36 тиісінше, 3 жастағысында 41-42 C^0-ты құрайды, ал меринос қойларының құйымшақ майларында бұл көрсеткіштер ретіне сай – 43-45, 30-31 C^0, сиыр майында – 51-36 C^0.

Ал біз жүргізген еділбай қойының құйрық майын зерттеу нәтижелеріне келетін болсақ, Атырау облысы «Сүйіндік» шаруашылығында сойылған 4,5 айлық еркек қозыларының құйрық майының балқу және тоңазу температурасы 33,5 және 22,3 C^0, йодтық саны 41,21-ді құрады. Бұл көрсеткіштер еділбай қозы құйрықтарының тағамдық құндылығының өте жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.

1987 және 1990 жылдардағы Қазақ КСР ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесінің чемпиондары – №3547-3472 және 4206-3651 қошқар мен аналықтың салмақтары тиісінше 143 және 125 килоны, 1958 жылы Мәскеу қаласында көрсетілген қошқардың салмағы 167 килоны құрады. Еділбай қойлары дене тұлғасының ірілігі мен тірі салмақ көрсеткіштері бойынша тек гиссар қойларынан ғана сәл төмен деңгейде, ал жүн түсімі мен сапасы олардан едәуір жоғары. Ал еділбай қойының ауа райына бейімделгіштік қасиетін есептей отырып, еліміздің әртүрлі климаттық және азықтық жағдайларымен ерекшеленетін кең-байтақ даламыздың кез келген өңірінде алаңсыз бағуға болады.

Еділбай қойларының өте бағалы тұқымдық материалдық генетикалық көзі ретінде халық шаруашылығында үлкен маңызы бар. Бұл қой тұқымының қаны елімізде өсіріліп отырған барлық қылшық жүнді және жартылай қылшық жүнді құйрықты қойларды шығаруға, өнімділік-қасиеттерін жақсартуға кеңінен қолданылып келеді. Алынған қозылардың өміршеңдігі жоғары, табиғи-климаттық жағдайларға бейімделгіш келеді.

Әлемдегі қой шаруашылығында халықтың азық-түлікке деген сұраныстың өсуіне байланысты қой етін, әсіресе қозы етін өндіру жоғарылауда. Осыған сәйкес дүние жүзіндегі барлық мемлекетте ет бағытындағы қой шаруашылығын дамытудың ұлттық жоспары жасалып, іске асырылуда. Бұл саладағы өндірілетін бүкіл өнімнің жалпы құнының 80-90%-ы қой етінің үлесіне тиеді, сондықтан ет бағытындағы қой шаруашылығын өркендетуге көңіл аударылуы заңды. Себебі ішкі және сыртқы нарық кеңістігінде жоғары сұранысқа ие сапалы қой еті, әсіресе қозы етін көптеп өндіруге көңіл аударылып келеді. Қазіргі нарықтық жағдайда халық қандай қой тұқымын өсіру қажеттілігін өзі біледі. Бұрынғыдай нұсқау жасау жоқ. Тек оларға өсіріп отырған малдарының өнімділік сапасын арттыруға селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету керек.

Сонымен бірге бұл қой тұқымдарынан кілем, кілемдік бұйымдар, киім және тұрмысқа қажетті заттар жасау үшін қылшық және түбіт аралас жүн, ішіктік, тондық тері шикізаттары өндіріледі. Ата-бабаларымыз оның күзгі терісінен тон, қысқы терісінен тұлып тігіп пайдаланған. Осыларды ескерсе, Үкімет елімізде қой шаруашылығын дамытуды кеңінен қолдауы қажет.

Қазірде еліміздегі таза тұқымды еділбай қойының нақты санын ешкім айта алмайды. Өткен ғасырдың 90-жылдарында елімізде 1 млн-ға жуық еділбай қойы бар деп көрсетіліп жүрді. Бұл санға қазақтың қылшық жүнді қойларының да кейбір отары кіріп кетуі мүмкін. Ал 2010 жылдары Қазақ қой шаруашылығы ҒЗИ ғалымдарының есебінше таза тұқымды еділбай қойының саны республика бойынша 200 мың бас шамасында болар деген болжам айтылды және олар Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Ақмола, және Алматы облыстарының шаруашылықтарында өсірілді. Ал өзге аймақтарда кейбір жекелеген шаруашылықтар болмаса, еділбай қойы кең таралмаған.

Республикалық статистика агенттігі мәліметіне қарасақ, мал басы және оның өнімдері жылма-жыл бірқалыпты өсіп келеді. Ал мамандық тұрғыдан қарасақ төрт түліктің даму қарқыны мен олардың өнімділігі нақты мүмкіндіктерге сәйкес емес.

Бүгінгі таңда елімізде еділбай қойын өсіріп-жетілдірумен айналысатын бірнеше асыл тұқымдық мал зауыттары мен тұқымдық мал шаруашылықтары бар. Оларда еділбай тұқымы қойларын жетілдіру және селекциялау, асылдандыру жұмыстарды, қазақ қой шаруашылығы ғылыми зерттеу институты ғалымдарының ғылыми жетекшілігімен 2019 жылға дейін жүргізіп келді. Соның нәтижесінде, Батыс Қазақстан облысының «Бірлік» тұқымдық мал зауытында, Атырау облысының «Сүйіндік» тұқымдық мал зауытында, Мақаш атындағы және Құрманғазы атындағы тұқымдық мал зауыттарында еділбай типтес «Аққарабас» қой тұқымын шығарудың селекциялық жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұл шаруашылықтардың басты міндеті – республиканың өзге өңірлерінде осы тазақанды еділбай қойының төлін сатып, оның өсірілуіне ықпал жасау.

Еділбай қойын еліміздің әртүрлі климаттық және азықтық жағдайларымен ерекшеленетін барлық аумағында өсіруге болады. Жалпы, құйрықты қойлар еліміздің құрғақ дала, шөл мен шөлейтті аймақтардың табиғи жайылым жағдайларына тамаша бейімделген, тез өсіп жетілгіш және сирек шөп қорын жақсы да тиімді пайдаланып, тез оңалады.

Өсімтал тұқымды сапаландыру жолы

Әйтсе де, еділбай қойына қатысты әлі де атқаратын шаруа баршылық. Мәселен, біз оның бойынан бұдан 40-50 жыл бұрынғы еттілік пен салмақтылықты көре алмай келеміз. Еділбай қойын өсіруге ұмтылыс та, ықылас та бар, тек олардың өнімділігін, тұқымдық қасиеттерін жоғарылатуға дұрыс көңіл бөлінбей келе жатыр. Ал қазіргі мал өсірумен айналысатын шаруашылық құрылымдардың көпшілігінде зоотехник маманының жоқтығынан, зоотехникалық жұмыстар нақты жүргізілмеу салдарынан малдың тұқымның нәсілдік мүмкіндіктері дұрыс пайдаланылмайды. Шаруашылықтарда селекциялық асылдандыру жұмыстарын жүзеге асыра алатын, малдың тұқымдық сапасы мен қасиеттерін ажырата білетін мал мамандары аса қажет. Себебі «іс тетігін кадр шешеді» деген қағида қай заман болса да өз күшінде қалады, оны өмірдің өзі дәлелдеген.

Еділбай қойы тұқымын жақсарту жолдары мынандай мақсаты нәтижелер жүргізуге байланысты:

- малдың конституциялық беріктігін сақтап, жетілдіре түсу, тұқымның тірілей салмағы, өміршеңдігі мен өнімділігін жақсартады;

- шаруашылық құрылымдарда қой малының тұқымын, сапасын ажырата алатын, мақсатты селекциялық-асылдандыру жұмыстарын сауатты түрде жүргізе білетін мамандармен қамтамасыз ету;

- еділбай қойының тірілей салмағы мен кейіптерін онан әрі арттыру, бұл арада ұрғашы тоқтылар туылған жылы шағылысқа жібермеу, еркек қозыларды 4,0-4,5 жасында отардан бөлек бағу немесе тарттырып жіберу;

- тұқымның құрылымдық жүйесінің мүмкіндіктерін өз мәнінде пайдалану, ол үшін белгілі бір өнімділік бағытында шығарылған тұқымдық сүле, не желі малдарын пайдалану, олар қатардағы малдарды пайдаланғанмен салыстырғанда 2-3 есе жылдам нәтиже беретіндігі анық;

- асыл тұқымды еділбай қойын өсіретін шаруа қожалықтарында әртүрлі тұқым аталықтарын пайдалану, яғни мал басының азып-тозуын болдырмау;

- жалпы еліміздегі қой малының тұқымдық құрамын анықтау үшін экспедициялық зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, оған саладағы тәжірибелі мамандар, ғылыми зерттеу институттарының білікті ғалымдары қатыстырылуы қажет;

- тұқымдық мал шаруашылықтарында қай тұқым малы өсірілуде, өнімділік деңгейінің асыл тұқымдық мал талаптарына сәйкестігіне және селекциялық асылдандыру жұмыстарының деңгейін аттестаттау;

- республикадағы қой шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының жұмысын жандандырып, шаруашылықтарда мал тұқымдарымен селекциялық жұмыстарды жүргізу және мал өсіру мен асылдандыру жөніндегі ұсыныстарын негізге алу.

Еділбайдың ертеңі қандай?

Өзге мал тұқымы құрып кетсе қайта жандандыруға болар, ал тазақанды еділбай қойы жойылса, ол ешқашанда қалпына келмейді. Біздің міндетіміз – ғасырлар бойы бабаларымыздан мирас болып келе жатқан еділбай қойын сол күйінде келер ұрпаққа жеткізу. Халқымызбен бірге жасасып келе жатқан бұл қой тұқымына қызығушылық танытып отырған шет мемлекеттер жеткілікті. Олардың осы тілектеріне сай тұқыммал зауыттары қаражаттың тапшылығынан ұрғашы мал тұқымын сатуда. Келешекте олар бұл малды өсіріп, еділбай қойы біздің төл қойымыз деуі де кәдік. Халық селекциясы нәтижесінде дүниеге келген малымыздың статусын заңды түрде иемденіп, ұлт құндылығына айналған төл малымыздан айырылып қалуымыз әбден ықтимал. Ал біздің келешек ұрпақ еділбай қойы қазақ халқының төл малы екендігін дәлелдей алмайтыны анық. Сондықтан еділбай қойын қазақ халқының, оның ішінде ауылдағы ағайынның ұлттық байлығы ретінде бағалап әрі еліміздің бүкіләлемдік сауда ұйымындағы бәсекеге қабілеттілігін ескере отырып «Ұлттық қой тұқымы» деген мәртебе берілсе. Оны Үкіметтің өз қамқорлығына алғаны да жөн болар еді. Кім біледі, бүгінгі алмағайып заманда өмір қажеттілігіне байланысты, малдың жаңа тұқымын шығару туындай қалса, тазақанды еділбай қойының бойындағы асыл қасиеттерін жаңа қой тұқымына беруге жүгінетінімізге ешкім күмән келтірмейді. Сондықтан асыл тұқымды шаруашылықта еділбай қойымен жүргізілетін ғылыми зерттеу жұмыстарының ауқымын кеңейтіп, жаңа инновациялық әдістер мен озық тәжірибелерді қолдану қажет. Сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігі еділбай қойына қатысты селекциялық-асылдандыру жұмыстарына арнайы жеке ғылыми жоба (бағдарлама) қабылдап, оны қаржыландырса және оны үйлестіруді Қазақтың қой шаруашылығы ғылымының қара шаңырағы ғылыми зерттеу институтына жүктесе, нұр үстіне нұр болар еді.

Қорыта айтқанда, бүгінде еділбай қойына деген сұраныстың күрт өсуіне байланысты осы тұқымды одан әрі жетілдіруді нарық талаптарына сәйкес жүргізуге тиіспіз. Ал бұл жұмыстардың жемісті болуы – селекциялық және асылдандыру ғылыми негізде жүзеге асыру деңгейіне тығыз байланысты.

Қандай қоғам орнатсақ та осынау байтақ елімізге өрісті сала, өсімтал түлік керек. «Қойға жаны ашымағанның қоғамға жаны ашымайды» деген екен кезінде «малшылардың маршалы» мойынқұмдық екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев.

Салаға қамқорлық керек. Атадан қалған асылды ардақтайтын уақыт жетті.

Қосыбек ЫРЗАҒАЛИЕВ,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының докторы

Атырау облысы

ӘРІПТЕСТІК ӘЛЕУЕТІ

Орта дәлізге кіруге бейіл

Бірнеше еуропалық мемлекет Транскаспийлік халықаралық көлік бағдарына кіруге қызығушылық танытып отыр. Бұл туралы Көлік министрі Марат Қарабаевтың Брюссельде еуропалық ұйымдардың басшыларымен өткізген бірқатар екіжақты кездесуінде белгілі болды.

Нұрбай ЖОЛШЫБАЙҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Министрліктің баспасөз қызметі хабарлағандай, Бельгия астанасында Марат Қарабаев еуропалық комиссияның вице-президенті Марош Шефчовичпен, көлік жөніндегі еурокомиссар Адина Валеанмен, ЕҚДБ президенті Одиль Рено-Бассомен, сондай-ақ BESIX бельгиялық-француздық құрылыс компаниясының бас директоры Филипп Дессомен кездесіп, онда Қазақстан мен Еуропалық одақтың құрылыс, энергетика, көлік және логистика саласындағы ынтымақтастығын тереңдету мәселелері талқыланған.

Бұлармен бірге, М.Қарабаев Hyrasia One компаниясы мен «Саржа» теңіз терминалы арасындағы Құрық портынан Еуропаға таза сутегі мен аммиакты тасымалдау жөніндегі келісімге қол қою рәсіміне қатысқан. Бұл келісімшарт тағы бір көпфункционалды «Саржа» терминалының құрылысын бастауға мүмкіндік береді.

«Біз тиімді транзиттік трансконтиненталдық дәліздер мен маршруттар желісін құрдық. Шығыс-Батыс бағыты бойынша Транскаспийлік халықаралық көлік бағдарының рөлі арта түсті. Бұған 2022 жылдың қорытындысы бойынша ЕО, ОА және ҚХР арасындағы жүк тасымалы көлемінің екі есе өсуі дәлел», деді көлік дәліздері бойынша пленарлық және панельдік сессияға қатысқан Көлік министрі.

Сонымен қатар 2017 жылдан бастап Қазақстан, Қытай, Әзербайжан, Грузия, Түркия, Румыния, Польша және Болгарияның қатысуымен Халықаралық ТХКБ қауымдастығы жұмыс істейтінін атап өтті. Министрдің айтуынша, бұл күндері Аустрия, Германия, Литва, Латвия, Эстония және Мажарстан аталған көлік бағдарына кіруге қызығушылық танытып отыр.

ТОЛҒАНДЫРАР ТАҚЫРЫП

Қос кәсіпорынға қауіп төніп тұр

Павлодардың шенеуніктері Ертіс өзенінің айрықша қорғалатын аймағында мектеп салуға құмартып отыр. Құрылыс жүргізілсе, сонау 1911 жылдан бері кідіріссіз жұмыс істеп тұрған жергілікті кеме жөндеу зауытын өзге жерге көшіруге тура келеді. Алайда бизнес иелері аумақта бірегей зауытқа арналған өзге су қоймасы жоқ екенін алға тартады. Оның үстіне кәсіпорынның инфрақұрылымы өте күрделі.

Мұрат ҚАПАНҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

1200 оқушыға арналған білім шаңырағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында келер жылы басталуға тиіс. Бұл туралы жуықта қаланың бас жоспарын талқылау барысында мәлім болды. Әуелі ғимаратты қаланың түпкірдегі шағын аудандардың бірінде тұрғызу жоспарланған екен. Бірақ ол жерде бос орын табылмай, әкімдіктегілер білім беру саласына жауапты ұйымдармен ақылдаса келе Ертіс өзенінің дәл жағасынан саламыз деп ұйғарыпты. Жаңа мектеп үшін шамамен 3-3,5 гектар жер керек. Ал әлгі жерді алып қойса, екі бірдей кәсіпорынның жабылуына қауіп төніп тұр.

Жергілікті экологтер құрылыс жобасы бірден екі бірдей заң бұзушылыққа жол береді деп отыр. Тәуелсіз эколог Марина Регутанова аумақ рекреациялық аймаққа жататынын, онда жаңа ғимараттарды салуға немесе жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды кеңейтуге, тұрғынжай-азаматтық мақсаттағы құрылыстар мен нысандарды орналастыруға болмайтынын айтады. Яғни рекреациялық аймақтың жұмысына қатыссыз нысандар үшін рұқсат мүлде жоқ. Ал мектеп салу қағидаға қайшы келеді. Екіншіден, бұл жерде Ертіс өзені ағып өтетіндіктен оның жағасында құрылыс жүргізуге болмайтыны баршаға мәлім.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Мүбәрак Жақыповтың пайымдауынша, биліктің мектеп салу туралы идеясы – шикі жоба. «Сол себепті оны қайтарып алу керек. Жаңа мектеп салынса, Павлодардағы өзен флотының дамуына да кедергі келеді. Бұл жерде кеме жөндейтін үлкен зауыт бар. Онда тек отандық емес, ресейлік кемелер де жөнделеді. Ал кәсіпорынды өзге жерге көшіру ойға сыймайтын мәселе», дейді ол.

Бір қызығы, жергілікті шенділер өткен айда кеме жөндеу зауытына «аумақты босатуға үш ай мерзім береміз» деген мазмұнда хабарлама да жіберіп қойыпты. «Мұндай шешім біздің кәсіпорынды жауып, түбегейлі жою дегенмен пара-пар. Қазақстанда үш бірдей өзен слипі (кемелерді судан шығарып, түсіруге арналған құрылыс) бар. Ең үлкені – Павлодарда, мың тоннадан астам жүк көтере алады. Ал біздің кемелерге ең жақын слип Ресейдің Омбы қаласында орналасқан. Біздің кәсіпорында салмағы ауыр баржалар жөнделіп, тексеріледі. Ұсақ кемелерді қоспағанда, флотымызда 28 ірі кеме бар. Олардың барлығы үнемі тексеріліп тұруы керек. Жолаушылар кемелері де бізде жөнделеді. Енді келіп жергілікті билік бізге аумақты босатыңдар деген талап қойып отыр. Кәсіпорынды көшіру ақылға сыймайды, себебі су астындағы және су үстімен жүргізілген рельстердің ұзындығы 1,5 шақырымға жетеді. Ал табиғи географиялық жағдай тұрғысынан мұндай өзге затон қалада мүлде жоқ. Зауыт таратылса, 30 адам жұмыссыз қалады», деп қынжылады кеме жөндеу зауытын ұстап отырған «Эллинг» ЖШС-ның атқарушы директоры Николай Цепелев.

Білім беру бөлімінің басшысы Қуаныш Қыдыралин Усолка мен Затон шағын аудандарындағы оқушылар орнының жетіспеушілігі мың жарымның үстінде екенін жеткізді. «Кейінгі үш жылда оқушылар саны еселеп артып, жаңа мектеп салу жобасын тездетуді қажет етіп отыр. Ал Ертіс өзені балалар үшін қауіп тудырады десек, ол жерде жасөспірімдер үшін қауіпсіздік шаралары қарастырылады, білім шаңырағының өзі заманауи ғимарат болады», дейді ол.

Бұл мәселеге Мәжіліс депутаттары да маңыз бере бастады. Парламенттегі пленарлық отырыста халық қалаулысы Ирина Смирнова кеме жөндеу зауытына жасалып жатқан қысастықты доғаруды сұрады. «Павлодар қаласы әкімдігінің ойынша, қазіргі сәтте қалыпты жұмыс істеп тұрған әрі осы салаға маманданған жалғыз кәсіпорынды жойып, мектеп салу тиімді екен. Әрине мектеп тұрғызу керек-ақ. Алайда бизнес нысандарын зар қақсатып тартып алған жерге жаңа білім ғимаратын салу ешбір ойға сыймайды. Бұл бірегей кәсіпорынды сақтап қалу қажет. Ол жойылса, отандық кемелерге жөндеуге тұру үшін Ресейге сабылуға тура келеді. Оның үстіне кемемен жүк тасу тек Павлодар облысында ғана сақталып отырғаны баршаңызға мәлім. Сондықтан бұл экономикалық ресурсымызды дамытудың жолын іздейік», деді И.Смирнова.

Қазіргі күні қала әкімдігі жаңа мектепті орналастыратын үш бірдей нұсқаны қарастырып жатыр. Оның бірі – жоғарыдағы зауыт болса, қалған екеуі – 48 жер үй мен жұмыс істеп тұрған әлеуметтік нысанның орны. Билік өкілдері жер үйлердің иелерінің барлығын көндіріп, қысқа уақытта жерлерін ала алмайтынын жақсы біледі. Ал әлеуметтік нысанды өзге жерге көшіру, жаңа ғимарат табу қаржылай шығынды қажет етеді. Сондықтан кеме жөндеу зауыты құрбандыққа айналуы бек мүмкін.

Мамандар өзен арқылы жүк тасу – ең арзан әрі экологиялық тұрғыдан тиімді тасымал түрі екенін айтады. Жалпы, бүгінде Павлодардағы өзен флоты, соның ішінде жүк тасымалына пайдаланылатын кемелер мен баржалар тозып тұр. «Павлодар өзен порты» АҚ-ның бас инженері Бауыржан Әубәкіровтің айтуынша, егер өзен бойын өрлеп кемелер жиі жүретін күн туса, Павлодар өзен портының арқасында алыс-жақын шетелдермен жақсы байланыс орнатуға болады. «Порттың порталдық крандары бойынша мәселелер бар, оларға күрделі жөндеу жүргізу қажет. Кеңес одағынан қалған техникалар ғой. Тозығы жетсе де, кейбір бөлшектерін жаңартып, мүмкіндігінше жұмыс қалпында ұстап отырмыз. Қазір бізде жеті кран бар. Олардың ішінде алтауы жұмыс істейді. Мұндай кранды толық құрастыру үшін шамамен 600-650 миллион теңге қажет», дейді маман.

Қазір компанияға жүк тиегіштер қажет екен. Ұйым оларды сатып алуды жоспарлап отыр. Мұның бәрін бір жылдың ішінде тындыру мүмкін емес. Ал техникалардың шамамен 70 пайызы тозған.

Шындап келгенде трансшекаралық өзен арқылы Қазақстан мен Ресей арасындағы жүк тасымалы қазіргі күні небәрі 180-200 мың тоннадан аспайды. Бұл мәселені реттеу үшін қос елдің басшылары Ертіс өзеніндегі бірқатар мәселені реттеу бойынша шешімдер қабылдауы керек. Екі ел де бұған мән бермей отырғаны өкінішті.

ПАВЛОДАР

ӨЗЕКТІ

Шекарамыздың шебі берік пе?

Бұл сауал көкірек көзі ашық азаматтарды алаңдатып-ақ тұр. Себебі шекара шебінде қалқан болып тұрған қаншама ауыл құрып барады. Еліміздің «солтүстік қақпасы» саналатын Қызылжар өңірінің алты ауданы көршілес Ресеймен шекаралас. Ақжар, Қызылжар, Мағжан Жұмабаев, Жамбыл, Мамлют, Уәлиханов аудандарындағы 93 ауыл шекара маңындағы елді мекендер санатына жатады. Даму әлеуеті бар елді мекендерді анықтау кезінде 8 789 тұрғыны бар 23 ауыл іріктеліп алынған. Қалған 70-інің болашағы бұлыңғыр деп ұйғарылыпты.



Жастар кетті қалаға

Осы жылдың басындағы статистикалық мәліметке сүйенсек, облыста тұрғындары 50 адамнан кем 128 ауыл бар. Оның 33-інің тұрғындарының саны оннан да кем. Әсіресе шекара маңындағы 18 ауылдың жағдайы мүшкіл. Кейінгі бес жылда 29 елді мекен картадан жойылса, соның алтауы – шекара маңындағы ауылдар.

Мағжан Жұмабаев ауданының шекара маңындағы ауылдарының жағдайын білмек ниетпен Аққайың ауылдық округіне ат басын бұрдық. Ауыл әкімі Мақсат Есжановтың айтуынша, қазір округтің құрамындағы 6 ауылдық елді мекенде 700-ден астам адам тұрады. Шекара түбінде орналасқан Гавринода 104 адам түтін түтетіп жатыр. Көбі – зейнеткерлер, егде жастағы адамдар. Жастары қалаға кеткен, бір кездегі оқушыға толы орта мектебі қаңырап бос тұр. Білім ошағының есігіне қара құлып ілінгелі ауыл өмірінен мән де, сән де кеткен.

– Бұрын шекара асатындар көп еді. Олардан қалған бос үйлерді оңтүстіктен келген қоныс аударушылар сатып ала бастап еді. Қазіргі геосаяси жағдайға байланысты Ресейге көшу күрт тоқтады. Қоныс аударушыларға үй табу қиын. Біздің округтегі кейбір үйлердің бағасы 2 млн теңге. Сұраныс болғасын баға да шарықтап тұр, – дейді Мақсат Есжанов.

Округтің үш ауылында тұрғындардың саны 50-ге де жетпейді. Ал жергілікті билік болашақта бұл ауылдарда тұрғындар саны көбейетініне сенімді көрінді. Себебі көрші ауылдық округ аумағында шекара бекеті салынып жатыр екен. Шекарашылар отбасыларымен бірге көшіп келсе, жұпыны ауылдың томағатұйық тіршілігіне қан жүгіре ме деген үміт бар.

Ауылдардағы әлеуметтік ахуалдың төмендігі шекарашылардың да берекесін кетіріп отыр. Шекарамызды шегендедік дегенімізбен, оны күзетіп жүрген сарбаздардың тұрмыс жағдайы сын көтермейді. Осыған орай, жыл басында облыстық Қоғамдық кеңесте шекарашыларды баспанамен қамтамасыз ету, шекара маңындағы ауылдарға ауызсу, электр желілерін тарту сынды өзекті мәселелер сөз болып, біраз кемшіліктің беті ашылған. Мәселен, Қызылжар ауданындағы «Ақыш» шекара бөлімшесі Сумное ауылында орналасқан. Ал шекарашылар одан 14 шақырым қашықта жатқан Виноградное ауылында тұрады. Бұл жағдай шекарашылардың түнгі уақытта қызмет атқаруына қолайсыз. Сондықтан олар шекараны түнде жеке көліктерімен барып-келіп күзетуге мәжбүр. Ел қорғаны мықты болсын десек, шекара шебінде қызмет етіп жүрген әскери қызметшілердің жағдайын жақсарту күн тәртібіндегі мәселе болуы керек.

Жуырда Мәжіліс депутаты Еркебұлан Мәмбетов Үкімет басшысына депутаттық сауал жолдап, бұрынғы «солтүстік коэффициент» үстемеақысын қайтару туралы сөз қозғады. Әсіресе шекара маңындағы қаңырап бос қалған ауылдар бүгінгі геосаяси жағдайда аса қауіпті екенін, ауылдарымызды дамыту шараларын қазірден қолға алу керек дегені – көпшіліктің көкейінде жүрген ой. Облыстың Экономика басқармасы берген мәліметке сүйенсек, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында биыл 9 шекара маңындағы ауылда ғана жалпы сомасы 1,3 млрд теңгенің 10 жобасы жүзеге асырылып келеді. Өзгелері кезек күтіп тұрғанымен, іргелері сөгіліп барады.

Қаржылай қолдау қажет

Ақжар ауданындағы шекаралық аймақта орналасқан Үлкен Қараой ауылдық округінің құрамында Баймырза және Горьковское деген екі ауыл бар. Аудан орталығынан 115 шақырым жерде орналасқан округте өмір сүріп жатқан тұрғындардың жалпы саны – 930. Округ аумағындағы «Ақ-Ниет-Агро және К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі қос ауылға қамқорлық жасап келеді. Ең бастысы – ауылда жұмыс бар, тұрғындардың әлеуметтік жағдайы өзге шекара маңындағы ауылдарға қарағанда анағұрлым жақсы.

Ал облыстың ең шалғай Уәлиханов ауданының аумағында Ресеймен шекаралық аймақта орналасқан 12 ауыл бар. Олардағы тұрғындар саны – небәрі 3 392 адам.

– Бүгінгі күні шекара маңындағы аумақтарды дамыту мәселесі өте өзекті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шекара маңын бос қалдыруға болмайтынын айтқан еді. Бұл – ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатысы бар мәселе. Оны жүйелі түрде шешу үшін қомақты қаражат керек екендігі белгілі. Биыл ауданымыздың тарихында болмаған қаржы – 7 млрд теңге бөлініп, елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін беріп отыр. Оның ішінде «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша 8 жобаның жүзеге асуына 2 млрд 836 млн теңге бөлінді. Бағдарлама бойынша шекарада орналасқан Бидайық ауылының ауылішілік жолдарын жөндеуге 389 млн теңге жұмсалды, – деді Уәлиханов ауданының әкімі Қайрат Пішенбаев.

Аудандағы шекара маңындағы ауылдық елді мекендерді дамытуға 2020 жылы – 258,1, 2021 жылы – 34, 2022 жылы – 24,7 млн теңге, 2023 жылы 2,2 млрд теңге бөлініпті.

– 2020 жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында шекара маңындағы Өндіріс пен Ақтүйесай ауылдарында жаңа клубтар салынды. Биыл Көктеректе тиісті жұмыстар басталды, мәдениет мекемесі жоқ Тілеусай ауылы үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. 12 шекара маңындағы елді мекеннің барлығында орта мектеп бар, оларда 978 оқушы білім алып жүр. Біздің міндетіміз – осы мектептерді ұстап тұру, өйткені мектеп жабылса немесе негізгі мектепке ауыстырылса, онда тұрғындардың көбі жұмыссыз қалады, – деді Уәлиханов ауданының әкімі.

Жапандағы жалғыз үй

Ауылды сақтап қалудың бір жолы – оңтүстік өңірлерден келген қоныс аударушыларды қабылдау. Бүгінде Уәлиханов ауданының шекаралық аймағындағы 4 ауылға – Жамбыл, Көктерек, Мортық, Қаратерекке 13 отбасы, 79 адам көшіп келген.

Ауылдың болашағына алаңдаған тұрғындар да сөзден іске көшкен. Мәселен, Жамбыл орта мектебі директорының ұйымдастыруымен оңтүстік өңірлерден қоныс аударған ағайынға қолдан келгенінше көмек көрсетіліп отыр. Нәтижесінде, мұнда 6 отбасы немесе 37 адам тұрақтап қалды. Бұл – жергілікті мектептің жабылуының алдын алып, ауылдың да сақталуына мүмкіндік берді.

Шекара маңында өмір сүріп отырған ауыл тұрғындары, негізінен, мал өсірумен айналысады. Егіншілікпен шұғылданатындары да бар. Көпшілігі әкімдіктерде, мектептерде, мәдениет мекемелерінде жұмыс істейді. Тұрғындар саны азайып, бюджеттік ұйымдар жабылған жағдайда мал өсіруді күнкөріс көзіне айналдыратындары аз.

Аталған аудандағы Көктерек ауылдық округінде Қарамырза ауылында бір ғана отбасы тұрады екен. Мал бағып, тіршілік етіп отыр. Қарамырза қазір ел аузында жапандағы жалғыз үй атанғанымен, әзірге ауыл мәртебесін сақтап қалған. Себебі ауылдарды жаба беру жергілікті билікке де тиімсіз. Республикалық және облыстық бюджеттерден бөлінетін қаржы азайып кетеді.

Шекара маңындағы ауылдардың жағдайы жайлы биік мінберлерден қызыл сөз суша сапырылғанымен, атқарылған нақты іс, көзге көрінер нәтиже шамалы. Қолда барға ие бола алмаған соң кейін оны қалпына келтіру оңай емес.

– Шекара маңындағы елді мекендерді дамыту үшін қаржылай қолдауды күшейту керек. Әсіресе аудандық, облыстық, республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жай-күйі нашар. Жылдар бойы жөндеу көрмеген ауылішілік жолдардың жағдайы мүлдем сын көтермейді. Елді мекендерді дамыту мәселесін кешенді жүргізу қажет. Әр ауылдық округтің ерекшелігін ескеріп барып, даму жоспарын әзірлеу керек, – дейді Уәлиханов ауданының әкімі Қайрат Пішенбаев.

«Бос жатқан жер жау шақырады» деген сөз бекерден-бекер айтылмаса керек. Шекара маңындағы ауылдарды дамыту экономикаға салмақ түсіргенімен, ата-бабамыздан мирас болған басты байлығымыз – жеріміздің тұтастығы бәрінен маңызды екенін ұмытпайық.

Арайлым БЕЙСЕНБАЕВА,
журналист

Солтүстік Қазақстан облысы

АУДАН АХУАЛЫ

Көксулықтар қуанышы

Суретті түсірген – Руслан КАДЫРОВ

Облыс орталығына жақын орналасқан Көксу ауданының тіршілігі көңіл сүйіндіреді. Күні кеше төрт бірдей ауылда блок-модульді медициналық пункт іске қосылды. Бұл деген – 2 мыңға тарта халық заманауи нысанда сапалы медициналық көмек алады деген сөз. Бұған қоса Мұсабек ауылына көгілдір отын келіп, жергілікті балалар үшін ойын алаңдары ашылды. Қуанышты сәттің біз де куәгері болдық.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Ынтымағы жарасқан көксулықтар әрбір мемлекеттік мерекені жарқын жаңалықтармен қарсы алып жатыр. Бір күнде бірнеше нысанның лентасы қиылып, тұрғындар мәре-сәре болды. Әуелі Ақтекше, Мұқаншы, Мәулімбай және Қазақстанның 10 жылдығы ауылдарында жаңа блок-модульді медициналық нысандардың есігі ашылды. Бұрынғы медпункттердің барлығы санитарлық талаптарға сәйкес келмейтін, бейімделген ғимаратта орналасқан еді. Енді аталған ауылдардың 2 мың тұрғыны қажетті құралдармен жабдықталған, стационарлық жағдай қарастырылған заманауи медициналық пункттерде алғашқы жәрдемнен бастап барлық қажетті тиісті медициналық көмек ала алады.

Бүгінде тозығы жеткен ауылдық денсаулық сақтау нысандарын жөндеп, жаңартуға көп көңіл бөлініп келеді. Өңір әкімі баспасөз қызметінің мәліметінше, осы мақсатта биыл жыл соңына дейін 27 блок-модульді медициналық нысан іске қосылса, өткен жылы осындай 12 денсаулық сақтау нысаны пайдалануға берілген еді. Ал жалпы 2025 жылға қарай олардың саны 60-тан асады.

Қуанышты сәтте Мұқаншы ауылының тұрғыны Сейіткәрім Көптілеуов ағынан жарылды.

«Мен арнайы дәрігердің есебінде тұрамын, сондықтан мені қаралуға жиі шақырады. Айына бір-екі рет барамын. Арасында профилактикалық тексеруден өтемін, қажет болып жатса, ем тағайындайды. Бұрын осының бәріне аудан орталығына баратынмын, енді жақсы болды, алысқа сабылмаймын. Бұл – маған ғана емес, бүкіл ауылымызға керек ғимарат. Біздің көп жылдан бергі арманымыз орындалды», дейді ол.

Айта кетейік, блок-модульді медициналық пункттердің әрқайсысының құны – 50 млн теңге. Оларға бір ауысымда 15-20 пациент келе алады. Әрқайсысының жалпы ауданы – 108 шаршы метр. Штат санына сәйкес оларда тұрақты негізде 7 медицина қызметкері жұмыс істейді, бекітілген жоспарға сәйкес және қажеттілікке қарай арнайы мамандар да медициналық қызмет көрсетеді. Бұл ретте Мұқаншы ауылында – 346 адам, Қазақстанның 10 жылдығы ауылында – 377, Ақтекше ауылында – 994, Мәулімбай ауылында 223 адам тұрады.

Көксу аудандық ауруханасының бас дәрігері Жаннұр Сырымовтың айтуынша, 2025 жылға қарай аудандағы медициналық нысандардың бәрі осындай қарқынмен жаңартылады.

Сонымен қатар Балпық би ауылында 200 келушіге арналған Халыққа қызмет көрсету орталығы (ХҚО) ашылды. Бұған дейін филиал жалға алынған, бейімделген ғимаратта орналасқан еді, ал мемлекеттік қызмет көрсететін ұйымдар ауылдың әр жерінде шашыраңқы болған. Бұл «Бір терезе» қағидатын үнемі сақтауға мүмкіндік бере бермейтін. Арнайы салынған ғимаратта ХҚО ашу арқылы бұл мәселе толығымен шешілді.

Ауыл тұрғындарын осы маңызды нысанның ашылуымен құттықтаған Көксу ауданының әкімі Мәрлен Көлбаев бұған дейінгі ғимараттың халыққа тиісті деңгейде қызмет көрсету мүмкіндігі болмағанына байланысты Халыққа қызмет көрсету орталығын жаңа ғимаратқа көшіру туралы шешім қабылданғанын айтты.

«Екіқабатты жаңа орталықтың ауданы – шамамен 1 200 шаршы метр, бұл алдыңғысынан үш есе үлкен. Бірінші қабатта ХҚО орналасқан, ал екінші қабатта АХАТ, әлеуметтік қамсыздандыру және жер кадастры саласында қызмет көрсетіледі, 50 орындық мәжіліс залы бар. Сонымен қатар жаңа ХҚО бірнеше секторға бөлінген. Мысалы, e-otinish секторында мемлекеттік органдарға электрондық өтініш беруге болады, ал екіншісінде қызметтерді электрондық үкімет порталы немесе арнайы қосымшалар арқылы дербес алуға болады», деді М.Көлбаев.

Атап өтсек, ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін ХҚО-да пандус, лифт және мемлекеттік қызмет көрсетуге ыңғайлы терезе қарастырылған. Балалары бар клиенттер үшін де ана мен бала бөлмесі жасалған. 57 орындық күту залы бар. Бір ауысымда 200 адам келе алады. Қызметкерлер саны – 44.

Алғашқы қызмет алушылардың бірі ауыл тұрғыны, көпбалалы ана Валентина Тимофеева жақында тоғызыншы баласын дүниеге әкелген. Ол осы күні ХҚО-ға тиісті құжаттарын алуға келді. Оған алғашқы клиенттердің бірі ретінде балалар арбасы сыйға тартылды. Осы ғимаратта жас жұбайлар некесін тіркетіп, салтанатты рәсімді де өткізе алды. Жас жұбайлардың атынан Мирас Әбенов алғысын білдірді және оларға теледидар тарту етілді. Тағы бір қызмет алушы Назым Бекет өзінің алғашқы жеке куәлігін қолына алды, оған да естелік сыйлықтар берілді.

Жалпы, ХҚО-ға арналған екі қабатты ғимараттың құрылысы өткен жылдың тамыз айында басталды. Жұмысты «Нұр-Шапағат-Құрылыс» ЖШС мердігерлік ұйымы орындады. Нысанның жалпы құны 431,6 млн теңгеден асады.

Сондай-ақ Мұсабек ауылының тұрғындары көгілдір отынға қосылды. Бұл – Көксу ауданында газ құбыры тартылған сегізінші ауыл.

Мұсабек ауылында газ тарату желілері мен жеткізуші газ құбырын тартуға 523 млн 827 мың теңге бөлінген. Құрылыс жұмыстарын мердігер «Алматы Production Construction & Invest» ЖШС атқарды. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаж жұмыстары толық аяқталған. Газ құбырының ұзындығы 46,7 шақырым, соның 15,5 шақырымы – жоғары қысымды, 31,2 шақырымы – төменгі қысымды. Сол сияқты 4 дана шкафтық типтегі газ тарату стансасы орнатылды. Жалпы, бұл ауылда 1 806 тұрғын бар, абонент саны – 178.

Газ алауын жағу салтанатты рәсіміне қатысқан ауыл тұрғындары атқарылған іске ризашылықтарын білдірді. Солардың бірі – ауыл тұрғыны, «Күміс алқа» иегері Алтыншаш Мұташева.

«Осы ауылдың байырғы тұрғынымын. Мұнда 1969 жылдан бері тұрамын. Алты балам бар. Жылқы бақтық, қой бақтық, ұзақ жыл малда болдық. Ауылға түбегейлі тұрақтағанымызға он жылдай болды. Қазір жасым 73-те. От жағып, күл шығарған оңай емес. Газ келгенінен қуанып жатырмыз. Құрылыс жұмыстарында ер-азаматтар күннің ыстығына да, суығына да қарамай жұмыс істеді. Үйіме газдың нүктесін, есептегіш құралын мердігер компания тегін орнатып берді. Азаматтардың бәріне де көптен-көп алғыс айтамын», деді көпбалалы ана.

Бұған дейін Балпық би, Теректі, Мұқыр, Еңбекші, Бесқайнар, Жамбыл, Мәмбет ауылдарына газ құбыры тартылып, 5 мыңнан аса абонент газға қосылуға мүмкіндік алса, соның 2 700-ден астамы бүгінде көгілдір отынның игілігін көріп отыр. Көксу ауданында газға қосылар күнді күткен 12 ауыл бар. Олар жоспар бойынша келер жылдың соңына дейін толық қосылып бітуге тиіс.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, жоспарға сәйкес 2025 жылға дейін Кербұлақ ауданынан Талдықорғанға дейінгі елді мекендер толық газдандырылады. Ал 2030 жылға қарай өңірді газдандыру 100 пайызға жетеді немесе 192 елді мекен қамтылады деп межеленіп отыр.

Осы күні ауыл балаларының қуанышында шек болған жоқ. Себебі көптен күткен Мәулімбай және Жарлыөзек ауылдарында балалар ойын алаңдары пайдалануға берілді. Стадионға жөндеу жұмыстарын атқарған мердігер ұйым «Кенженова» ЖК айналасы 4 айдың ішінде жобаны аяқтаған. Жобаға 22,5 млн теңге қаржы бөлінген.

Жарлыөзек ауылында бұған дейін ойын алаңы болмаған. Сондықтан ауылдағы Идигов көшесінен арнайы орын белгіленіп, бір мезгілде 30 бала ойнай алатын жаңа алаң салу жоспарланған еді. Мердігер ұйым «АТС Build» ЖШС алаң құрылысын шілде айында бастап, белгіленген мерзімі қыркүйек айының соңында аяқтады. Жобаның құны 18,5 млн теңгеге жуық. Нысан соңғы үлгідегі жабдықтармен қамтылған.

Осы күні Мәулімбай ауылындағы Жеңіс орта мектебінің жаңарған стадионы жөндеуден кейін пайдалануға берілді. Оған ағымдағы жөндеу жүргізіліп, 108 шаршы метр балалар ойын алаңы, 108 шаршы метр Workout спорт алаңы мен қоршаулы 800 шаршы метрлік шағын футбол алаңы салынды.

«Жасым 9-да, 4-сыныпта оқимын. Бұған дейін мектептің ескірген алаңында ойнайтынбыз. Қазір алаңның жаңарғанын көріп, қатты қуандық. Енді мұнда доп ойнап, әткеншек теуіп, турникте тартылып, спортпен емін-еркін шұғылданатын болдық», дейді Жеңіс орта мектебінің оқушысы Ақнұр Жетпісбай.

Ауыл тұрғындарының дені сау болуы үшін осындай нысандардың бой көтергені тиімді. Үйіне газ келіп тұрса, халық бұрынғыдай көмірге кезекке тұрып әуре болмайды. Біз аталған ауданның тыныс-тіршілігіне сүйініп қайттық.

Жетісу облысы

ТҮЙТКІЛ

Тарифті әлеуметтендіру жолы

Коммуналдық инфрақұрылымды жаңартпай, иесіз желілерді ретке келтірмей, білікті мамандарды тартпай, бұл салада ел тұрғындарына сапалы қызмет көрсетуге тырысу босқа әуре болумен тең. Сондықтан елімізде жүзеге асырылып жатқан «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасына сәйкес электрмен, жылумен және сумен жабдықтау, су бұру инженерлік желілерін жаңғыртуға қомақты инвестиция тартып, 2029 жылға қарай тозу деңгейін 20%-ға төмендету межеленген.

Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

«Energyprom» экономиканы мониторингтеу жобасы «қолданыстағы бағдарламаның бұрын елімізде жұмыс істеген ұқсас бағдарламадан айырмашылығы – тек электр энергиясын өндіру секторын ғана емес, сонымен бірге барлық желі арқылы коммуналдық қызмет көрсетуді қамтуында» деп сипаттайды. Жаңа тарифтік саясат тұтынушы мүддесін бірінші орынға қойып, тиімді бағамен сапалы қызмет көрсетуге негізделген.

Республикамыздың инженерлік инфрақұрылымы өткен ғасырдың 60-70-жылдарында салынғандықтан, оның үштен екі бөлігінен астамының тозуы таңғаларлық емес. Оған қоса қалалар өсіп, халық саны артып келеді. Тиісінше, коммуналдық қызметтерге жоғары қажеттілік желілерге жүктемені күшейтеді, бұл олардың тез тозуына әкеледі. Тарифтерді белгілеу шеңберінде табиғи монополиялар субъектілері (ТМС) тозу деңгейіне қарай үш санатқа: қызыл (тозу деңгейі 65%-70%-дан жоғары), сары (тозу деңгейі 55%-65%) және жасылға (тозу деңгейі 55%-дан аз) бөлінген. Тозу деңгейі жоғары қызыл аймақтағы кәсіпорындар үшін инвестиция тарту негізгі басымдық ретінде қолданылады. Қазір осындай 87 кәсіпорын бар болса, оның ішінде қосымша инвестицияларды ескерумен 76 кәсіпорынға жаңа тарифтер мен инвестициялық бағдарламалар бекітілген.

Сары және жасыл аймақтарда орналасқан кәсіпорындарға осы жылы бекітілген инвестициялық бағдарламалар аясында жөндеу жұмыстары жоспарлы түрде жүргізіліп жатыр. Олар бойынша жұмысшылардың жалақысын көтеруге және иесіз желілер мен құрал-жабдықтарды ұстау шығындарын енгізуге ден қойылған. Мысалы, биыл 267 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланып, оның үштен біріне жуығы қызыл аймақтағы кәсіпорындарды жөндеу мен жаңғыртуға арналған. Нәтижесінде, алдағы жылдың өзінде бірқатар кәсіпорын тәуекелдердің төмендеуімен қызыл аймақтан шығып, сары аймаққа енеді.

Ұлттық экономика министрлігі биыл 1 шілдеден бастап қысқа мерзімде тарифтер мен инвестициялық бағдарламаларды өзгертуге ТМС-тан 212 өтінімді мақұлдаған. Сонымен қатар электр энергиясын өндіру тарифінің өсуі (27%), кәсіпорын қызметкерлері жалақысының ұлғаюы (50%-100%), тауарлық газдың көтерме бағасының қымбаттауы (12%) және стратегиялық тауарлардың – көмір, мазут, жағармай құнының артуы қосымша факторлар болды. Нәтижесінде, коммуналдық қызмет тарифтерінің өзгеруі тұтынушылар мен кәсіпорындар мүдделерінің теңгерімін ескере отырып, орташа 10%-дан 30%-ға дейін айтарлықтай қалыпты болып шықты. Бұл ауданы 60 шаршы метр екі бөлмелі пәтердің орташа түбіртегіне шамамен 3-4 мың теңге қосымша ауыртпалық. Бұған қоса халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтары коммуналдық төлемдер бойынша шығындардың бір бөлігін өтеу арқылы коммуналдық қызметтерді төлеуде әкімдіктердің көмегіне иек арта алады. 2022 жылы отбасыларға тұрғын үй көмегін көрсету кезінде шығынның рұқсат етілген шекті деңгейі 10%-ға дейін төмендеді.

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту мен қоғамдық игіліктерді қамтамасыз ету – пайда табу көзі емес, әлеуметтік бағыттағы бизнес. Екінші жағынан, жаңа тарифтер тек тұтынушылар есебінен ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік бюджет пен монополистердің өз қаражаты есебінен де құрала береді. Мысалы, биыл жылумен қамтамасыз етуге инвестицияланған 130,2 млрд теңгенің 58,7 млрд теңгесі тариф есебінен, 68,6 млрд теңгесі бюджет есебінен, 2,9 млрд теңгесі кәсіпорындардың есебінен салынды. Сол секілді биыл электрмен қамтамасыз етуге 92,2 млрд теңге инвестиция салынып отыр. Оның ішінде тариф есебінен – 88,5 млрд теңге, бюджет есебінен – 3,5 млрд теңге, меншікті қаражат есебінен 0,2 млрд теңге болды. Ал сумен қамтамасыз етуге 29,5 млрд теңге инвестиция салынып, оның ішінде тариф есебінен – 14,3 млрд теңге, бюджет есебінен – 15 млрд теңге, меншікті қаражат есебінен 0,2 млрд теңге бөлінді. Су бұру бойынша көрсеткіштерге келсек, 15,3 млрд теңге күрделі салымның 9,6 млрд теңгесі тариф есебінен, 5,4 млрд теңгесі бюджет есебінен, 0,3 млрд теңге монополистердің жеке қаражаты есебінен құралған.

Осылайша, инженерлік инфрақұрылымды дамыту мәселесі алдыңғы қатарға шығып отыр. Кез келген жаңа нысан, тұрғын үй кешені немесе кәсіпорын қажетті инфрақұрылыммен, инженерлік желілермен, электрмен және сумен жабдықтау қуаттарымен қамтамасыз етілмей, ешқашан пайдалануға берілмейтіні анық. Өз кезегінде әкімдіктер мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық кәсіпорындары жоспарлы және қосымша жөндеу жұмыстарының уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етіп, алдағы жылдарда желілердің тозуын азайту үшін құжаттама дайындауы керек.

Сонымен қатар ТМС жұмысы да тиісті орган тарапынан бақылауға алынған. Мәселен, 2021 жылы ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті 2020 жылға арналған инвестициялық бағдарлама іс-шаралары мен тарифтік сметаларды іске асыру туралы ТМС есептерін қарай келе, міндеттемелердің орындалмағанын анықтады. Сөйтіп, жалпы сомасы шамамен 13,3 млрд теңгеге 300-ден аса ТМС-ға уақытша өтемдік тарифтер (УӨТ) бекітілді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша УӨТ мақұлданған ТМС саны қазір 336-ға жетіп, оның сомасы 14,1 млрд теңгені құрады. Яғни монополиялық тәртіп бұзушылар көбейді. Қазіргі уақытта 2022 жылға арналған есептер қарастырылып жатыр және бүгінгі таңда УӨТ жалпы сомасы 5,6 млрд теңгеге 296 ТМС үшін мақұлданды.

ҰЭМ ТМРК жыл сайын инвестициялық бағдарламалар мен тарифтік сметалардың ТМС шараларының орындалуына талдау жасайды. Егер монополист тарифті алған кезде белгілі бір міндеттемелерді орындамаса, мысалы, жаңғырту және дамыту бойынша өзі қабылдаған немесе қандай да бір негізсіз кіріс алса, бұл комитет тарапынан УӨТ енгізуге әкеп соғады. Нәтижесінде, тарифтері уақытша төмендетілген тұтынушыларға қаражат қайтарылады.

Суретті түсірген – Ерлан ОМАР, «EQ»

КӨКЕЙКЕСТІ

Дұрыс тамақтанып жүрміз бе?

Қарап отырсақ, түрлі қоғамдық қорлар, яки үкіметтік емес ұйымдар мен халықаралық зерттеу агенттіктері көптеген сауалдама жүргізіп, өз деректері мен дәйектерін алға тартып жатады. Әлбетте, мұндай бастамалар қандай мүдде мен пиғылға жұмыс істейтіні – бөлек әңгіме. Ешқашан дәл статистика жасау мүмкін емес десек те, осы арқылы кез келген мәселенің нобайын болжауға болады.

Коллажды жасаған – Зәурет СМАҒҰЛ, «ЕQ»

Айнаш ЕСАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Ал ұлт саулығына келгенде, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы халықтың денсаулығы 20% – тұқым қуалайтын кеселдерге, 20% – әлеуметтік жағдайға, 10% – денсаулық сақтау деңгейіне, 50% әр адамның өмір сүру салтына байланысты дегенді алға тартумен келеді. Яғни өміріміз де, денсаулығымыз да өзіміздің ішіп-жеміміз бен әрекеттерімізден құралмақ.

Құлаққа әбден сіңісті болған «Саламатты өмір салтына» да өнімді еңбек, биологиялық ырғақ пен тәуліктік режімді сақтау, жеке бастың тазалығы, ең бастысы тамақтану мен қимыл-қозғалыс кіреді. Осы орайда Туризм және спорт министрлігінің мәліметтеріне сенсек, 2022 жылы жұрттың 34,2%-ы спортпен айналысқан, бұл көрсеткіш бір жыл бұрын 31,6% болған. Сондай-ақ елімізде 23,2% адам саламатты өмір салтын ұстанады-мыс.

Сонымен отандастарымыз не ішіп, не жеп отыр деген сауалға кеңірек тоқталатын болсақ, әйгілі Euromonitor International халықаралық нарықтық зерттеулер агенттігі 2022 жылдың қараша айы мен 2023 жылдың наурызы аралығында Қазақстандағы азық-түліктің құрамын зерттей келе, нарықта тағамдар туралы хабардарлықтың әлі де жетіспейтінін, оған қоса ел қанша калория, қанша қант тұтынатынын көрсететін сенімді статистика жоқтығын бағамдаған. Мәселен, 100 г/мл-ге шаққандағы орташа қоректік құнарды анықтау үшін Euromonitor International Қазақстандағы әртүрлі бөлшек сауда нүктелеріндегі азық-түлік пен сусын өнімдерінің тағамдық құнарын зерттеген. Әртүрлі санаттағы өнімдердің жан басына шаққанда тұтынылатын мөлшерін есептеп, зерттеу барысында тек оралған азық-түлік есепке алынғанын ескеру керек. Бұған жұмыртқа, ет, балық және теңіз өнімдері, сондай-ақ жаңғақтар, бұршақ және балалар (сүттен жасалған) тағамдары кірмейді.

Euromonitor мәліметтеріне көз жүгіртсек, 2022 жылы Қазақстанда барлығы 764 млн литрден аса алкогольді, 3 млрд литрден аса алкогольсіз сусындар, 2,9 млн тонна әртүрлі оралған азық-түлік өнімдері, 3,2 млн тоннаға жуық жаңа піскен көкөністер мен жемістер (оның ішінде 2,2 млн тонна картоп) сатылған. Осы арада тоқтала кететін бір жайт, коронавирус пандемиясынан кейін белең алған денсаулықты күту үрдісі отандастарды жеміс-жидек пен көкөністерді көбірек тұтынуға үйреткен. Бұл санаттағы тағамдарды сатып алу көрсеткіші күрт өсіп, өткен жылмен салыстырғанда көкөністер сатылымы 11%-ға, жемістердің саудасы 7,5%-ға артқан көрінеді. 2022 жылы ең өтімді жеміс-жидектер «бестігіне» мыналар кіреді: 85,6 мың тонна алма, 32 мың тонна банан, 30 мың тонна алмұрт пен айва, 28 мың тонна мүкжидек, көкжидек, қаражидек, 23,4 мың тонна апельсин мен мандарин сатылған. Сол сияқты тамырлы көкөністерден ішінде картоп, қызанақ, пияз көбірек сатылған. Егер салыстырып қарасақ, гүлді қырыққабат пен брокколидің тек 1,2 мың тоннасы ғана сатылыпты.

Нутрициологтер дұрыс тамақтанғанда аса қажет деп санайтын бұл көкөністердің бағасы картоптың бағасынан 10 есе қымбат. Мұндайда микроэлементтер мен витаминдерге бай спаржа, батат, сельдерейдің бағасы жайлы не айтуға болады? Демек, табысы орташалау жерлестерімізге пайдалы көкөністердің арзандауы, яғни асқабақ, кәді, қызылша, сәбіз, кәдімгі қырыққабатты таңдауға тура келеді. Алайда 2022 жылы және биылғы қаңтар мен наурыз айы аралығында басқа да тамырлы көкөністердің сатылымы 542,5 мың тонна болған, бұл картоптың сатылымынан 4 есе аз.

Ең қызығы, Euromonitor сарапшылары пандемия кезінде денсаулығы мен иммундық жүйесіне алаңдаған көпшілік қант жеуді азайтуға тырысқанын анықтап отыр. Бір өкініштісі, әлеуметтік шектеулер алынып тасталған соң, пандемия кезінде сақталған диеталық тәртіптер таз қалпына түскен деуге болады. Ұннан жасалған және кондитерлік өнімдері жан басына шаққанда бір күнде тұтынатын калория мен қант мөлшері жағынан басқа азық-түлікті оздырмайтындықтан сарапшылар: «Азық-түлік пен сусындарды таңдаған кезде ең басты фактор оның дәміне тірелетіндіктен, кондитерлік өнімдер, күлше, тәтті тоқаш, ұннан жасалған тағамдар әлі де алда келеді», деп отыр.

Euromonitor сарапшылары қант, бал және тәтті сусындардың әлі де көп сатылатынын болжайды. Бұлар «қасықтап» жеу үшін ғана емес, үйде пісіретін әртүрлі аз мәзірлеріне, тосап, түрлі сусындар дайындаған кезде де көп қосылады.

Бәрінен де құрамында ең қанты көп ірі азық-түлік санатына – алкогольсіз сусындар кіреді. Олардың ішінде кола сияқты құрамында қант бар сусындар – бірінші орында (барлық алкогольсіз сусындар сатылымының 26%-ы), ал газдалған қант бар сусындардың басқа түрлері – екінші орында (18%). Алкогольсіз сусындар нарығының 10%-ын ішуге бірден дайын шайлар, бөтелкедегі су 22%-ын құрайды.

Сарапшылар отандастарымыздың қантты ұнататындықтан, тәттілендірілген сусындардың әлі де өтімді емес екенін айтады. Дегенмен бұл санатта «саламатты өмір салтының» лебі байқалады. Мысалы, адамдар хош иістендірілген бөтелкедегі суды, ішуге дайын шай мен 100% шырындарды көбірек ұнататындықтан, көбіне таңдау қант қосылған табиғи жеміс шырынына түседі.

Сарапшылар бірнеше жылдың бедерінде жерлестеріміз үшін қанты аз сусындар мен шырындардың маңызы арта түсетініне сенімді. Мәселен, біздің күнделікті өмір салтымызда дастарқанға көбінесе тәтті-мәтті қойып, қант қосылған шай ішу әдеті кең тарағаны таңсық емес. Бұл айналып келгенде қант пен қант қосылған тағамдардың көптеп сатылуына ықпал етеді. Дегенмен сарапшылар тұтынушылардың денсаулық сақтауға жіті назар аударуы өзге де денсаулыққа пайдалы тағамдар мен сусындарға сұранысты арттырады деп болжайды.

Алкогольді сусындардың ішінде сатылымның 84%-ы сыраға, 10%-ы шарапқа, 5%-ы араққа, ал қалған шағын үлесі дайын коктейльдер, ликерлер мен күшті алкогольге тиесілі. Бір қызығы, Euromonitor зерттеулері 2022 жылы алкогольді сусындарды сату өткен жылмен салыстырғанда 4%-ға, яғни шамамен 32 млн литрге азайғанын алға тартып отыр.

Сонымен қатар агенттік сарапшылары Қазақстан Үкіметінің артық салмақ, семіздік мәселесіне жіті көңіл бөлуі нәтиже берді дейді. ДДҰ-ның мәліметіне сәйкес, 2016 жылы осы мәселеге тап болған адамдар саны 33%-ды құраса, 2022 жылы 24%-ға дейін азайыпты. Оған тек саламатты өмір салтын қалыптастыру үрдісі ғана емес, тамақтану стандарттарын енгізу де едәуір ықпал етіп отыр.

2022 жылы Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, өлім-жітімге жиі душар ететін дерттерге қанайналым жүйесі аурулары, тыныс алу жүйесінің ісіктері мен аурулары, уланулар, жарақаттар мен ас қорыту жүйесінің кеселдері кірген. Ең ғажабы, қант диабеті бұл қатарға қосылмай қалған. Қысқасы, қант диабетіне қарсы қабылданған ұлттық бағдарлама мен түрлі науқандар халықтың арасында қант диабеті туралы хабардарлықтың артуы – осы сырқаттан көз жұматындар санын азайтып отырғаны қуантады. Кейінгі жылдары қант диабетіне шалдыққандар саны кеміп келеді.

Нақты деректерге сүйенетін болсақ, Халықаралық Диабет федерациясының мәліметіне сәйкес, Қазақстанда 20-79 жас аралығындағылар арасында қант диабетінің таралуы 2016 жылы – 6,7%-ға, 2021 жылы – 6,3%-ға төмендеген.

Бұған қоса Денсаулық сақтау министрлігі 2021-2025 жылдарға арнап «Дені сау ұлт» жобасын жасағанын еске сала кету керек. Онда саламатты өмір салтын қалыптастыру, медициналық қызметтердің сапасын арттыру, ғылыми медицина мен кадрлық әлеуетті дамыту, денсаулық сақтауда бірыңғай цифрлық кеңістік қалыптастыру сынды міндеттер қарастырылған.

Егер Үкімет көздеген осынау көкейкесті мақсаттар сәтімен жүзеге асып жатса, онда елдегі азаматтардың өмір сапасы дұрысталып, орташа жас 75-ке жетеді деген үміт бар.

АЛМАТЫ

ІЗДЕНІС ІЗДЕРІ

Тәжірибе шыңдайтын алаң

Астанада Денсаулық сақтау министрлігінің қолдауымен «Қазақстанның респираторлық медицинасы: көзқарастармен шешімдердің эволюциясы» атты II Ұлттық респираторлық медицина конгресі өтті. Онда респираторлық медицинаны дамыту келешегі талқыланды.

Сәндібек АСАНӘЛІ,
«Egemen Qazaqstan»

Конгреске пульмонолог, фтизиатр, торакальды хирург, аллерголог, реаниматолог, кардиолог, эндокринолог, педиатр, терапевт, т.б. тәжірибелі дәрігер мамандар қатысты. Саланың білгір мамандары өкпенің интерстициальды ауруларын, бронх демікпесін емдеудің заманауи тәсілдерін, ауыр демікпені, тыныс алу органдарының онкологиялық ауруларын емдеудің заманауи әдістерімен қоса тағы бірнеше мәселені қарастырды. Себебі конгресс респираторлық медицина саласындағы өңірлердің бас мамандарымен өзекті мәселелерді талқылауға, елдегі пульмонологиялық қызметтің және онымен байланысты бағыттардың жұмысын қорытындылауға арналды.

Бұл іс-шараның өтуіне Астана медицина университетінің ұжымы бір кісідей үлес қосты. Университеттің жетекші мамандары пульмонологиядағы озық білім беру технологиялары мен инновациялық ғылыми бағыттарды оқу құралдарына енгізуден кенде қалған емес. Пульмонология бойынша резидентура бағдарламасы университетте 2011 жылдан бастап іске асып келеді. Бұл бағытты 100-ден аса резидент игерген. Осы күні өткен дөңгелек үстел барысында жетекші отандық және шетелдік мамандар, Еуропалық Респираторлық қоғамның өкілдері қатысты. Сондай-ақ конгресте респираторлық медицина саласында қолданылатын дәрілік заттар, медициналық бұйымдар мен жабдықтар жөнінде постерлік сессия, көрме ұйымдастырылды.

ТӘНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Қант диабетіне шалдыққандарға көмек

Елімізде бірінші және екінші типтегі қант диабетімен ауыратын 400 мыңнан аса пациент болса, осы қатарға жыл сайын 18 мыңнан 30 мыңға дейін науқас қосылады екен. Қант диабетіне шалдыққандар тек елде ғана емес әлемде көбейіп барады. Бетін аулақ, кейбір деректерде 2045 жылға қарай әлемде 783 млн пациенттен осы кесел анықталады деген болжам бар. Қант диабетімен күрес күні қарсаңында өткен баспасөз мәслихатында тақырыпқа қатысты көптеген мағлұматқа қанықтық.

Сәндібек АСАНӘЛІ,
«Egemen Qazaqstan»

Жиында Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық көмекті ұйымдастыру департаментіне қарасты басқарманың басшысы Гүлнар Мақсұтова министрліктен көрсетіліп жатқан қолдаулар жайында айтты.

– Жыл сайын 14 қарашада Қант диабетімен күрес күні аталып өтеді. Осы күнде қант диабетін емдеудің әдістері мен алдын алу шаралары туралы ұсыныс-пікірлер айтылады. Қант диабеті – елде әлеуметтік маңызы бар аурулардың қатарында. Сондықтан пациенттер міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде тегін емделе алады. Еліміздегі клиникалық хаттамалар қант диабетін зерттеу бойынша жетекші кәсіби ғылыми қауымдастықтардың стандарттарына сәйкес келеді. Сонымен қатар үнемі қайта қаралып, жаңарады. Мемлекет қант диабетімен өмір сүретін адамдарға қолдау көрсетеді және пациенттерді барынша дәрілік заттармен, қажетті еммен тегін қамтамасыз етеді. Тегін емделетін пациенттерге сенімді дәлелді базасы бар препараттардың барлығы дерлік қолжетімді, сондай-ақ олар жалпы сақтандыру аясында диагностикалық скринингтен өтеді, – дейді Г.Мақсұтова.

Күнделікті тіршіліктің қамымен жүрген тұрғындардың едәуір бөлігі өзінің қант диабетімен ауыратынын бірден біле бермейді екен. IDF деректері бойынша 2021 жылы елде 808 мың адам қант диабетімен алысып өмір сүрген. Оның ішінде 320 мыңға жуық отандық диагноз қойылмаған қант диабетіне шалдығыпты. Конференция барысында Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс балалар эндокринологі Гүлмира Әбдуахасова диабеттің таралуының негізгі себептері жайында айтып берді. Себебі қант диабетімен ауырған науқастар жылдан-жылға көбейіп, балалардан да жиі анықталатын болған. Денсаулық сақтау министрлігінің дерегі бойынша былтыр елімізде 5 447 бала аурудың осы түрі бойынша есепте тұрған.

Диабеттік ата-аналар комитетінің президенті Руслан Зәкиев комитеттің атқарып жатқан жұмысы туралы әңгімеледі. Негізі комитет пациенттерге күтім көрсету сапасын, олардың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында қант диабетімен ауыратын науқастарды ақпараттандырумен, қорғаумен айналысады. Осыдан соң «Ново Нордиск Казахстан» ЖШС бас директоры Рана Азфар Зафар қант диабетімен күресте компанияның қолға алған міндеттері жөнінде баяндады.

– Компания қант диабетімен күресте үздіксіз медициналық білім беру бойынша жобаларды іске асырады. Ғылыми зерттеуге көңіл бөледі. Қант диабетімен өмір сүретін адамдар үшін терапияның инновациялық әдістерін пайдалана отырып шешімдер ұсынады. Сонымен қатар ересектер мен балаларға арналған қант диабеті туралы ақпараттық материалдардың басын құруға бастамашы болып келеді. Компания биыл және келер жылы халықты қант диабеті жөнінде ақпараттандыру бойынша жұмысты жалғастырады, – деді компания басшысы.

Конференция соңында тараптар қант диабетіне шалдыққан пациенттерді емдеуде үздік нәтижеге қол жеткізу үшін күш біріктірудің маңызын атап өтті.

Игі бастама ізгілікке жетелейді

Елордалық жастардың басын қосатын зияткерлік орта көбейіп келеді. Соның бірі – ана тілінің қолданыс аясын кеңейтуді көздеген «Unknown Kazak talks» жобасы. Алаңда елге танымал белсенділер өзекті мәселелерді ортаға салып, ұсыныс-пікірлерін айтады. Игі бастама айына бір рет тұрақты ұйымдастырылады.

Ағартушылық жолды ұстанған жобаның авторлары – Диас пен Айгерім Камеридановтар. Алғаш бастаманы блог ретінде жүргізген олар қазір Алаштың тарихы мен мәдениетіне, қоғамдағы өзекті мәселелерге қатысты жан-жақты ой орамдарын тыңдауға ұмтылған жастардың басын қосып, офлайн кездесулер өткізіп жүр.

«Диас екеуіміз ойлана келе, жаңа форматқа көшудің жолын қарастырдық. Бетпе-бет жүздесіп қабылданған ақпараттың әлеуеті басым екені айқын. Сондықтан алғашында оқырмандар арасында бір кітапты таңдап, оны оқып, түйгенімізді талдау, талқылау мақсатында кездесулер ұйымдастырып жүрдік. Бүгінде оның аясы ұлғайып, talks деңгейіне жетті. Оны «Unknown Kazak talks» заманауи қазақ интеллигенциясы деп атадық. Қазір төрт қалада өткізіліп тұрады. Жұмыстың ортасын, танымалдылығын арттыру мақсатында әзірге спикер ретінде көптің алдында сөз бастай білген медиа өкілдерін, белсенділерді шақырып жүрміз. Жоспар бойынша кейін алаңға айтары бар тұлғаларды тартамыз. Біздегі тағы бір ерекшелік – кездесудің бәрі тегін», деді А.Камериданова.

Көптің көңілінен шыққан talks-тың біріне біз де қатысып көрдік. Шақырылған спикерлердің бедел-белсенділігінен болар сағат 12.00-де басталатын жиынға, көпшілік 11.00-де келіп, ЭКСПО-ның конференц алаңын бірден толтырды. Бұдан елордалық жастардың толық ана тіліндегі жиындарға сусап жүргенін аңғардық. Кездесу әнұранмен басталды.

«Мұндай басқосулардан қалмаймын. Әр спикерге 20 минут бөлсе де, жаңа адамдармен танысуға, ақпарат алмасуға жол ашады. Біз үнемі әлеуметтік желіден бақылайтын, ойымыз ұштасатын белсенділерді таңдап, шақыратыны ерекше ұнайды. Мәселен, бір talks-та педагог, ата-ана мен баланың қарым-қатынасын зерттеуші Ескендір Бестай баяндама жасады. Бұған дейін YouTube платформасында подкасттарын тыңдап, сұхбаттарын қарап жүрдім. Себебі маған білім беру саласындағы белгілі бір әдістемелер қызықты. Сондықтан жастардың басын қосатын, заманауи әрі қазақы танымды кеңітетін алаңдардың көп болуы өте керек дүние», деді қала тұрғыны Сымбат Әбіл.

Күні бүгінге дейін кездесулерде көп алдында сценарист, жазушы Перизат Мырзахмет «Қазақтың құпия қаруы – сөз», дубляж режиссері Шах-Мұрат Ордабаев «Театр және Голливуд фильмдерінің дубляжы», мәдениеттанушы, аудармашы, философия ғылымдарының кандидаты Зира Наурызбай «Қазақ тілге қайтар жолым», IT саласының маманы, Орталық Азия бойынша Google бағдарламашылар ұжымының үйлестірушісі, жеті жыл АҚШ және Канадада өмір сүрген Мақсат Қадыров «Есің барда еліңді тап», білім беру саласындағы кәсіпкер Дайана Портнягина «Қазақтар сахаларды танып, қолда бар алтынын қадірлесе екен деймін», Кембридж университетінің түлегі, «Astana Garden School» негізін қалаушы Нұрмұхаммед Досыбаев «Қазақ білімін не үшін брендке айналдыруымыз керек?», медиа, анимация, әдебиет және музыка салаларының маманы Мақпал Жұмабай «Қоғамды өнер арқылы өзгертуге бола ма: ÖzgeEpic жолы», алаштанушы Елдос Тоқтарбай «Алаш элитасы: тұлғалық даму, көшбасшылық, зияткерлік» тақырыбында және тағы басқа қоғам белсенділері баяндама жасады.

«Алаш қайраткерлерінің әрқайсысы ең соңғы сағатын, ең соңғы күнін «Ертең болмай қаламын» деген мақсатта өткізді. Уақыт құндылығының жарқын көрінісін биыл туғанына 130 жыл болған Сұлтанмахмұт Торайғырұлынан көреміз. Ақын, ағартушы 27 жыл ғана ғұмырында 1 роман, 5 поэма, 170 өлең, 28 мақала жазып кеткен. Қайраткердің Жүсіпбек Аймауытұлына жазған хатында: «Жұмасына екі рет «обед» етем құр шай мен нан. Киім алғаным жоқ. «Кинематограф», вечерлерге бір мәрте болсын барғаным жоқ. Күні-түні айналдырғаным ала қағаздың беті. Әкем менен малын не аясын? Бірақ ел болып қорқып, атты алады, малды талайды деп қалаға қатынаспай жатыр ғой деп ойлаймын…Халім осы. Сонда да қайғырмаймын. Бір тиыным қалғанша оқимын. Сонан соң тұрмыс қандай жүк салса да көтерем, бірақ көңілім оқуда болмақ…» деп жазады. Сондай-ақ ол тағы бір сөзінде «Құдай маған бір жыл ғұмыр беретін болса, мен шет тілдерінен һәм хатыменен толық үйреніп алғым келетін тілдер бар. Олар: ағылшын, неміс және француз тілі» деп көрсетеді. Ағартушы тек Троицк медресесін оқыған, мұғалімдер семинариясына қабылданған. Бірақ денсаулығына байланысты оқи алмаған. Кейін Том қаласына барып, кейін Алашорда үкімет мүшесі болған Әлімхан Ермекұлының жатақханасында жатып, орыс тілін үйреніп алған. Біртуар тұлғаның қалдырған бір керемет сөзі: «Жасасын, Алаш, жасасын!» деген ұранды 21 жасында жазып кетті», деді Елдос Тоқтарбай.

Алаштанушы қазақтың осындай біртуар нар тұлғаларының өмірлерінен өнегелі фактілерді келтіре отырып, жиылған жастарды еңбек етуге, талаптануға, ұлтқа қызмет етуге үндеді. Тағы бір кездесуде Ирина Кайратовнаның мүшесі, сценарист, музыкант Алдияр Жапарханов отандық өнімді ілгерілетуге тұсау болатын дүниелерді тізбектейді. Оған мысал ретінде қазақ футболының мәселесін алған.

«Егер елдегі футболды барып көрсеңіздер, жалпы қазақ қоғамының проблемасын көруге болады. Біріншіден, инфрақұрылым. Республикада «жақсы» деген екі-ақ стадион бар. Ол «Astana Arena» және Алматы орталық стадионы. Басқа өңірдегі алаңдардың көпшілігі кеңес өкіметі кезінде салынған. Салдарынан ірі матчтар жергілікті аймақтарда өткізілмейді. Бұл фактордың ар жағындағы негізгі мәселе – сыбайлас жемқорлық. Италиядағы Удине қаласынан шыққан «Удинéзе» футбол командасы бар. Олардың стадионына шамамен 25 мыңнан аса адам сыяды. Негізі кезіндегі сыйымдылық 40 мың болған. Жөндеу жұмыстарынан кейін азайды. Сол стадионды салуға 15 млн еуро кеткен. Тағы бір мысал, Түркістандағы арена. Басында жауаптылар халық сыйымдылығы 25 мың болады деген, жарты жылдан кейін 15 мың, араға уақыт салып ол 8 мыңға дейін түседі. Бірақ бөлінген қаржы азаймаған. Сол жерде Қазақстан премьер лигасының бірінші туры өтті. Алғашқы матчта-ақ шатыры ұшып кетеді. Екіншіден, футбол көруге келгендердің басым бөлігінің мәдениеті төмен», деді ол.

Спикер сөзін қай салада болсын сыбайлас жемқорлықтың салдары бүтін бір елдің дамуын тежейтінін айтып түйіндейді. Бұл тезистер адамды ойландырмай қоймайды. Осылайша, өзекті мәселелерді көтерген «Unknown Kazak talks» жобасы айтары бар, сыни көзқарастағы жастардың басын жиі қосуды жоспарлап отыр.

Жастардың бойында еркіндік басым

Бүгінде еліміздегі әр үшінші тұрғын – 35-ке дейінгі азаматтар. Демек, мемлекеттің даму бағытын айқындауда ұлттық және халықаралық деңгейде жастар қалыптастырып жатқан өзгерістерді ескеру қажет. Осы орайда «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Айсұлу ЕРНИЯЗОВАНЫ әңгімеге тартқан едік.

– Ресми риторикада «Жастар – мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі» дегенді жиі естиміз. Ал сарапшылар арасында еліміздегі осы санаттағы азаматтарда немқұрайдылық пен инфантилділік бар деген пікір басым. Сіз қалай ойлайсыз, екіжақты дилемма қалыптасып отырған жоқ па?

– Жас буынның инфантилділігі туралы тезис – қоғамның күн тәртібінде тұрған мәселе. Өйткені мемлекет кейінгі жылдары ғана жастарды дербес субъект ретінде қарастыра бастады. Ал жекелеген бақылаушылар әдеттегідей оларды «сен тимесең, мен тиме» қалпында деп, өткеннің нарративіне салады. Бұған қарапайым ғана мысал келтірейін. Қазір әлеуметтік желіде кеңінен танымал қоғамдық-саяси подкасттардың басым бөлігін жастар жүргізеді. Әсіресе «Замандас», «Dope Soz», «Aitpa». Сондай-ақ «Обожаю», «За нами уже выехали», «Narikbi Live», «Nursultan Qurman», «Jurttyn balasy», Сырым Итқұловтың арнасын да атап өтуге болады. Тіпті жуырда ғана «Міржақып. Оян, қазақ!» фильмін тамашалауға жастардың белсене барғанына көпшілік куә. Осыдан біраз дүниені аңғаруға болады. Бұл жас буынның өмірге деген көзқарасының өзгергенін көрсетеді. Олар қазірде қоғамдағы өзекті мәселелерді жай сырттан бақылап қана қоймай, баламалы ұсыныс-пікірін ортаға салып, жаңа бағыт қалыптастыруда өзінше үлес қосып жүр.

Мұны әлеуметтанулық зерттеулер де растап отыр. Біздің орталықтың деректерін ескерсек, респонденттердің тек 26,3 пайызы саясатқа қызығушылық танытпайтынын көрсетті. Сауалдамаға қатысқандардың 50,3 пайызы волонтерлік және еріктілік қызметке қатысатынын айтса, 4,8 пайызы қатысуды жоспарлап отыр. Былайша айтқанда, жастар көлеңкеден шығып, қоғамның өміріне араласып жүргісі келеді. Меніңше, бұл өзгерістердің дені Мемлекет басшысының саясаты мен қоғамдағы трансформациясымен байланысты.

– Яғни қазір билікке дербес, өз еркімен әрекет ететін жастар қажет дегіңіз келе ме?

– Мемлекет осы бастаманы қолдап та жүр. Себебі елдегі жүргізіліп жатқан реформаларды жастар үшін «қамқорлыққа алынған тұлға» санатынан шығып, қоғамдық өмірдің тең құқылы мүшесі ретінде қалыптасуына шақыру деп қарастыруға болады. Билік тарапынан жас буынның кітап оқуына, сауаттылықты арттыруға зейін қойылып, еңбек, білім, жауапкершілік, кәсіпқойлық сынды оң құндылықтарды насихаттауда үлкен көңіл бөлініп отырғанын байқаған боларсыз. Бұл – жастардың өзіндік ой-өрісін қалыптастыруға, санасезімін арттыруға, дүниетанымын кеңейтіп, өмірлік ұстанымын бекемдеуге негіз. Осы тұрғыда Мәдениет және ақпарат министрлігі жастар саясаты саласында елеулі өзгерістерді жүзеге асырғанын атап өткен жөн. Биыл заңнамаға жаңашылдық енгізіліп, жастардың санаты 35 жасқа дейін ұлғайды. Жаңа тұжырымдама қабылданды. Онда «жастар үшін» қағидатымен қоса «жастармен бірге» мотивіне басымдық берілгені айқын көрініс тапты. Мемлекеттік жастар саясатын орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар жоғарыдан төменге тігінен емес, көлденең бағытта – шешім қабылдау үдерісіне жас буынды тарта отырып жүзеге асыруы керек.

– Орталықтың жастар туралы әлеуметтік зерттеулерін «Жастар лайф»-тың өткен нөмірлерінде жариялаған едік. Құжаттарда лудомания лаңы, есірткіге тәуелділік, зорлық-зомбылық сынды мәселелер көтерілген. Осы ретте сандарды сөйлетсек.

– Мемлекеттік жастар саясаты жастардың әлеуетін дамыту және іске асыру үшін жағдай жасауға ғана емес, сонымен қатар азаматтардың әлеуметтік осал санатын қолдауға бағытталған. Бұл топқа лудомандар, нашақорлар және зорлық-зомбылық құрбандары да кіреді. Біздің эмпирикалық деректер құмар ойынға елірген жастар қатары өскенін растайды. Мәселен, былтырғы зерттеуде жастардың 1,2 пайызы бәс тігетінін айтса, биыл бұл көрсеткіш 3 пайызға жетті. Сондай-ақ сауалдамаға қатысқан жастардың 39,5 пайызы көп уақытын компьютерлік ойынға жұмсайтынын көрсеткен. Ал «Есірткісіз болашақ» корпоративтік қоры жүргізген әлеуметтанулық зерттеуге сүйенсек, республикадағы 17-25 жас аралығындағы азаматтар арасында суицид жасауға талпынған құрбандардың 69,4 пайызы онлайн-казино, букмекерлік кеңселер мен микроқаржылық ұйым алдындағы берешегінің көп болғаны себепті осындай қадамға барғанын айтқан. Осы және басқа да деректер аталған проблемалар өзара байланысты болуы мүмкін екенін аңғартады. Бұл жерде психологиялық факторды да жоққа шығаруға болмайды. Тәуелділікке ұшыраған құрбандармен жұмыс істеген психологтер балалық шақтағы жан жарасы мен отбасылық жанжал лудомания мен нашақорлықтың факторлары болуы мүмкін екенін айтып дабыл қағады.

Жалпы, жастар арасында лудомания мен есірткінің кең таралуы кешенді жұмысты қажет етеді. Мұның салдарымен күресу үшін алдымен нақты себептерін ғылыми негізделген түрде анықтап алып, превентив шараларға көшу керек. Бұл мемлекеттік және бюджеттік жоспарлау тұрғысынан да тиімді.

– Жас ортада қандай трендтер бар?

– Жастар – еліміздің ең ірі әлеуметтік-экономикалық топтарының бірі. Олардың қажеттіліктері мен мүддесі қоғамның жалпы жағдайын тікелей көрсетеді. Орталық тұрақты негізде талдамалық баяндамалар жариялап тұрады. Онда мамандар осы санаттағы азаматтар арасындағы қазіргі үрдістерді анықтайды. Бүгінде жастардың көзқарасымен ең өзекті деп танылған трендті атап өтейін. Олар: қаржылай тәуелсіздік (48,2%), жартылай немесе толық қашықтан жұмыс істеу (26%). Бұл таңдаулар қазіргі ұрпақтың шыңдалудың, жұмысқа тұрудың, патернализмнің дәстүрлі түрлерінен алшақтай бастағанынан хабар береді. Яғни құндылық параметрлері өзгеріп жатыр. Бойларында еркіндік басым. Сәйкесінше, жаһандық мәдени кеңістікте жастарымыз танымал бола түседі.

– Әңгімеңізге рахмет.

Тұрғын үй бағдарламасы:
5 мың теңгелік пәтер кімге бұйырады?

Осымен төрт жыл қатарынан еліміздің үш мегаполисінде «Жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы жүзеге асырылып келеді. Ол үшін жыл сайын Астана, Алматы, Шымкент тұрғындарына орта есеппен 1 мың жаңа пәтерден бөлінеді.

Бүгінде бағдарлама шеңберінде үш қалада 10 мыңға жуық үй жалға берілген. Үкімет жұмыс істейтін жастарға 2025 жылға дейін 12 мың баспана бөлуді жоспарлап отыр. Жоба шарты бойынша үш жыл өткеннен кейін жалға алушы бөлінген тұрғын үйді босатуы керек. Мұндағы басты мақсат – 35-ке дейінгі отандастарымызға баспана сатып алу үшін алғашқы жарна жинауға қолдау білдіру.

«Былтырға дейін жастар санатына 29 жасқа дейінгі азаматтар енсе, биылдан бастап жас шегі 35 жасқа дейін ұзартылды. Алдыңғы уақытта үйлер 5 жылға берілген еді. Қазір 3 жылға қысқартылды. Олардың міндетті түрде зейнетақы қорында аударылған міндеттемелерімен бірге ресми түрде жұмысы болуы керек», деді Шымкент қаласы тұрғын үй басқармасының есепке алу және тұрғын үйлерді бөлу бөлімінің басшысы Жұлдызай Ордабекова.

2023-2025 жылдары қалалардың әрқайсысында қосымша 3 мың жалға беру пәтерлерін сатып алу үшін жергілікті бюджеттерден 32,3 млрд теңге бөлу жоспарланыпты. Елордада 770 жас пәтермен қамтылады. Бір ерекшелігі, баспана жалдау бағасы шарықтап тұрғанда, бұл үйлердің ай сайынғы төлемі небәрі 5000-15000 теңге болады. Астанада құжаттарды қабылдау мерзімі 6 қарашадан 12 қарашаға дейін «qatysu.zhilfond.kz» порталы арқылы электронды түрде жүргізілді. Ал Шымкенттік жастар 8-10 қараша аралығында «kezekte.kz» порталында электронды цифрлық қолтаңбасы арқылы өтініш берді. Биыл өңірде жыл соңына дейін «Тұран» шағын ауданында орналасқан 800-ден аса пәтерді жалға беру көзделген. Алматыда мыңға жуық пәтер қарастырылыпты.

Жоба талабы бойынша «Жастар» бағдарламасына қатысушыларға қойылатын басты талаптар: азаматтың жасы 35-ке толмаған, жұмыс істейтін болуы; орта, орта-арнайы, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болуы және ресми жұмыс орны болуға тиіс; өтініш берушінің Астана, Алматы, Шымкент қаласында өтінім бергенге дейін кейінгі 3 жылдан кем емес тұрақты тіркеуде болуы; Астана, Алматы, Шымкент қаласында өтініш берушінің отбасы мүшелерін (жұбайы және балалары болған жағдайда) тұрақты тіркеуі болуы; өтініш берушіде және отбасының барлық мүшесінде Қазақстан Республикасы бойынша меншік құқығындағы тұрғын үйдің, сондай-ақ өтінім берген кезде кейінгі 5 жыл ішінде сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үйдің болмауы; төлем қабілетін растау (соңғы 6 айда өтініш берушіде ай сайынғы табысы кемінде 40 АЕК немесе 138 000 теңге болуы керек).

Зейін ЕРҒАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

ЕСІМІ ЕЛДІҢ ЕСІНДЕ

Кенесарының тарихи рөлін зерделеген

тарихшы-ғалым Елтоқ Ділмұхамедов туралы

Биыл көрнекті тарихшы Елтоқ Ділімбетұлы Ділмұхамедовтің туғанына 120 жыл толды. Тарихымызды тануда бірі білсе, бірі біле бермейтін, ел үшін атқарған орасан зор еңбегі бар ғалым осыдан 77 жыл бұрын «Кенесары – халық қаһарманы» деген тұжырым жасады. Бірақ осы үшін кеңестік саясаттың неше түрлі теперішін де көрді.

Қоллекция жасаған – Ғаділ СМАҒҰЛ, «ЕҚ»

Қазақтың тарих ғылымында елеулі орны бар Елтоқ Ділмұхамедов 1903 жылы 21 қыркүйекте Шымбай уезі, Көккөл болысының Көккөл ауылында (қазіргі Қарақалпақстан Республикасының Шымбай ауданы) дүниеге келген. Сол жылы қуаңшылық болып, елді аштық жайлаған көрінеді. Әкесі Ділімбет алдағы берекелі күнге ырымдап, кенже ұлының есімін Елтоқ деп қойыпты.

Үйдің үлкендері артына ерген бауырларын жастайынан еңбекке баулып өсірді. Үлкен ағасы Жолыш Мойнақ аралындағы балық зауытында, Елубай, басқа да ағалары әртүрлі шаруашылықта еңбек еткен. Патулла ата-анасына қолғабыс етсе, Наурызалы ғана Қарақұм медресесінде білім алды. Елтоқ медреседе оқып жүрген ағасына тамақ тасып жүріп, арабша тіл сындыра бастайды. Ол да жастайынан еңбекке ысылып, 12 жасынан бай ағайындарына жалданып жұмыс істейді. Бала күнінен ағалары Жолыш, Наурызалы, Патулла, Елубай, қарындасы Зылиха үлкендерді сыйлап, бір-бірін қолдап жетілді.

1916 жылдың жазында Елтоқтың ата-анасы Көккөлден көшуге мәжбүр болады. Бұған сол жылдың 25 маусымында II Николай патшаның «19 бен 43 жас аралығындағы түзем ер-азаматтарын Бірінші дүниежүзілік соғыс майдандарындағы армияның қорғаныс құрылыстары мен әскери байланыс бекіністерін салу жұмысына тарту туралы» жарлығы себеп. Осы жарлыққа қарсы Шымбай ауданы мен Шымбай қаласында халық толқуы басталып, уездік пристав өлтіріледі.

Елтоқтың әке-шешесі әуелі Әмудария жағасына, одан қазіргі Ақтөбе облысына қоныс аударып, Бестамақ стансасына барып аялдайды. Онда 1914 жылы тұрмысқа шыққан Зылиха, сонымен қатар жақын туыстары Көшенбай Тәжібаев пен Мұхим Есмағамбетов тұратын еді. Өкініштісі, Елтоқ Ділмұхамедовтің әке-шешесі Бестамаққа жеткенде, қызы мен күйеу баласы сүзек ауруынан көз жұмады. Тәжібаевтардың үйінде уақытша аялдап, қысқа кезеңге көп жалдамалы жұмыс қажет болған соң Елжан Итесовтің үйін паналайды.

Елтоқ Ділмұхамедов 1923 жылы Өзбек КСР-нің Хиуа қаласындағы кеңестік партия мектебіне оқуға түседі. 1924-1930 жылдары Орта Азия коммунистік университетінде оқып, 1930 жылдың 1 қаңтарынан 1 сәуіріне дейін рабфакта қоғамдық ғылымдар бойынша оқытушы қызметіне кіріседі. Жұмыс барысында ол қоғамтану пәнінің мұғалімі ретінде жоғары қабілетін көрсете білді. Сөйтіп, ол 1927 жылы Қарақалпақ АКСР-іне Қоңырат аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушілігіне бір жылдық тәжірибелік жұмысқа жіберілді.

Елтоқ Ділімбетұлы 1928 жылы тамызда Ташкентке қайта оралып, 1930 жылы мамырда университет бітіреді. Жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін 1934 жылға дейін Қызылорда облыстық, Қостанай облысаралық партия мектептерінде партия тарихы пәнінің мұғалімі, кейін Ақтөбе жоғары коммунистік ауыл шаруашылығы мектебінде ассистент болып жұмыс істеді.

Белгілі ғалым 1934-1938 жылдары Ташкенттегі марксизм-ленинизм институтында оқыды. 1941 жылдың 26 шілдесінен Қарақалпақ мемлекеттік педагогикалық институтында аға оқытушы, 1941 жылдың 16 тамызынан бастап марксизм-ленинизм негіздері кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарды. Алайда 1942 жылы 20 шілдеде әскерге шақырылуына байланысты жұмыстан босатылды. Қоғамдық өмірде қай салада болсын, Е.Ділмұхамедов бар жан-тәнімен жұмысқа құлшына кірісіп, бастаған ісін нәтижелі аяқтап, әрдайым қатарының алды болды.

Тарихшы-педагог ретінде Е.Ділмұхамедов түрлі мектептер мен оқу орындарында, соның ішінде Қызылорда қаласындағы облыстық партия мектебінде (1930-1931), Қостанай қаласындағы облысаралық мектепте (1931-1934), Ақтөбе, Ташкент қалаларындағы Жоғары облыстық ауылшаруашылық мектебінде (1933-1934), Шымкент қаласындағы партия курстары (1938-1939), Республикалық ауылшаруашылық ұжымшар техникумы, Өзбекстан Компартиясы Орталық Комитетінің курстарында, Ташкент қаласында (1939-1941), Қарақалпақ АКСР-нің Төрткүл қаласындағы Мемлекеттік педагогика институтында (1941-1942) және Ташкент қаласындағы медицина институтында (1942-1947) қызмет атқарды.

1947 жылдан бастап Елтоқ Ділімбетұлы Қазақ КСР Ғылым академиясының Тарих, археология және этнография институтына ғылыми қызметке алынады. 1954 жылы жаңа тарих бөліміне, кейін революцияға дейінгі Қазақстан тарихы бөліміне аға ғылыми қызметкер болып тағайындалды. 1977 жылдан бері ғалым сол кафедраның ғылыми кеңесшісі болып, 1982 жылы зейнетке шықты.

Елтоқ Ділмұхамедовтің кандидаттық ғылыми зерттеу тақырыбы – Кенесары Қасымов бастаған ұлт-азаттық соғыс мәселесі еді. Бұл зерттеу оған оңайға түспеді. 1946 жылы 17 желтоқсанда Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде тарихтағы көкейкесті мәселені талдап, кандидаттық диссертация қорғады.

Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстағы Хан Кене рөліне байланысты Е.Ділмұхамедов мынадай ғылыми теориялық тұжырымдарын келтіреді: 1) Хан Кенесары Қасымов 1837-1847 жылдардағы қазақ халқының тәуелсіздігін сақтау жолындағы патшалық Ресейге қарсы көтерілісін басқарды. Оның күресі халықтың ортақ мүддесі мен қазақтардың тәуелсіздігін сақтау талаптарын көрсететін прогрессивтік мәнге ие. Кенесары өзін ержүрек қолбасшы, дарынды басшы ретінде ғана емес, білікті дипломат ретінде де таныта білді. Оның күресі тәуелсіз Қазақ мемлекетін құру жолында Ресей патшалығына да, Қоқан хандығына да қарсы бағытталды. Кенесары Қасымовтың күресі ерлік сипатқа ие болып, рулар арасындағы ежелден келе жатқан өзара тартыс үрдісіне қарамастан, қалың бұқараны одан да маңызды шайқас – тәуелсіздік үшін шайқасқа тарта білуімен ерекшеленді. 2) Кенесары Қасымов әкесі мен ағаларының ауыр халін ұғына отырып, халқының абыройы үшін сыртқы жаулармен ерлікпен соғысты. 3) Хан Кене даңқты атасы Абылай ханның жолын жалғастырса, көтеріліс басылғаннан кейін оның ізін ұлдары Жаппар мен Сыздық басты. 4) Сыздық Орта Азиядағы батырлардың бірі де бірегейі болды. Ол отарлау саясатына қасқая қарсы тұрды. 5) Қазақ даласын отарлауды Абылай бірнеше онжылдыққа шегерген болса, Сыздық Кенесарин де дәл сол жолды ұстанды. Кенесарының азаттық күресі Шәмілдің Кавказдағы күресіне ұқсас: екеуі де азаттық үшін күрескер, патша күштерін айтарлықтай күйретіп титықтатты. Соның салдарынан патшалық Ресей жергілікті халық арасындағы барлық ықпалын жоғалтты. 7) Кенесарының жасақтарында орыстар, өзбектер, башқұрттар, татарлар, т.б. болды. 8) Кенесары патшалық феодалдық Ресейге қарсы күресті. Кенесары күресі патшалық Ресейді ыдыратуға, әлсіретуге бағытталған. Оның күресі шынайы түрде прогрессивті болды. Сұлтаннан шыққанына қарамастан халық көтерілісінің негізгі қозғаушы күші. Тәуелсіздік жолындағы Абылайдан бастап, Кенесарыға дейінгі ұлт-азаттық дәстүрлері ұлттық қозғалыстың жаңа толқынына күшті серпін болды. Осы және тағы да басқа ғылыми тұжырымдар - қазіргі таңдағы Кенесарының көтерілісін зерттеуде өте құнды ақпараттар.

> “ 1954 ЖЫЛЫ ЕЛТОҚ ДІЛМҰХАМЕДОВ «XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: КЕНШІЛЕРДІҢ РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫ» ДЕГЕН ТАҚЫРЫПТА ЕКІНШІ КАНДИДАТТЫҚ ДИССЕРТАЦИЯСЫН СӘТТІ ҚОРҒАДЫ. АЛ 1973 ЖЫЛЫ «XIX ҒАСЫРДАҒЫ СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАУ-КЕН ЖӘНЕ ФАБРИКАЛЫҚ ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ЖҰМЫСШЫ ТАБЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ» ДЕГЕН ТАҚЫРЫПТА ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯ ҚОРҒАДЫ

Кейіннен 1951 жылы Жоғарғы аттестациялық комиссия «К.Қасымов көтерілісін «қауіпті» реакциялық қозғалыс» деп жариялап, оған тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін беру туралы шешімнің күшін жойды. Е.Ділмұхамедов Кенесары Қасымовтың «реакциялық-монархиялық» қозғалысын жариялауда саяси «қателік» жіберді деп партиядан шығарылды. Алайда 1953 жылы Алматы обкомының шешімі жойылған соң оны ҚКП ОК бюросының қаулысымен партия қатарына қайта алды.

1954 жылы Елтоқ Ділмұхамедов «XX ғасыр басындағы Қазақстан: кеншілердің революциялық қозғалысы» деген тақырыпта екінші кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. Ал 1973 жылы «XIX ғасырдағы Солтүстік және Орталық Қазақстандағы тау-кен және фабрикалық өнеркәсіп және жұмысшы табының қалыптасуы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

Е.Ділмұхамедов Қазақстан тау-кен өнеркәсібінің пайда болуы және жұмысшы табының дамуына қатысты мәселелерді зерттеді. Сонымен қатар көрнекті ғалым «Қазақ КСР тарихын» дайындауға белсене қатысып, 90-ға жуық ғылыми еңбек пен мақала жариялады. Оның «Ұлы Отан соғысындағы ерен еңбегі үшін (1941-1945)» және «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай ерен еңбегі үшін» медальдарымен марапатталды.

Елтоқ Ділмұхамедов жас ғалымдарға ғылыми зерттеулер жүргізуде әрдайым қолұшын созып отыратын. Ғалымға жазған хаттарының барлығында да ұлы ғалымның адамдық пен адамгершілік, мейірбандығы мен өзгелерге деген ілтипаты байқалады.

Атақты қазақ ғалымы Е.Д.Ділмұхамедов 1990 жылы 18 наурызда Алматыда қайтыс болды. Ғалымның жеке қорын ұлы Олег Елтоқұлы 1992 жылы Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының Орталық мұрағатына өткізді.

Көрнекті ғалымның жүріп өткен ғылыми қызметінің тарихи маңызы зор. Оның ғылыми шығармашылығы тарихшы ғалымдардың бір емес бірнеше буынын тәрбиеледі. Талантты ғалымның бай ғылыми мұрасы әлі де тиянақты зерттелуі керек. Ғалымның ғылыми тұжырымдарының өзектілігі өз құндылығын жойған жоқ. Қатаң партиялық бақылауға қарамастан қазақ тарихы үшін батыл қадамдар жасай білген қайсар мінезді ғалым барлығымызға үлгі десек артық айтқанымыз емес деп білемін. Биылғы жылы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты қарар қабылдап, Республикалық ғылыми конференция өткізуді жоспарлап отыр. Ғалымның еңбектері академиялық «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы жеті томдықта» пайдаланылды. Халық даналығындағы «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» дегеннің мәні осы болса керек...

Зиябек ҚАБЫЛДИНОВ,
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология
институтының директоры,
ҰҒА корреспондент-мүшесі

ҒИБРАТ

Қу басты таныған сыншы

Қазақтың ежелгі генетикалық жадысынан орын алған ұлттық қасиеттерінің бірі һәм бірегейі ат сыншылығы. Бұл туралы ел ішінде небір аңыз-әңгімелер жетерлік. Атап айтсақ, соның бірі – XVII ғасырда өмір сүрген атақты Толыбай сыншы. Бұл кісінің сыншылығы хақында ғұлама атамыз Мәшһүр Жүсіп және жазушы Сәуірбек Бақбергеновтің жазбаларында кездеседі.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Толыбай сыншы жолаушылап келе жатып, анадай жерде жатқан аттың қу басын көзі шалады. Тізгінді тартып тұра қалып: «Мынау ерен жүйріктің басы екен, имек тұмсық, бөкен танау, көзінің ойындысы терең, жар қабақ, екі жақтың ортасы алшақ, тістері әлі жалтырап тұр, сүйегі қандай асыл еді жануардың. Мына тұмсығына қарағанда шоқтығы биік, аяғы ұзын, қоян тірсек, серпіні қатты, сіңірлі екен. Құмдауыт, босаң, көбелең жерде бәйге бермейтін жылқы. Жасы тоғыздан асып, онға қараған дер шағында өлген екен, жануар. Аттың өлгеніне үш жыл болыпты», депті.

Қасындағылар шын жүйріктің сыны қалай? – дегенде: – Шырақтай жанған томаға көзі болады, етектей еріні болады, қас албасты қабақты келеді, от орнындай тұяқты келеді. Ал шықшыты оралып жатқан түбектей болады, құлағы көлге біткен құрақтай болады, жалы күлтеленген жібектей болады. Құйрығы қынаптан шыққан қанжардай, жауырыны сыпыра шапқан тақтайдай, омыртқасы отаудай болады. Мықыны тар, сауыры зентекті қара көмірдей, жамбасы ұста соққан сандалдай болады. Кебеже қарын, кең құрсақ, сүбелік жері тастан соққан қорғандай, төсі тастан құлаған бұлақтай, бақайы қысқа, мойыны құлжа мойын, бауыздау жері піскен алма сағақты келеді, депті.

Суретті түсірген – Ерлан ОМАР, «ЕҚ»

Жас тұлпардың сынын толтырып, сипатын жетілдіру үшін, алдымен оның сүйегін ағартады, бел қызығына қандырады, көңілін көтереді. Ол үшін жас байталдарды таңдап алып үйірге салады.

Жыл өткен соң үйірдегі бір байталды сойып жілігінің кемігін көреді. Егер жілік іші қаракемік болса, тұлпардың сыны әлі толған жоқ деп көреді де, үйірден алмайды.

Келер жылы тағы бір байталды сойып, жілігін байқайды. Осылай сойылған байталдардың жілігі ағарғанға дейін тұлпарды үйірден алмайды. Ал сойылған байталдың жілік кемігі әбден ағарған кезде тұлпардың сыны толды, күші жетілді, күйіне келді деп көреді. Одан кейін оны баптап бәйгеге қосса, алдына қара салмайтын сәйгүлік болады.

ТЕАТР

Мәскеу биігіне көтерілген «Жібек саты»

Әлемді үздік ізденісімен тәнті етіп жүрген бекзат өнер ордасы – «Астана Опера» театрының талантты труппасы Мәскеуде өткен «Музыканы көру» VIII музыкалық театрлар фестивалінде табысты өнер көрсетіп қайтты. XX ғасырдағы біртуар опера әншісі Галина Вишневскаяның әйгілі опералық ән айту орталығына жиналған талғампаз көрермен астаналық театр ұжымы ұсынған Дж.Россинидің «Жібек саты» спектакліне тамсана қол соқты.

Назерке ЖҰМАБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ресейдегі Қазақстан Елшілігінің қолдауымен өткен гастрольдік спектакльге көрнекті музыка және қоғам қайраткерлері, сондай-ақ мәскеулік шығармашылық зиялы қауым өкілдері келді.

– Гастроль – отандық өнерді шетелдік көпшілікке таныстырудың бірегей мүмкіндігі. Әртістер, техникалық ұжым, жалпы, қойылымның сәтті өтуіне тер төккеннің барлығы осынау кешті айрықша ету үшін тынымсыз еңбек етті. Қойылымымыз лайықты деңгейде ұсынылды деп үміттенеміз. «Музыканы көру» фестиваліне қатысқанымызға қуаныштымыз. Айтулы іс-шараның ұйымдастырушыларына олардың алдағы жобаларына тек қана сәттілік тілеймін. Классикалық музыка салтанат құрған фестиваль әрдайым тыңдаушысының жүрегіне жетіп, толассыз қошемет үні үзілмесін, ұжымдардың өнер көрсетулері жарқын, табысты болсын дегіміз келеді, – деді гастрольдік сапардан кейінгі әсерін ортаға салған «Астана Опера» театрының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ғалым Ахмедьяров.

Мәскеулік музыкасүйер қауым назарына ұсынылған италиялық композитор Джоаккино Россинидің «Жібек саты» комедиялық операсының «Астана Опера» театрындағы премьерасы 2019 жылы өтті. Содан бері спектакль Piccolo театры жобасы аясында көрерменін қуантып келеді. Труппа осы қойылыммен еліміздегі һәм алыс-жақын шетелдердегі қалаларға жиі гастрольге шығып жүр. Әртістердің жоғары орындаушылық шеберлігі, сәнді костюмдер мен сахналық безендірудің арқасында «Жібек саты» көпшілік көңілінен шыққан үздік спектакльдер қатарында.

Оқиғаға қысқаша шолу жасасақ, бас кейіпкер Джулия өзінің ғашығы Дорвильге жасырын түрде тұрмысқа шығады. Ал Дорвиль өз жұбайының бөлмесіне терезеден лақтырылған жібек саты арқылы көтеріледі. Джулияның қамқоршысы саналатын кәрі Дормонт бұл неке туралы білмей, қызды Дорвильдің досы, әйелдердің аузынан түспейтін Бланзакқа күйеуге бермекші болады.

Осы бір шым-шытырық оқиғаны жеткізуде әртістердің сахналық шеберлігі мен қоюшы режиссер Алла Симонишвилидің қызықты шешімдері комедияның көркем атмосферасын жеткізуде табысты қызмет еткен. Ал италиялық суретші Манана Гунианың дель арте комедиясына сүйеніп жасаған ұтымды сценографиясы мен костюмдері опера кейіпкерлерінің киімдерінде арлекина, капитан Фракасса, дәрігер Чума секілді белгілі италиялық кейіпкерлерді тануға мүмкіндік берді.

Операдағы іс-әрекет тыңдармандарды XVIII ғасырға жетелейді. Мұны сахна суретшісі Манана Гунианың сценографиясы мен костюмдеріне қарап тану қиын емес. XVIII ғасыр дәуіріне сәйкес стильді ұтымды сақтаған сценограф жұмысы, шын мәнінде, кезеңдік көркемдікті келісті сөйлете білген.

– Бұл фестивальда 40-қа жуық түрлі музыкалық ұжым, оның ішінде Қырғызстаннан, Өзбекстаннан келген әріптестеріміз өнер көрсетті. Сондықтан әлбетте, өзімізің кәсіби шеберлігімізді көрсетіп, еліміздің өнерін абыроймен таныстырғымыз келді. Өнер көрсетуге дәл осы спектакльді таңдап алғанымыз кездейсоқтық емес, ол көңілді, қабылдауға жеңіл әрі Дж.Россинидің жалынды, жан сергітерлік музыкасымен баурап алады. Италиялық классиктің ертеде жазған бұл операсы оның атағының әлемге жайылуына негіз болды, – деді «Астана Опера» опера труппасының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Азамат Жылтыркөзов.

Жалпы, театр заңдылықтарына сай жіктер болсақ, өзге жанрларға қарағанда сахнада опера-фарсты орындау оңай емес. Өйткені ол bel canto (әдемі орындау) техникасын мінсіз меңгеруді, сондай-ақ тамаша актерлік ойынды талап етеді. «Астана Опера» солистері осы барлық міндетті керемет атқарып, партияларға қайталанбас өзгешелік қосты. Кейіпкерлердің мінезі сан қырынан бедерленіп, көрермендер аудиториясының жүрегін жаулады. Олардың дауыстары әуеде қалықтап, түрлі сезімге жетеледі. Атап айтсақ, бас кейіпкерлер – Айзада Қапонова Джулияның бейнесінде шеберлігімен көзге түссе, тенор Әлихан Зейнолла Дорвильдің партиясын ерекше талғаммен орындады. Тапқыр Джерманоның бейнесін театр солисі Алтынбек Әбілда сәтті сомдады. Ал Бланзактың партиясында сахнаға шыққан Евгений Чайников өзінің ашық даусы мен байсалдылығының арқасында кейіпкерінің бейнесін жарқын әрі ұмытылмастай етіп көрсете білді. Татьяна Вицинская Лючилланың партиясын жеңіл әрі ойнақы кейіптесе, Рамзат Балакишиев Дормонтты өз бедерінде жеткізді. Айтулы музыкалық спектакль Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, маэстро Абзал Мұхитдиннің жетекшілігімен орындалды.

«Әлемдік үздік опера ұжымдарының қатарына жататын «Астана Опера» театрының жеткізуіндегі Россинидің өте күрделі әрі сирек орындалатын операсымен танысу – үлкен бақыт. Оның үстіне бүгінгі таңда «Астана Опера» – өте салмақты музыканттардың, опера әншілерінің басын қосқан бірегей өнер ордасы. Мәдениет халықтарды біріктіреді, өзге елдің жанын түсіну үшін оның мәдениетін сезіну қажет. Бүгінде қазақстандық мәдениет – жоғары кәсіби мәдениет екенін атап өткен жөн», деді Ресей Федерациясы Президентінің халықаралық мәдени ынтымақтастық жөніндегі арнайы өкілі Михаил Швыдкой.

Қазақстаннан жеткен өнер тартуына мәскеулік музыка мамандары мен сыншылары да дән риза:

– Алған әсеріміз керемет, театр лайықты музыкалық-вокалдық деңгейді көрсетті. Бастысы Россинидің мәнері сақталды. Ал мұндай пікір әрдайым барлығына бірдей айтыла бермейді, маэстро Абзал Мұхитдин бәрін ұтымды үйлестірген, – деп ұжым өнерін жоғары бағалаған музыка сыншысы Дмитрий Морозовтың пікірін әрі қарай музыка шолушысы Мария Бабалова: – «Жібек сатыдай» айрықша қойылымды алып келгендеріңізге рахмет. Бұл – батыл таңдау, шебер орындауды талап ететін туынды. Оны ұсынуға тайсалмай, бізге жақсы көңіл күй сыйладыңыздар. Көбіміз үшін Россинидің шығармашылық болмысына қайта үңілуге, оның кемеңгерлігін тануға жол ашқан тағы бір маңызды операны қостыңыздар, деп ұжым өнеріне алғысын білдірді.

«Музыканы көру» фестиваліне «Жібек сатыдай» қойылыммен қатысып, классикалық туындының табиғатына тереңнен бойлап қана қоймай, оның музыкалық бояу ерекшеліктерін шебер сараптай білген «Астана Опера» театрының өнері мәскеулік көрермендер мен театр мамандары тарапынан жоғары бағаланды. Труппаның дарын мен құштарлыққа толы ғажайып орындауы өнерсүйер қауымның жүрегінде ұмытылмас әсер қалдырды.

МЕРЕЙ

Алдаберген асуы

Қаршадайынан ауыл-аймаққа шеберлігімен, суретшілігімен танылған Алдаберген тағы топ жарды. Ағаштан, матадан, тері мен жүннен, темірден неше түрлі бұйым жасайтын оған сүйектен ойып кәдесыйлар жасау, сақина-сырға, өзге де бұйымдар дайындаудың еш қиындығы жоқ. Бейнеу ауданының Сарға ауылында тұратын, осындағы Әліби атындағы мектепте еңбек пәні бойынша сабақ беретін шебер жігіт бұл жолы біз үшін аты азаптың, қиындықтың лебіндей есіп-естілетін Магаданға барып топ жарып, 1-орын алып оралды.

Гүлайым ДӘУІТБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Магаданда қазанның 24-і мен қараша айының 1-і аралығында өткен IV «Әлем халықтарының сүйек ою өнері» фестиваліне алты ел мен Ресей федерациясының 23 аймағынан сүйектен түйін түйген 100-ден аса автор қатысты. Дәстүрлі халықтық өнерге қолдау көрсетіп насихаттау, дамыту және әр елдегі сүйектен бұйым жасаушылардың өзара байланысын, тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету мақсатындағы ауқымды жоба Ресей суретшілер одағы Қиыр Шығыс федералдық округі басшылығының бастамасымен ұйымдастырылған.

– Астанадан Мәскеуге 3 сағат, Мәскеуден Магаданға 9 сағат ұштық. Кезінде атам Бозжігіт айдауда болған Магадан немересі – мені қонақ ретінде қабылдады. Итжеккенге бабаларымыздың қалай тірі жеткеніне, азап пен бірге суық ауа райынан қалай тірі келгеніне таңданысымды әлі шектей алмай жүрмін. Магадан қаласының солтүстігіндегі биік төбенің басына орналасқан «Маска скорби» деп аталатын саяси қуғын-сүргін ескерткішіне бардық, тұтқындар туралы қандай да бір дерек табылар ма екен деген оймен Магадан облыстық мемлекеттік архивіне бардым. Атам туралы мәлімет таба алмадым, әйтсе де елден «менің атам туралы дерек жоқ па екен?» деп хабарласып жатқан көптеген жерлесім үшін архивпен қалай онлайн байланыс орнатуға болатындығын білдім, – дейді Алдаберген Жайлауұлы.

Алдабергеннің айтуынша, Америка, Еуропа елдерінің шеберлері санкцияға байланысты сайысқа қатыса алмаған, бірақ қызығушылық танытып, өз туындыларын ұсынғандар саны көп, байқаудың ауқымы кең болған.

– Көрмеден керемет әсер алып оралдым, енді өзіміз үшін шеберлік деңгейін бір саты жоғары ұстауым керек. Мықты шеберлермен танысып, кәсіби біліктілігімді шыңдадым. Келесі жылы өтетін фестивальға шақырту алдым, бұл маған үлкен ізденіспен тынбай жұмыс жасау керектігін ұқтырады, – дейді шебер.

Ауылға келе салысымен Маңғыстау облысының Астана қаласындағы мәдени күндеріне шақырту алған Алдаберген Тіленбаевтың «Адай көтерілісі» инсталляциясы «Дала өркениеті көшпелілер қолөнерінде» көрмесіне қойылды.

– Инсталляцияда Маңғыстау қазақтарының отаршылдық жүйеге қарсы сынбаған асқақ рухы бейнеленген. Қазақ даласын жаулаған патша өкіметінің атқан оғы Маңғыстау қазақтарының қалқанынан өткенмен, сүйегіне жетпеді, өр халық мәдениеті мен дәстүрін сақтай білді, туындыда осы ойды бейнелегім келді, – дейді автор.

Алдаберген шебердің жетістіктері аз емес, алайда Магаданда 27 елдің мықтыларына шаң қаптырып, топ жаруы әзірге ең үлкен жетістігі. Бұл – болашағына жасалған тағы бір баспалдақ екені анық.

Маңғыстау облысы

ӨНЕР

Түркістанда театрлар түйісті

Түркістанда Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстан мен Қырғызстанның өнеріне еңбек сіңірген қайраткер, профессор, осы тарихи қалада сазды-драма театрының негізін қалаушы әрі тұңғыш көркемдік жетекшісі Райымбек Сейтметовтің 85 жылдығына орай «Raiymbek fest» I Республикалық театр фестивалі өтті. Төрт күнге созылған тартысты өнер додасында еліміздің әр өңірінен келген 11 театр ұжымы бақ сынады.

Ғалымжан ЕЛШІБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Алғаш рет ұйымдастырылған фестивальға арнайы келген қонақтар қатарында және қазылар алқасының құрамында Райымбек Сейтметовтің өмірдегі, өнердегі досы, театр және кино актері, КСРО Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, «Театр өнерінің тарихы мен теориясы» кафедрасының профессоры, өнертану докторы Бақыт Нұрпейіс, перзенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Азат Сейтметов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бахыт Сраилов, Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Өнертану» факультетінің деканы, профессор Меруерт Жақсылықова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, актер, режиссер Балтабай Сейітмамытов, Райымбек Сейтметовтің жары Нинель Малдыбекқызы, Қадыр Мырзалиевтің жары Сағатай Мырзалиева бар. Түркістан облысы әкімдігінің қолдауымен, облыстық мәдениет және туризм басқармасының ұйымдастыруымен өткен фестивальдың ашылу салтанатында құрметті қонақтар мен қатысушы театрлар қызыл кілемнен жүріп өтті. Содан соң тау тұлға туралы бейнефильм көпшілік назарына ұсынылды. Облыс әкімінің орынбасары Бейсенбай Тәжібаев қиын-қыстау кезеңде киелі Түркістанда театр негізін қалаған Райымбек Сейтметовтің ерен еңбегін ескере отырып, өнер мерекесін туған жерінде ұйымдастыру заңдылық екенін атап өтті. «Бүгінде өңірде көптеген мәдениет ошағы салынып, халыққа рухани қызмет көрсетіп келеді. Оның ішіндегі кәсіби 3 театрымыздың еңбегін мақтанышпен айта аламыз. Театр ұжымдары республикалық, халықаралық байқауларда үздіктер қатарынан көрінуде. Сіздерге осы рухани демалыс сәті үшін, облыс басшылығы мен қала тұрғындары атынан алдын ала шынайы ризашылығымды білдіремін», деді облыс әкімінің орынбасары. Фестиваль шымылдығы Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театрының «Отелло» трагедиялық шығармасымен түрілді. Қазақ кәсіби театрларының өнерін насихаттау, театр өнерінің қазіргі келбетін таныту, өзара тәжірибе алмасу, шеберлік-сағаттарын өткізу және шығармашылық тығыз қарым-қатынаста болуына ықпал ету, дарынды театр әртістері мен режисерлерді анықтау, сонымен қатар оларды ынталандыру, театрлардың танымалдылығын арттыру мақсатындағы фестивальға өнер саласына еңбегі сіңген театр сыншылары мен кәсіби мамандар төрелік етті.

Фестиваль барысында Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі Мөлдір Оңдасынова министрдің құттықтаухатын оқып, табыс етті. Сондай-ақ Түркістан облысы мәдениет және туризм басқармасының басшысы Әзімхан Қойлыбаев, Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ ректоры Жанар Темірбекова біртуар азамат және соның атында өткізілген фестиваль туралы пікір білдірді. Сонымен өнер сайысының қорытындысы бойынша қазылар алқасының шешімімен «Көрермен көзайымы» аталымымен Шымкент қалалық әзіл-сықақ және сатира театры, «Қазылар алқасының арнайы жүлдесі» аталымымен Алматы қаласының «Жаңа ғасыр» театры, «Екінші пландағы үздік ер адам рөлі» аталымымен Жұмат Шанин атындағы Шымкент қалалық академиялық қазақ драма театрының әртісі, «Екінші пландағы үздік әйел рөлі» аталымымен Асқар Тоқпанов атындағы Жамбыл облыстық қазақ драма театрының әртісі, «Үздік әйел рөлі» аталымымен Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының әртісі, «Үздік ер адам рөлі» аталымымен Шахмет Құсайынов атындағы Ақмола облыстық қазақ музыкалық драма театрының әртісі, «Заманауи тақырыпты игергені үшін» аталымымен Абай облысының Семей «Дариға-ай» жастар театры, «Үздік көркемдік шешім» аталымымен Құрманбек Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры, «Үздік актерлік ансамбль» аталымымен Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театры, «Үздік режиссерлік шешім» аталымымен Жамбыл облыстық орыс драма театры, «Райымбек Сейтметов атындағы арнайы сыйлық» аталымымен Райымбек Сейтметов атындағы Түркістан қаласының сазды-драма театры марапатталды.

Райымбек Сейтметовтің дауысымен жазылған «Түркістан» өлеңінің бейнетуындысымен басталған жабылу салтанатында жеңімпаздар құрметіне концерттік бағдарлама ұсынылды. Іс-шара соңында Қадыр Мырзалиевтің «Актер» өлеңін Айдар Наурызбаев оқып берсе, дәл осы туындының әнін Райымбек Сейтметов театрының әртістері шырқады.

ТҮРКІСТАН

Шығысшыл Абай

«Абайдың Батысынан Шығысы басым» деген Мұхтар Әуезов. Хакім жырларын бажайлап оқысақ, шығыстық қазыналарға көптеп ұшырасамыз. «Ақылмен хауас барлығын, Білмей-дүр, жүрек сезе-дүр», дейді ақын. Хауас деген не?

Батырхан СӘРСЕНХАН,
«Egemen Qazaqstan»

Мекемтас Мырзахметұлына жүгінелік. «Абай шығармаларында хауас сөзі үш жерде, үш түрде кезігеді: Хауаси хамса заһири, хауас салим, хауас. Хауаси хамса заһири – сыртқы бес сезім мүшесі: көру, есту, ұстап білу, дәмін тату, иіс арқылы сезу. Хауас сәлим – осы сезімнің былғанбаған, табиғи таза түрі. Хауас – бірінші мағынасы – ішкі бес сезім мен сыртқы бес сезімнің қосындысы, екінші мағынасы – Алланың сегіз сипатының қосындысы, үшіншісі – хауас деп хакім Жаратушының өзін айтады». Яғни ғалымның зерделеуі бойынша хауас ұғымының қырлары көп. Абай жыры Жаратушыны ақылмен емес, жүрекпен сезіну арқылы терең біле алатынымызды меңзейді. Бір өлеңінде:

«Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойға жұқпас сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар», –

деп ынталы жүрек қуатын алға шығарады.

Түркі-Шығыс ақындары көбіне «жүрек культін» жоғары қояды. Абай тамырын мұнаралы мұралардан алып, тереңдете түседі. Шын мәнінде, кеңестік сана жадымызға енгізген еуроцентристік, затшылдық ұғымдардан, дүниенің көрінген сырларына бәйге жариялаудан әлі күнге арыла алмай келеміз. Шығыстық танымға селкеу түскен соң, өткен ғасырда Шығыс ақындарының жырлары құр дидактикамен аударылғаны мәлім. Осы тұста Абайды Шығыс ақындарының шәкірті деп айтсақ, жаңылыс емес. Ақын өзі медет тілеген Шығыс шайырлары арқылы дүниетанымын кеңейтіп, түп иені іздеуге жол ашты. Мәселен, пәкістандық шайыр Мұхаммед Икбалдың мына бір шумағына үңіліп қаралықшы.

«Құшағын ашты жар,
Ей, пенде!
Құдайдың жұпар иісі
бар сенде.
Құшағын ашты жар,
Жүректі қан,
кірпікті жас шылар.
Өртенсең,
ышықтан шырқырап,
Сол иіс бұрқырап,
Ғаламды мас қылар!»
(аударған Светқали Нұржан)

Яғни Икбал жүректі махаббат өртімен орай білсе, адамзатқа жарық таратар нұрға айналатынын меңзейді. Ал мұны Абай: «Жүректің көзі ашылса, хақтықтың түсер сәулесі» деп келте қайырады. Міне, сабақтастық.

Ал жүрек сұлтаны Мәулана Руми мәснәуилерінің бірінде:

«Жан денеге:
«Ей, қоқыс, сен кімсің?
Бір-екі күн менің жарығыммен
өмір сүрдің.
Еркелігіңнен, назыңнан
дүниеге сыймаймын,
Күте тұр, сенен бір шығайын,
сосын көреремін...» –

деп айтар деп, тотықұстай тән торына қамалған жанның зарын бейнелейді. Астары шексіздікпен шектескен шумақтарда Руми жанды оятуға, жүректі қорғауға, жүректің қырларын ашуға үндейді. Ал Абай хакім:

«Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойға жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз,
Бар тамырды қуалар», –

деп ынталы жүректің бәсін жоғары қояды.

Хакімнің тағы бір шығыстық ерекшелігі – замананы болжауы. Келер уақытты болжап, бағалау көбіне шығыс ақындарына тән құбылыс екені даусыз. Мәселен, Фирдоусидің «Шаһнамасында»:

«Ойлашы, өзің өлтірсең,
Менің сөзім өлер ме?
Ол бір туған көкте күн,
Екпін тисе сөнер ме?!
Аш-жалаңаш тарықтым,
Жасытпадым көңілді.
Соқтым парсы еліне,
Сөз қорғанын құламас», – деп

сөзінің өлмейтінін, парсы еліне сөз қорғанын соққанын алдын ала болжайды. Шынында, неше ғасырдан бері «Шахнама» дастаны мәңгілік суындай адамзатқа қызмет етіп, парсы елінің төлқұжатына айналды. Шығысшыл Абайдың әртүрлі болжалды жырлары жетерлік. Бұл – бөлек мақалаға жүк боларлық іргелі тақырып.

Көз жастан көктеген қайсар мұң

Оның өлеңдері жүрек пен жанның бітісінен естілген үндей нәзік. Нәзік те болса қайсар. Болмашы ғана сол өмір лебі бұрқанса, дауыл тұрғызуға қауқарлы, күбірлеп-сыбырласа, шым-шымдап бойынды билеп алады. Ақынның оқырманы көп болатыны содан болуы керек. Дәурен Берікқажыұлы жырларында артық сөз, әдемілікке жетемін деп әлеміштеген жасанды тіркес жоқ.

Жәнібек ӘЛИМАН,
«Egemen Qazaqstan»

«Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, ол ақынның білімсіз бейшарасы» деп ұлы Абай көксеген биік, өлеңдегі ұлы мұратты тұтқан екі қазақ болса, бірі осы Дәурен Берікқажы екенін ақын Есенғали Раушанов: «Ақын болса, Дәурендей болсын. Дәурен не жазса да жібермей оқуға тырысамын. Газет-журналға шықса, әлбетте. Қадағалап отырамын дегенім, ол қызық-қызық ізденістерге барады, мінезі де біртүрлі, ағылшын тілін жетік біледі, әлемде не гәп болып жатқанынан қашанда құлағдар, өзге елдерде достары көп, «ауылдың арасы, қойдың қорасында» қалып қоймағаны қуантады. Ендігі жерде Мұқағали мен Есенғалидың арасын шаңдата берудің керегі шамалы екенін ол баяғыда-ақ білген. «Менің ауылымның иті сенің ауылыңның итінен гөрі бөрібасарлау» деген сықылды «квасной патриотизм» де оған жат. Оқуы, тоқуы бар адам осындай болады. Бұдан былайғы жерде кем дегенде бір шет тілін білу қазақ қаламгері үшін қалыпты жағдайға айналуға тиіс. Жастарға қызықсақ олардың біліміне, мәдениетіне, алғырлығына қызығалық, әйтпесе екі қазақтың бірі өлең жазады. Рас, бұдан екі қазақтың бірі ақын деген қорытынды шықпайды.

Ол қазақ қоғамында болып жатқан жайттарды түгел жүрек сүзгісінен өткізіп отырады. Қиын іске ұрынады. Қауіпті қадамдарға барады. Ақын болсаң, Дәурендей бол! Дәурен өз сөзін өзі айта алатын ақын болып қалыптасты. Бұдан артық не бақыт керек?», депті.

Демек Есенғалиша айтқанда, Абайдың өлең сөзге қойған жоғарыдағы талабын барынша түсініп, бойына сіңірген және солай жаза білген талант – нағыз талант.

Ақынның осы уақытқа дейін шыққан «Оттегім менің, от демім менің – жырларым», «Алдаспанның арызы», «Анте меридием», «Гүл мен қылыш жырлары», «Сізге жазған хаттардан», «Муза», «Сенің атың – от», «Ішке жұтқан көз жасым», «Ең жылы сөз кешіккен» атты жыр жинақтары тек автордың ғана атағын шығарып, алапатын асырған кітаптар деуге әсте болмайды. Бұлар – маңдайынан ай сүйіп, төрт аяғын тең басып, қазақ жырын алға оздыруды көксеген бейнелер. Оқырман сана-сезімін өсіріп, рух кеңістігін ұлғайтуды көздеген жан мен ойдың жемісі. Автордың жеке басы үшін жүйке мен сананың кескілескен майданы. Мың өліп, мың тірілген болмыс пен мінездің күресінен қайнап шыққан немесе жүректің оты санаға шағылғанда саусақ ұшынан сия болып төгілген сәулелі шырақтар.

«Ең қымбат бағаға сатылған –
ең арзан кітаптар,
ең ауыр ойларға батырған –
ең нәзік бұтақтар,
ең әлсіз адамға берілген –
ең ауыр сынақтар,
ең таза балаға көрінген –
ең жауыр сұрақтар
жылатты ал, жылатты ал
жанымды.
Тағы не?
сұрап қал...»

«Ақындар провинцияда туып, Парижде өледі» дейді. Бірақ осы ойды ақын Серік Ақсұңқарұлы теріске шығарады. «Парижде өлетіні өтірік» дейді. Абай ғұлама Шыңғыстауда туып, сонда өлгенін ескерсек, әлгі сөз қазақтарға жүре бермейтіндей. Мен осы сұрақты шетел ақындарын көп оқып, көп аударған Дәукеңе қойғым келеді. Бірақ оның «ақындар провинцияда туатыны рас, бірақ Парижде өлуі шарт емес, қайда жерленсе де, халқының жүрегінде қалса, жетіп жатыр» дейтінін ішім сезеді. Қазір Дәурен Берікқажыұлы – көп оқылатын ақындардың бірі. Халқының көкейіндегісін айтып, жүрегіне жол таба алса, ақынға одан асқан бақыттың керегі де шамалы.

«Ысытқан, суытқан,
Бойыңды бір көңіл.
Дүниені ұмытқан,
Құмарың тозар, біл»,

дегенде Абай нені, меңзеді екен? Құмары тозса да, іңкәрлігі сөнбеген көз жастың да алапат қайсар мұңынан көктеп шыққан рухты сезінгің келсе, ақын жырларына үңіл. Дәукеңнің «Беу, мынаны мен де жаза аламын-ау» дегізгендей кейбір қарапайым көрінген шумақтары жанды жерге тиеді, көкейге қона кетеді. Бәлен деп айтудың да қажеті шамалы, үнсіз ғана түсініп, бас шайқап қойып, өзіңмен өзіңді мұндастыратын өлеңдер тек Дәурен ақынға тән сияқты мен үшін. Түсінгенге бұл – бүгінгі поэзияның табысы! Өлең оқып отырып демалу, өзіңмен сырласу деген – үлкен бақыт. Автордың үлкен бақыты.

Оның аудармалары, тәржімаға қосқан үлесі ауыз толтырып айтарлық. Ақын болған соң өз өлеңдерін ғана жазып, өз шығармашылығын насихаттау – әркімнің қолындағы іс. Ал мен оқып-білген дүниенің, мен таныған ғажаптың дәмін сен де тат деп шетел жауһарларын оқырманға түпнұсқадан мөлдіретіп аударып беру – түсінгенге ерлікпен пара-пар іс. Дәукең – ол үдеден шыға алған жанкешті ақын. Ұлттың ақыл-ойы мен сана-сезіміне қызмет осындай-ақ болады!

Коллажды жасаған – Зәуреш СМАҒҰЛ, «EQ»

Көркем шығарма қалай жазылады?

Жазушы көркем шығармасын қалай жазады? Оған көп мысал келтіруге болады. Айталық, бір қаламгер балалық шағында өз басынан өткен оқиғаны әдеби туындыға айналдырса, екінші суреткер өмірден көргенінен ой түйеді немесе әлдебіреуден естіген әңгімесін көркем дүние етіп ұсынады. Қысқасы, «өмірдің өзінен» ойып алынған шығарма шынайылығымен тартымды. Бірақ қазақ қаламгерлері көркем туындыларының жазылу тарихына көп тоқталмайды. Айта да қоймайды. Арагідік газет-журналға берген сұхбаттарында ептеп қана сыр ашады. Егер жазушылар жазған шығармасы туралы оқырманмен ой бөлісіп отырса, біраз қазынаға кенелер едік. Солай емес пе?

Азамат ЕСЕНЖОЛ,
«Egemen Qazaqstan»

Мәселен, көрнекті суреткер Сафуан Шаймерденовтің «Ит ашуы» атты ғажайып повесі бар. Бұл туындының жарыққа шыққанына біраз жыл өтсе де, оқырман әлі де іздеп оқиды. Шығармадағы Лезбай, Ұмсындық, Қарғабек, Дабыр, Адыр секілді кейіпкерлер бейнесі де жүрекке ыстық. Әсіресе Марғау деген иттің иесіне деген жанашырлығын қалай ұмытасыз. Осы повестің жазылуына қандай оқиға түрткі болды, оны жазушы бір сұхбатында өзі айтып кетіпті.

«Бірде жолым түсіп, Алматы облысының Кеген ауданына бардым. Кездескен адамдардың бірі ит туралы маған мынадай бір қызық оқиғаны айтып бергені: күзде қой отарлары таудан қыстауға қарай көшкенде бір шопанның иті жоғалып кетіпті. Әрі іздеп, бері іздеп, шақыра-шақыра таппаған соң, қасқыр жедіге жорыпты да, ол байғұс көшіп кете берген. Қыс өтеді. Келер көктемде әлгі шопан бұрынғы үйреншікті ізімен таудағы жайлауға келе жатса, былтырғы қой жусатып, демалған бір жерінен иті шыға келіпті. Өкпелегені сондайлық, шақырса келмейді. Жақындаса, үреді де шегіне береді. Бұған не болған деп бақса, шопан иті көшкен жұртта ұмыт қалған ескі тонды күзетіп қысты өткізіпті... Жазылар повестің кілті осы оқиғадан кейін табылды. Адам арасындағы күрделі де қиын, қат-қабат қатынастар, адалдық пен арамдық, зұлымдық пен зорлық, өтірік көлгірсу – міне, мұның бәрі де ит көзімен, ит түйсігі арқылы беріледі. Шындап келгенде, бұл әдеби әдіс ғана», депті сөз зергері.

Өмірден ерте озған талантты жазушы Жақсылық Түменбаевтың жылы шуаққа толы лирикалық прозасын көзіқарақты қауым жақсы біледі. Қабырғалы қаламгердің өткен ғасырдың 80-жылдары жазған «Ауыл мен Алматының арасында» атты хикаятын оқыған боларсыз. Мұнда Балмейрам атты кейуананың қалада тұратын баласының шақыруымен немересін бағуға келгенде алған әсері нәзік сезіммен баяндалған. Ал осы туындының жазылуына жазушыға қаламдасының бір күліп қана қоятын оқиғасы себеп болған.

«Жазушы Тынымбай Нұрмағамбетов ауызекі күлдіргі әңгімеге шебер. Әлдебіреулердің, әсіресе ауыл адамдардың мінезіндегі күлкілі жағдайларды байқағыш. Сол бірде маған өзіне жақын бір үлкен кісінің қылығын айтып берді. Ауылдан Алматыға қызының үйіне қыдырып келеді ғой әлгі кісі. Күйеу баласы шала әкім бір жігіт екен. Кешкі астың үстінде қарт Алматыдағы ағайындарын сұрастыра бастайды. «Бәленшеге хабарласып тұрсың ба?», дейді күйеу баласына.

– Жоқ.

– Е, неге?

– Немене, соған күнім қарап қалып па? – деп кіржің ете түседі күйеу жігіт.

Қарт тағы бір танысын сұрайды. Күйеу баласы одан да хабарсыз екен.

– Шырағым-ау, үлкен кісі, ағайынның амандығын біліп тұрмайсың ба? – дейді.

– Оның маған не керегі бар, – деп тағы кіржің ете түсіпті.

Қысқасы, қарттың сұрастырған адамының бәрі жігітке керек болмай шығады. Ол тасталқан ашуланып, ертеңіне Тынымбайдың үйіне келіпті. «Апыр-ау, бұл итке сонда керегі кім болды екен?», деп үлкен кісі таң-тамаша қалып, тоқырап отырыпты. Естіген әңгімемнің бары осы. Бір күлетін де қоятын нәрсе. Бірақ бұл менің көкейімде бұрыннан жүрген көп ойға қозғау салып кетті. Танысқа, жолдасқа, ағайынға, тіпті туған анасының өзіне тек қана тұтынушылық, пайдакүнемдік көзқараспен қарайтын талай таныстарым түсті есіме. Солармен қатар ауылымның аңқылдаған адамдарын еске алдым. Арасы қаншалықты алшақ жатыр. Тіпті бір анадан туып, қызметтің ыңғайына қарай бірі қалада, бірі ауылда тұрып жатқан ағайынды екі адамның мінезі мен құлқындағы айырмашылық қанша десеңізші!», деп жазыпты ертеректе жазған шығармашылығы туралы бір мақаласында.

Ал белгілі жазушы Кәдірбек Сегізбайұлының 60-жылдары жазылған «Соңғы шабыс» деген тамаша әңгімесін оқығанда қазақ ерекше қадірлейтін жылқының тегі қасиетіне таңғалып, бас иесіз. Бұл әңгіме де кәдімгі өмірде болған оқиғадан алынған.

«Бала кезімде үш ұжымшардың біріккен тойы болып, соған 25 шақырымдық аламан бәйге өтетін болды. Мені айдаушыға жіберді. Астыма мінгенім әкемнің қой торысы еді. Содан астымдағы қой торым ат шығатын көмбеге жеткенше желігіп отырды. Бұрын аяғын баспайтын еді. Мен бұған не болды деп таңғалып қоямын. Біресе артқа тұра шауып, 40 қадамнан кейін қайта кейін оралады. Шұлғиды. Жер тарпиды. Құмалақтайды. Сөйтіп, қайтарда бәйгеге қосылып кетті. Сол жолы қой торы шауып келе жатқандай емес, жүзіп келе жатқандай көрінді маған. Көмбеге келіп өлді. Кейін білсем, Шіліктіден шыққан бір атбегі бұны құлын күнінде есік пен төрдей жуан атқа айырбастап алған екен. Сол кісі есік алдында жүрген жетім құлынның желқанат жүйрік екенін танипты. Содан бәйгеге қосып, тайында, құнанында Өскеменде бәйгенің алдын бермепті. Келер жылында бәйгеге келгенде, Өскемендегі чешендердің көреген атбегісі танып қойып, тізесінен темірмен ұрып шөкелетіп кетіпті. Кейін кемтар болып қой торыға айналып, қойшыдан-қойшыға өтіп, менің әкемнің қолына жеткен екен. Сөйтіп, 26 жасында бойындағы дарынын, қасиетін өлер алдында бір көрсетіп кетуді көксепті жануар. Соған жетіп өлді. Адам да өстіп өліп кететін болса, арман болмас еді», дейді автор.

Көркем шығарманың жазылу тарихына үңілген мақаламызда үш жазушыға ғана тоқталдық. Әйтпесе осы тақырыпты індете берсек, басқа да қаламгерлердің туындыларынан көп мысал келтіруге болады. Бірақ оны келесіге қалдырайық.

Байланыстан тыс қалған ауылдар

Жетісуда 20 ауыл байланыс аясынан тыс жерде. Бүгінде өңірдегі 352 елді мекеннің 287-і мобильді интернетке қол жеткізіп отыр, ал 65-інің жайы мәз емес. Ондағы халық тау-тасты, төбені жағалауға мәжбүр. Ол ол ма, солардың ішінде 135 ауылдың тұрғындары 4G-ға тіркелген, қалғанының ұялы телефоны 3G-ді әрең ұстайды. Тіпті облыс орталығына жақын кейбір ауылда мәселе толық шешілмеген.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Қазір, интернетсіз бір минут та шыдап отыра алмайсыз, жұмысыңыз онсыз тиянақталмайды. Мектеп мұғалімі болсаңыз, тіпті қиын. «Kundelik.kz»-ті уақытында толтырмасаңыз басшылықтан сөгіс естуіңіз мүмкін, ол сіздің апталық рейтингіңізге де әсер етеді. Сол 20 ауылда қаншама оқушы, мыңдаған халық барын білсеңіз ғой. Олардың жаңайқайы орынды. Кейбір ата-аналар қаладағы бала-шағасымен еркін сөйлескісі келеді. Күнделікті хат алмасып отыруға асық. Ал бұған Жетісудың интернеті ырық бермейді. Қанша жылдан бері ретке келмеген саланың жайы қарапайым халықтың әбден ығырын шығарған.

Мәселен, Ескелді ауданына қарасты Абай ауылына бара қалсаңыз әлемнен тысқары ортаға тап болғандай боласыз. Себебі мұнда интернет пен мобильді байланыс ретке келмеген. Сол ауылдың тұрғыны Алма Есболғанова осы жайтты ескере отырып, ата-аналар атынан аудан әкіміне хат жолдаған.

«Мен Абай ауылының тұрғынымын. Ескелді ауданына қарасты Абай ауылы Карабұлақ кентінен 5 км қашықтықта орналасқан. Біздің ауылдың басты мәселесі – интернет және мобильді байланыс. 2022 жылы ауылға әкімдік қаражатынан 50 дана Транстелеком интернет Wi-Fi желісін 50 ғана тұрғын үйге тегін қойып берді, басқа тұрғын үйлерге жетпеді. Қазір Транстелекомнан өз еркімен интернет орналастыру әр тұрғын үйге ақылы 50 мың теңгені құрайды, ауыл адамдарының мүмкіндігі шектеулі. Жақын орналасқан ауылдарда интернетпен ешқандай мәселе жоқ, нақты біздің ауылда қашаннан бері шешілмей келе жатқан мәселе. Сол себептен сізден өз тарапыңыздан Абай ауылына Транстелеком Wi-Fi желісіне қол жеткізу мүмкіндігін қарастыруыңызды сұраймын», дейді ауыл тұрғыны.

Жетісу таулы өңір болғаннан кейін, сол маңайды паналаған халықтың дені интернеттің азабын шегіп жүр. Соның бірі жоғарыда айтылған – Абай ауылы. Жұрт жанынан жолданған хатқа әкімдіктен арнайы жауап та келген. Дегенмен бұдан екінші тараптың да қолы қысқа екенін аңдауға болады.

«Мобильді байланыс жүйесі бойынша әкімдік тарапынан, Tele2 және «Кар-Тел» ЖШС-ға (яғни Beeline) байланыс жүйесінің мұнарасын орнату туралы хат жолданып, мұнара қойылатын орын белгіленді. Қазір байланыс жүйесі республикалық деңгейдегі мәселе болғандықтан, мемлекеттен қаражат бөлінуіне байланысты «Кар-Тел» ЖШС-да қарастырылып жатыр. Сонымен қатар ауыл тұрғындары жылдамдығы 20 мБт сымсыз интернет желісін пайдалануда, қосылудың біржолғы төлемі 50 мың теңгені құрайды. Осыған орай, өз тарапымыздан «Транстелеком» АҚ-сына хабарласып, ауыл тұрғындарына интернет қосуға біржолғы төлемін азайтуға немесе басқа да жеңілдіктер сұрастырылған болатын, айтуы бойынша жеңілдік ретінде біржолғы төлемді бөліп төлеуге, яғни: бірінші ай 20 мың теңге, әрі қарай екі ай 15 мың теңгеден бөліп төлеуге болатындығы айтылды. Жылдамдығы 20 МБт сымсыз интернет желісінің ай сайынғы тарифтік жоспарының ақысы 4 мың теңгені құрайды. Егер де аталған желіге қосылғыңыз келсе «Транстелеком» АҚ-сына жолығып, өтінім қабылдауларыңызға болады», дейді аудан әкімінің аппарат басшысы Берік Дүйсебаев.

Әйтсе де, бұл жауапқа ауыл тұрғындары қанағаттанбай отыр. Талай жылдан бері интернеттің қиындығын көрген халықтың көңілі күпті. Оның үстіне 50 мыңдық біржолғы төлем қалтаға үлкен салмақ. Қазір оның бағасы да қымбаттап кеткен. Біз тақырыпқа орай, облыстық цифрлық технологиялар басқармасынан арнайы анықтама сұратқан болатынбыз. Олардың мәліметінше, қолданыстағы «талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша ауылдық елді мекендерді кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету» жобасын кеңейту шеңберінде Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне бұрын талшықты оптикалық байланыс желілері жобасына кірмеген 171 АЕМ бойынша ақпарат, сондай-ақ аз қоныстанған ауылдық елді мекендерге дейін спутниктік арналарды ұйымдастыру үшін 33 АЕМ бойынша ақпарат жіберілген.

> “ ҚАЗІР МОБИЛЬДІ ИНТЕРНЕТКЕ АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕННІҢ 81,5 ПАЙЫЗЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ. ҚОЛЖЕТІМДІ ЕМЕС – 65. СОНДАЙ-АҚ «250+» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА МОБИЛЬДІ ИНТЕРНЕТ 43 АЕМ-ГЕ ЖЕТКІЗІЛДІ. ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӨЗІ ТОЛЫҚТАЙ 5G ЖЕЛІСІНЕ ҚОСЫЛАДЫ. ҰЯЛЫ БАЙЛАНЫС ПЕН ИНТЕРНЕТ ОБЛЫСТАҒЫ ТАҒЫ 49 ЕЛДІ МЕКЕНДЕ ПАЙДА БОЛМАҚ

«Қазір мобильді интернетке ауылдық елді мекеннің 81,5 пайызы қол жеткізе алады. Қолжетімді емес – 65. Сондай-ақ «250+» жобасы аясында Жетісу облысында мобильді интернет 43 АЕМ-ге жеткізілді. 50+ жобасы бойынша облыстың 17 АЕМ-де 2025 жылға дейін «Қазақтелеком» АҚ-ның еншілес компаниясы «Востоктелеком» ЖШС-мен интернет жүргізу жоспарланып жатыр. 12 АЕМ-де мобильді желілер сигналының сапасын және интернетке кіру жылдамдығын өлшеу 2023 жылға жоспарланған», дейді басқарма қызметкерлері.

Бүгінде Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп Жетісу облысының елді мекендерінің интернет желісіне сапалы кең жолақты қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жол картасы әзірленіп жатыр. Қазіргі уақытта жол картасы мобильді операторлармен келісу деңгейінде. Сондай-ақ мобильді операторлармен бірлесіп, республикалық және негізгі облыстық автожолдарды сапалы ұялы және интернет байланысымен қамту үшін қажетті антенна-мачталық құрылыстардың санын анықтау бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Биыл жыл басында облыс тұрғындарын интернетпен қамтамасыз ету бойынша түйткілді мәселелерді шешу мақсатында Цифрлық технологиялар басқармасы мен «Қайнар-Медиа» ЖШС арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Осы меморандум шеңберінде халықтың әлеуметтік осал топтары интернетті өтеусіз негізде қосуға, сондай-ақ ай сайынғы тарифтерге жеңілдіктер алуға мүмкіндік беріледі. Бұл ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының бірі.

Сонымен қатар 24 тамызда байланыс сапасын және интернет желісіне қолжетімділікті арттыру мақсатында Жетісу облысының әкімдігі мен «Қазақтелеком» АҚ арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды. Осы меморандум шеңберінде ынтымақтастық бағыттарының бірі – базалық стансалар санын кезең-кезеңімен ұлғайта отырып, осы жылдың соңына дейін Талдықорған қаласының аумағында 5G желісін іске қосу жұмысы басталады.

«Бүгінде облыста 352 ауылдық елді мекендердің 332 АЕМ (94,3%) интернет желісіне түрлі технологиялар бойынша қол жеткізе алады. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі іске асырған «Талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша ауылдық елді мекендерді кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету» Жобасы бойынша Жетісу облысында ТОБЖ жоспарға сәйкес 93 ауылға (242 ұйым) жеткізілді», дейді жауапты мамандар.

2025 жылға қарай облыс орталығы Талдықорған қаласының өзі толықтай 5G желісіне қосылады. Ұялы байланыс пен интернет облыстағы тағы 49 елді мекенде пайда болмақ. Қазір байланыс операторларымен шалғай және жету қиын ауылдарға антенналық діңгек құрылымдарын орнату жұмыстары жүйеленіп жатыр. Бұған дейін жергілікті тұрғындардан бірнеше мәрте өтініш түскен.

Облыс орталығына жақын орналасқан, бірақ жоғары жылдамдықты интернетпен әлі қамтамасыз етілмеген «Ынтымақ» шағын ауданы мен Өтенай ауылының да алдағы уақытта мәселесі шешіледі. Оларға интернет желісін тарту ісі аймақтық провайдерлік компаниямен келісілген.

Жетісуда орталықтан өте шалғайда орналасқан шекаралық ауылдар жетерлік. Оларды да интернет түйткілі төңіректеп жүр. Қаншама жылдан бері қордаланып қалған мәселені шешу оңай емес, дегенмен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдарды толық мобильді байланыспен қамтуды тапсырды. Ендеше, Үкімет қалай болғанда да халықтың сұранысына сай жұмыс істеуге міндетті.

Жетісу облысы

Медициналық тексеруге – 1 минут

Халық медициналық тексеруден өтуді қиынсынып жатады. Себебі уақыт көп алады, жұмысы да көп. Содан болар бұл парақты медициналық қызметкерлер сатып, халық оны алып жатады. Бұл мәселенің алдын алу үшін заңгер, кәсіпкер Шыңғыс Құлахметов медициналық тексеруден өтудің автоматтандырылған жүйесі Med365-ті өндіріске еңгізген.

Елігімай ТӨҢКЕР,
«Egemen Qazaqstan»

Med365 – адам денсаулығына зиянды өндірістерде жұмыс істейтін қызметкерлерге ауысым алдында немесе ауысымнан кейінгі медициналық тексеруден 1 минут ішінде өтуге мүмкіндік беретін шешім. Алынған деректерді талдайтын және денсаулыққа төнетін қауіпті анықтайтын арнайы бағдарламалық жасақтамадан тұрады. Мұның бәрі термометр, тонометр, алкотестер, пупиллометрі бар автоматтандырылған медициналық тексеру жүйесі АСМО-ның көмегімен жасалады. Барлық деректер арнайы жүйеге түсіп, оны жасанды интеллект өңдейді. Сосын дәрігерлерге адамның денсаулығындағы мәселелер туралы дабыл береді. Қазір ұжымда 30-дан астам адам жұмыс істейді. Бүгінде бұл құрылғыны «Самұрық-Қазына» инвестициялық холдингі, «ҚазатомӨнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы, «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы, «АлматыЭлектроТранс» және басқалары қолданады.

Деректерге сүйенсек, елімізде қауіпті және зиянды өндірістерде 1,5 миллион адам жұмыс істейді. Олардың бәрі күн сайын медицциналық тексеруден өтуге тиіс. Ал Med365 жұмыс берушіге күн сайын жаңартылатын ақпарат беріп отырады. Нақты денсаулық жағдайы мен белгілі бір аптадағы, айдағы немесе жылдағы көрсеткіштерді оңай көруге болады.

– Қаншама адам ауысым алдында немесе ауысымнан кейін медициналық куәландырудан өтуге міндетті. Регламент бойынша оған 1 сағат бөлінеді. Міне, 600 жүргізуші бар флотта осындай уақыт ішінде барлығын қалай тексеруге болатынын елестетіп көріңізші? Үдеріс тек формальдылыққа айналады. Сонда қаншама адам тексерусіз рұқсат алады. Бірақ бұл дұрыс емес, өйткені автобус жүргізушілері күн сайын мыңдаған адамды тасымалдайды. Олардың денсаулығы жолаушылар қауіпсізді үшін маңызды. Біз бұл мәселені шешкіміз келді, – дейді Ш.Құлахметов.

Жабдықты орнатпас бұрын, кәсіпорынның барлық қызметкері бағдарламаға тіркеледі. Жеке деректерді жүктейді және адам түрін анықтауға мүмкіндік беретін Face ID үшін суретке түседі. Med365 техникалық директоры Асхат Шәкенов құрылғының Face ID идентификаторын ешкім алдай алмайды дейді.

– Өнімді сынаған кезде тану жүйесіне әртүрлі ұлт өкілдерінің 700 мың фотосуреті жүктелді. Бұл жұмысшыларды айнымай тануға көмектеседі. Бізде бір кәсіпорында егіздер болды, бірақ бағдарлама оларды еш қиындықсыз танып, ажырата білді. Сәйкестендіруден кейін тексерістен регламент бойынша өтуге болады. Тыныс тексеретінге үрлеп, қан қысымын өлшеуге болады. Ең қызығы – пупиллометр. Оның көмегімен шаршау дәрежесі белгіленеді және есірткіге деген күдік тексеріледі. Деректер компьютер, фельдшер немесе медбикеге жіберіледі. Олар денсаулық жағдайын бағалайды және жұмысқа рұқсат беру-бермеу туралы шешім қабылдайды. Соңғы сөзді маман айтады, – деп құрылғы жұмысын түсіндірді А.Шәкенов.

Шыңғыстың қалауы – құрылғыны 100 пайыз отандық өнім ету. Әзірге шетелден үш бөлікті сатып алады: тонометр (Жапониядан), алкотестер (Оңтүстік Кореядан) және монитор (Қытайдан). Қазір барлық жиынтықтауыштарды елден өндіру мүмкіндігін пысықтап жатыр. Тағы бір қолға алған мәселесі – оңтайландыру. Көбіне медициналық тексеруден өткізу үшін компания фельдшерлердің үлкен штатын ұстайды. Оларға жалақы төлеуі керек, салық төлеуі керек, қандай да бір жолмен бақылауы керек. Қысқаша айтқанда, шығыны көп. Ал АСМО-ның үш-төртеуін орната отырып, қаржы мен уақыт үнемделеді.

Бұл команда толыққанды медициналық ақпараттық жүйені жасағысы келеді. Ауысым алдындағы және ауысымнан кейінгі тексерулерді ғана емес, барлық өнеркәсіптік медицинаны қамтымақ ойлары бар. Оның ішіне сақтандыру, кәсіби тексеру, еңбекті қорғау және гигиенаны цифрландыру кіреді.

Шыңғыс Құлахметов MedTech-ті бекер таңдамаған. Шыңғыстың 18 жасында әкесі инфаркт салдарынан қайтыс болған. Содан бастап еліміздегі аға буынның өз-өзіне ұқыпты қарау мәдениеті жоқ екенін түсінген. Дәл осындай үрдісті ол өз замандастарынан да жиі байқайды екен. Оның айтуынша халық дәрігерге бармаудың әртүрлі себептерін ойлап тауып жатады. Сондықтан да олар денсаулық сақтау жүйесінің жұмысын сапалы қалыптастыруға және насихаттауға көмектесіп жүр.

Роботтар асық атып, арқан тартты

Бүгінде темір техникалардың әлеуеті адамнан кем емес. Бәріне қабілетті. Ал ұлттық спорт түрлерінен бақ сынасқан роботтар тіптен ерекше. KazRoboSport-2023 роботтехникасы бойынша республикалық спорттық чемпионатында роботтар асық атып, арқан тартып, ақсүйек ойнап сынға түсті. Сондай-ақ жапондық сумодан да тартысты өнер көрсетті.

Айтолған ЖҮНІСХАН,
«Egemen Qazaqstan»

Чемпионатқа қатысқандардың қарасы көп. Финалға еліміздің 20 өңірінен келген 214 қатысушы әуелі 4 мыңнан астам адамның арасынан іріктеліп алынған. Осыған қарап-ақ, елімізде роботтехника саласына қызығушылықтың жоғары екенін байқауға болады. Ал осы спорттық роботтехника чемпионаты 2016 жылдан бері өткізіліп келеді.

Еліміздің түкпір-түкпірінде көктемнен бастап іріктеу кезеңдері өтіп, 5 қарашада Астана қаласында облыстар мен мегаполистердің командалары басын қосқан финал болды. Чемпионатқа ауыл балалары, аула командалары, жеке роботтехника мектептері, мамандандырылған лицейлер мен колледждер қатысты. Байқауда ұлттық спорт түрлері мен ойындарынан жарысқан роботтарды әзірлеушілер басқарып отырды.

«Біздің ұйым қоғамдық қағидаларға негізделген және қызметіміз үшін қаржылық өтемақы алмаймыз. Біздің жұмысымыздың негізгі мақсаты – ғылыми-техникалық шығармашылықты кеңінен насихаттау және балалар мен жастар арасында инженерлік мамандықтардың беделін арттыру. Сонымен қатар біз инженерия саласындағы өзекті мәселелерді шешуде және заманауи технологиямен жұмыс жасауда алған біліміміз бі тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береміз. Біз информатика мұғалімдерінің біліктілігін арттырумен де айналысамыз, себебі роботтехниканы оқытуда басты жауапкершілік сол кісілерге жүктелген. Айта кетерлігі, біздің барлық іс-шараларымыз демеушілердің қолдауының арқасында өтіп жатыр», деді

«ҚазРоботикс» отандық білім беру және спорттық роботтехника федерациясының президенті Айжан Жекеева.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, барлық тапсырманы NatRoboCom робоспортының ұлттық түрлерін дамыту қозғалысы мен «ҚазРоботикс» федерациясы мүшелері әзірлеген. Техникалық регламенттер жылдамдық пен дәлдік бойынша конкурстық форматта орындау үшін оқу роботтарының үлгілерін құру және бағдарламалау дағдыларын анықтауды ескере отырып әзірленген.

«Чемпионат инновациялар мен озық технологияларға қызығушылықты арттыруға, сондай-ақ дарынды жастарды анықтап, қолдауға септігін тигізеді. Бұл жарыс әлемдік стандарттарға және олимпиадалар мен чемпионаттардың ережелеріне сәйкес өткізілетін спорттық жарыстарға ұқсайды, бірақ қатысушылар – адамдар басқаратын роботтар. Мұндай байқаулар елімізді жоғары білікті ғылыми-техникалық кадрлардың жаңа легімен қамтамасыз етуге көмектесетініне сенімдіміз», деді Astana Hub білім беру бағдарламалары кеңсесінің директоры Дәулет Беймурзинов.

Чемпионат аясында роботтехниканы дамыту мәселелеріне арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылып, сарапшылар сөз сөйлеп, федерацияның аймақтық өкілдері өз тәжірибелерін бөлісті. Жеңімпаздар Astana IT Unversity алаңында салтанатты түрде марапатталды.

Айта кетейік, KazRoboSport-2023 спорттық роботтехникасы бойынша республикалық чемпионаттың ұйымдастырушысы – «ҚазРоботикс» Қазақстан білім беру және спорттық роботтехника федерациясы. Ал байқауға Astana Hub халықаралық технопаркі демеушілік етті.

САМБО

Арайлымның алтыны

Самбодан Арменияның бас шаһары Ереванда өткен әлем чемпионатының соңғы күні Қазақстан құрама командасының қоржыны тағы екі жүлдемен толықты. Анықтап айтсақ, Арайлым Әбенова алтыннан алқа тағып, Әлібек Зекенов қола медальді мойнына ілді.

Жарыстың алғашқы екі күнінде Маргарита Бажаева (50 кг) мен Ерасыл Қойшыбаевтың (88 кг) – күміс, ал Гүлдана Әлментаева (54 кг), Арнұр Қуантай (71 кг) және Шынар Абатова қола жүлдені иеленгені жайында біз бұған дейін де жазғанбыз. Алайда қоржынымызда алтын медальдің болмауы біздің көңілімізге селкеу түсірді. Кеше сол олқылықтың орны толды. +80 кг салмақта күш сынасқан Арайлым Әбенова филиппиндік Сидней Си мен румыниялық Бьянка Проданы ұтып, финалда Ресейдің туы астында өнер көрсетіп жүрген Жанара Құсановамен кездесті. Орынбор облысының тумасы кезінде қыздар арасында әлем чемпионы атанды. Әйелдер сайысында да ол өзін жақсы қырынан көрсете білді. Қандасымыздың әлем чемпионатының қола және Еуропа ойындарының күміс жүлдегері, Ресей чемпионаты мен кубогінің үш дүркін жеңімпазы деген атақтары бар. Қос қазақ қызының айқасы өте шиеленісті өтіп, бұл бәсекеде Жанардың бағы жанды. Осылайша, Әбенова жеңіс тұғырының ең биік сатысына көтерілді.

98 кг салмақ дәрежесінде күрескен Әлібек Зекенов моңғолиялық Гаажадамба Банұңх пен филиппиндік Си Шиноға шаң қаптырғанымен, жартылай финалда армениялық Давид Григоряннан айласын асыра алмады. Ал қола медаль үшін тартыста ол тәжікстандық Бахтовар Замировті тізе бүктірді.

Сөйтіп, 1 алтын, 2 күміс және 4 қола медальді иеленген Қазақстанның самбошылары әлем чемпионатының жалпы командалық есебінде үшінші орынға тұрақтады. Бірінші орында – Ресей құрамасы. Олар 7 алтын, 1 күміс және 3 қоланы олжалады. Екінші сатыға Өзбекстанның балуандары жайғасты. Ала тақиялы ағайындарымыз 2 алтын мен 1 қола жүлдені еншіледі.

ДЗЮДО

Жетпісбаев жүлдесі үшін белдесті

Талдықорғандағы «Жастар» спорт кешенінде дзюдодан атақты балуан, білікті бапкер Берік Жетпісбаевтың жүлдесі үшін республикалық турнир өз мәресіне жетті. Оған еліміздің бірқатар өңірінен келген 550-ден аса балғын балуандар қатысты. Жарысты тамашалауға келгендер арасынан Саят Құдайбергенов, Ержан Кенжебаев, Руслан Сымтықов, Қайрат Күнсафин, Нұрбол Сүлейменов, Ұлан Рысқұл, Мейіржан Қашағанов, Ерлан Тәжіков, Ерлан Сіләмбаев, Батыр Имашев, Дастан Сәдуақасов, Марат Таханов, Айдос Валиев, Бекарыс Сәдуақас сынды танымал жаттықтырушылар мен спортшыларды көзіміз шалды.

Берік Жетпісбаевтың есімі спортсүйер қауымға етене таныс. Жетісу облысы Кербұлақ ауданының Қоянкөз ауылында туып-өскен ол өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдары әлемдік деңгейде мойындалған самбошылардың бірі әрі бірегейі болды. Бақыт Қоқысбековтей білікті бапкерден тәлім-тәрбие алған кейіпкеріміз бозбала шағында-ақ көптеген турнирде топ жарып, дара талантымен оқшауланды. Шалғайдағы ауылда аса дарынды спортшының өсіп келе жатқанын аңғарған даңқты бапкер, ұзақ жылдар бойы ұлттық құраманы жаттықтырған Керей Қойшыбектің өзі «Берік – тума талант. Егер әр жаттығу барысында жанын салып даярланып, әр жекпе-жекте жанкештілік танытса, оның шоқтығы биік болары сөзсіз» деп бірауыз сөзбен түйіндеді.

«Самбоның академигі» атанған Керей аға қателеспеген екен. 18 жасында Қазақстанның ұлттық құрамасының жейдесін киген Жетпісбаев 57 және 62 кг салмақ дәрежелерінде күш сынасып, қысқа ғана мерзім аралығында көптеген биік белесті бағындырды. Атап айтсақ, ол 1994 жылы Нови Садта жасөспірімдердің әлем біріншілігінің күміс жүлдегері, 1995 жылы Софияда жастар арасында әлем чемпионы және Токиода ересектер арасында әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды. 1996-1997 жылдары қатарынан екі рет Азия чемпионатында алдына жан салмаса, Әлем кубогінде де екі мәрте жеңіс тұғырына көтерілді. «Самбоның атасы» Анатолий Харлампиевтің турнирінде үздіктер санатына қосылды. Одан бөлек, бірқатар аса ірі халықаралық жарыстарда қарсылас шыдатпады.

– Табыс адамға өздігінен келмейді. Тіптен, жанкешті жаттығу мен «жан алысып, жан беріскен» айқастың өзі биік тұғырға көтерілу үшін жеткіліксіз. Біріншіден, өзіңе деген сенімің мығым және алға қойған мақсатың айқын болуға тиіс. Екіншіден, елішілік жарыстардағы қарсыластарың неғұрлым мықты болса, халықаралық аренада күресу соғұрлым жеңіл. Үшіншіден, қалталы азаматтардың қолдауы қажет. Себебі ашқұрсақ спортшының алысқа бармайтыны белгілі. Менде оның үшеуі де болды. Алға қойған мақсатым ел сенімін ақтап, қазақтың абыройын асқақтату еді. Ол жоспарым ойдағыдай жүзеге асты деп ойлаймын. Елішілік жарыстарда кілең ығай мен сығайға қарсы тұрдым. Айдын Смағұлов, Мұратбек Қыпшақбаев, Қайрат Күнсафин, Айдар Қайырбаев, Ерлан Сіләмбай... Алғашқысы Олимпия ойындарының жүлдегері атанды, қалғаны әлемдік додаларда олжа салды. Солармен алысып-жұлысып шеберлік деңгейім өсті. Ал қамқоршы ағаларым жайында айтар болсам, ол жағынан да кенде емеспін, – дейді Берік Сәрсенбекұлы.

Бір кереметі, Жетпісбаев самбомен бірге дзюдоны да қатар алып жүрді. Бұл ретте оның екі бірдей Олимпия ойындарында күш сынасуға мүмкіндігі болды. Күрестің бұл түрінде кейіпкеріміз білікті бапкер Манарбек Таутановтан тәлім-тәрбие алды. Әлі есімізде, 1996 жылы Алматыда Санжар Жандосовты еске алуға арналған халықаралық турнир дүркіреп тұрып өтті. Бұл Атланта Олимпиадасына іріктеу еді. Сол тұста Берік самбодан дзюдоға енді ғана ауысып жатқан. Соған қарамастан 66 кг салмақтағы басты фавориттер Зекен Шаймерденов пен Иван Баглаевты айқын басымдықпен ұтып, майталман мамандардың назарын бірден өзіне аударды. Сол кезде көпшілік Жетісу өңірінен келген жалынды жасты енді тоқтататын ешкім табыла қоймас деп ойлады. Бірақ қапияда жарақат алған Жетпісбаев қола медальді қанағат тұтты.

2000 жылы Сидней Олимпиадасы қарсаңында шектен тыс салмақ қуамын деп сын сағатта денсаулығы сыр берді. Бұл сырқаттан айығу оңай болмады. Осындай келеңсіз жағдайлардың салдарынан Жетпісбаев екі бірдей ғаламдық додадан шет қалды. Журналистер қауымының «Олимпия ойындарына қатыса алмағаныңызға өкінбейсіз бе?» деген сауалына «Пешенеме солай жазылған болар. Мақсат тауына шыға алмай кеткен дарынды жастар жалғыз менімен ғана шектелмейді ғой. Арамызда ондай асқан дарын иелері өте көп. Мен – солардың бірі ғанамын. Бұл өмірде әркімнің өз таңдауы болады. Мен бозкілемде өзіме бұйырған несібемді алдым да, үлкен спорттан қол үзуді жөн көрдім. Сондықтан да өткенге еш өкпем жоқ», деп атақты спортшы әңгімені қысқа қайырды.

Үлкен спорттан қол үзгеннен кейін Берік бапкерліктің қамытын киді. Жастарды жаттықтырды. Оларға рухани және материалдық тұрғыдан көмек көрсетті. Оның төл шәкірттерінің бірі әлем чемпионатында жүлде алса, екіншісі жасөспірімдер арасындағы Дүниежүзілік Олимпиаданың жеңімпазы атанды. Сол үшін де Жетпісбаевқа Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы атағы берілді.

– Берік, шын мәнінде, асқан дарын иесі еді. Біз үлкен спортқа енді келіп жатқан тұста оның даңқы дүркіреп тұрды. Өзіне ғана тән мәнерде күресіп, қарсыласын қоғадай жапырып жатқанына сан мәрте куә болдық. Жетпісбаев шегінуді, тартынуды, қаймығуды білмейтін. Бізге үнемі дәп бір «Өліспей беріспеймін» деген қағиданы ұстанатындай көрінетін. Кейіннен ұлттық құрама сапында бірге күрестік. Қатар жүріп командалық әріптес ретінде ғана емес, ағалы-інілі болып сыйластық. Беріктен біз көп нәрсе үйрендік, – дейді дзюдодан Дүниежүзілік Олимпиаданың жеңімпазы, Азия чемпионатының күміс жүлдегері Ерлан Сіләмбаев.

Ал жарыстың өзіне келер болсақ, ұлдар арасында мына балуандар жеңімпаз атанды: 50 кг – А.Ерғалиев (Алматы қаласы), 55 кг – Ғ.Орынқажы (Абай), 60 кг – С.Сухоруков (Алматы қаласы), 55 кг – Р.Нариман (Жетісу), 73 кг – Т.Шыңғаев (Абай), 81 кг – А.Бейсембай (Алматы қаласы), 90 кг – А.Ризабек (Абай) және +90 кг – Б.Тоқтар (Алматы облысы). Ал қыздардың сайысында есімдері төменде аталған дзюдошылар алтыннан алқа тақты: 40 кг – С.Мақсұтова (Алматы облысы), 44 кг – А.Әнуарова (Алматы облысы), 48 кг – С.Тағай (Түркістан), 52 кг – Ж.Маратбек (Жетісу), 57 кг – Б.Дастанқызы (Алматы қаласы), 63 кг – А.Әбіханова (Шығыс Қазақстан), 70 кг – Ғ.Марлен (Жамбыл) және +70 кг – Н.Кемелханқызы (Жетісу).

ТЕННИС

Жартылай финалға да жетпедік

Бұл күндері Испанияның Севилья қаласында теннистен әйелдер арасындағы Билли Джин Кинг кубогі өтіп жатыр. Жүлде қоры 9,6 млн долларды құраған дүбірлі додада Қазақстан құрамасы В тобының фавориті саналғанымен олар ел сенімін ақтай алмады.

Байрақты бәсеке басталмай тұрып-ақ Қазақстанның жанкүйерлері жайсыз хабар алды. Былтыр Уимблдонда топ жарып, биыл Австралияның ашық біріншілігінің финалында ойнаған еліміздің бірінші және әлемнің төртінші ракеткасы Елена Рыбакинаның аталған жарысқа қатыспайтыны белгілі болды. Республикалық Теннис федерациясы таратқан мәліметке сенсек, осыдан бір апта бұрын ғана Мексиканың Канкун қаласында өткен WTA-ның қорытынды турнирінен кейін ол өзін жайсыз сезінген екен. Сол себепті Билли Джин Кинг кубогінде бақ сынаудан бас тартты. Содан Австралияға қарсы кездесудің қарсаңында Рыбакинаны дереу Анна Данилинамен алмастыруға тура келді. WTA тізімінде 814-орында тұрған дәп сол ойыншы Севильядағы жарыстың тұсаукесер сайысында кортқа шықты. Ол үздіктер рейтингінде 172-сатыға жайғасқан тәжірибелі Сторм Хантермен шеберлік байқасты. Бұл бәсекеде жасыл құрлықтың өкілі 7:6, 6:4 есебімен басым түсті.

Көп кешікпей Юлия Путинцева мен Кимберли Биррелдің ойынын тамашаладық. Бұл кездесудің фавориті Путинцева еді. Әлемдік рейтингте ол 69-орынды иеленуде. Қарсыласы жерлесімізден 44 саты төмен тұр. Сондықтан да бұл бәсекеде Путинцеваның жеңіске жететініне көпшіліктің күмәні болған жоқ. Айтқандай-ақ, бірінші сетті 6:0 есебімен аяқтаған Юлия екіншісінде де өзінің мықтылығын мойындатты – 7:5.

Қос ойынның нәтижесі бойынша тең есеп тіркелгеннен кейін бәсекенің тағдыры жұптық сайыста шешілді. Өкінішке қарай, бұл жолы біздің бұрымдылар өз деңгейінде өнер көрсете алмады. Юлия Путинцева мен Анна Данилина жұбы Эллен Перес пен Сторм Хантерге 1:6, 6:4, 5:10 есебімен есе жіберді. Осылайша, отандастарымыз Австралия құрамасына жол берді.

Келесі күні Словениямен сайысқа түстік. Алғашқы бәсекеде Анна Данилина Кайя Юванға ойсырай ұтылды – 1:6, 0:6. Келесі кездесуде Тамара Зиданшектің екінші сеттен кейін ойынды жалғастырудан бас тартып, жеңіс Юлия Путинцеваның еншісіне жазылды. Одан кейін Анна Данилина мен Жібек Құламбаева жұбы Вероники Эрьявец пен Эла Налы Миличтен басым түсті – 2:6, 6:4, 10:7. Қорытынды есеп – 2:1.

Десек те бұл жеңіс жерлестерімізге плей-оффқа шығу үшін жеткіліксіз болды. Өйткені Билли Джин Кинг кубогінің ережесіне сай әр топтан озық шыққан бір ғана команда жартылай финалда өнер көрсету құрметіне ие болады. Өкінішке қарай, Қазақстан құрамасы екінші орында қалып қойды. Ал жалғыз жолдама Словения теннисшілеріне бұйырды. Олардан бөлек, Италия, АҚШ және Канада құрамалары плей-оффқа шықты.

Олжаға кенелген ойыншылар

Танымал Metaratings.ru сайты биылғы маусымда WTA санатындағы жарыстарда өнер көрсетіп, ең көп табыс тапқан теннисшілердің рейтингін жариялады. Үздіктер тізімінде Польшаның мақтанышы Ига Свентек көш бастап тұр.

Таяуда ғана Мексиканың Канкун қаласында өткен қорытынды турнирде топ жарып, бүгінгі таңда әлемнің бірінші ракеткасы атанып отырған 22 жастағы Ига Свентектің есепшотына 9,86 млн доллар көлемінде қаражат аударылды. Екінші орынды Арина Соболенко иеленіп отыр. Расында да, биылғы маусым Беларусьтің өкілі үшін өте табысты болды. Ол Австралияның ашық біріншілігінде топ жарып, US open додасының финалында өнер көрсетті. Ролан Гаррос пен Уимблдонда жартылай финалға дейін жетті. Соболенконың табысы – 8,20 млн доллар. Үшінші және төртінші орындарды АҚШ-тың қос мықтысы – Коко Гауфф пен Джессика Пегула өзара бөлісті. Алғашқысы – 6,67 және екіншісі – 5,97 млн-ды еншіледі.

Төртінші орынға біздің Елена Рыбакина тұрақтады. Қазақстанның Туы астында өнер көрсетіп жүрген 24 жастағы ару биыл 5,49 млн доллар олжалады. Бір қуантарлығы, былтыр Уимблдонның жеңімпазы атанғаннан кейін ол еліміздің дарынды жастарын қолдау үшін 35 млн теңге көлемінде қаражат бөлді. Соның арқасында 14 жас ойыншының әрқайсысы 2,5 млн теңгеден алды. Бұл – Қазақстанның басқа да сақа спортшылары үшін үлгі болатындай құптарлық іс. Сондай-ақ мол олжаға кенелгендер қатарында чехиялық Маркета Вондроушова (4,47 млн), Каролина Мухова (2,80 млн), Петра Квитова (2,49 млн), мысырлық Онс Жабер (3,19 млн) және грекиялық Мария Саккари (2,55 млн) сынды танымал теннисшілер бар.

Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

ТУЫСТЫҚ ТУЫ

Қазақ, башқұрт – бір туған

Қазақстан мен Ресейдің «Ауыл шаруашылығы – қуатты экономиканың негізі» атты XIX Өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаев Башқұртстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі Ильшат Фазрахмановпен екіжақты кездесу өткізді.

Селекцияны, туризмді, ара шаруашылығын дамыту мәселелері талқыланды.

– Біздің өңірлер екі елдің өзіндік бал астаналары болып табылады. Тозаңдану, аналық бал басын дамыту, жаңа бал сұрыптарын жасау, сондай-ақ оларды өңдеу мәселелерінде біз көшбасшы болуымыз керек. Ол үшін барлық мүмкіндіктеріміз бар, – деді әкім Ермек Көшербаев. – Егер қажет болса, біз омарташыларымыздың бірлескен қауымдастығын құратын боламыз.

Бұл тұрғыда Ресейдің Башқұртстандағы бал араларын генетикалық сараптау бойынша жалғыз зертханасы қызығушылық тудырады. Айтпақшы, 250 мың ара ұясы бар және жеті мың тонна тауарлы бал өндіретін республикада сапалы бал беретін ортаорыстық тұқым – қара орман арасын өсіруге басымдық берілген.

Сонымен қатар логистиканың қазіргі заманғы бағыттарының өзектілігін ескере отырып, аймақ басшысы Башқұртстанның серіктестеріне Қытаймен шекаралас аудандарға жақын ШҚО аумағында бондтық қоймалар құруды ұсынды. Шығыс Қазақстан ҚХР-мен сауда жасау кезінде Башқұртстанның бизнес-топтары үшін логистикалық қызметтердің барлық түрлерін көрсетуге дайын.

Башқұртстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Ауыл шаруашылығы министрі соңғы екі жылдағы экономикалық қиындықтарға қарамастан, Башқұртстан қарқынды дамып келе жатқанын хабарлады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдіру дағдарысының проблемасы кейінгі уақытта жаңа өткізу нарықтарын, атап айтқанда Қытайға ашу арқылы шешілуде. Бұл орайда Шығыс Қазақстан облысы башқұрт тауарлары үшін транзиттік хабқа айналуы мүмкін еді.

– Біз жақын арада туризмді дамыту бойынша екі мыңға жуық жол бойындағы сервис нысанын салуды жоспарлап отырмыз. Башқұртстан қымыздың жүз түрлі түрін өндіреді. Бізде көшпелі мәдениет дамыған, осының бәрі елімізге келетін туристерге қызықты, – деп атап өтті Башқұртстан делегациясының басшысы.

Тараптар ШҚО-дан Уфаға Халықаралық бизнес апталығына, соның ішінде туризм саласында тәжірибе алмасу үшін мамандар жіберуге келісті.

Сондай-ақ Ермек Көшербаев башқұртстандық әріптестерін қараша айының соңында өтетін бүркітші фестиваліне қатысуға шақырды.

– Біз бәсекелеспеуіміз керек, керісінше, кооперациялануымыз керек. Шығыс Қазақстан инвесторлар үшін барлық қажетті жағдайды жасауға дайын. Біздің міндетіміз – бизнеске мүмкіндіктерді көрсету. Бұдан әрі кәсіпкерлер өздері әрекет ете бастайды, – деп қорытындылады Шығыс Қазақстан облысының әкімі.

«Егемен-ақпарат»

Инновациялық емдеу әдістері

Жуырда Денсаулық сақтау министрлігі мен «Johnson & Johnson» компаниясы өзара түсіністік пен ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойды. Бұл туралы «Джонсон & Джонсон» компаниясының Ресейдегі және ТМД елдеріндегі фармацевтикалық бөлімшесі, «Янссен» директоры Катерина Погодина хабарлады.

Сәндібек АСАНӘЛІ,
«Egemen Qazaqstan»

Меморандум аясында тараптар еліміздегі онкологиялық, гематологиялық, психикалық, АИТВ, аутоиммундық аурулар сияқты әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеуді жетілдіру бойынша бірлесіп жұмыс істеуге ниетті. Бұл бағыттағы басымдық медициналық қызмет көрсету сапасын арттыруға және пациенттерді сапалы, тиімді дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге бағытталады. Осыған қоса тараптар әлеуметтік маңызы бар аурулардың заманауи терапиясы мәселелерінде денсаулық сақтау мамандарының білім деңгейін арттыру үшін ғылыми білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және пациенттердің инновациялық терапияға қолжетімдігін жақсартуға назар аударады.

«Янссен» компаниясы нарықта 10 жылдан бері медицина қауымдастығын иммундық-медициналық аурулар, онкология, гематология, орфандық аурулар, психиатриялық және жұқпалы аурулар (АИТВ) сияқты әлеуметтік маңызды және созылмалы ауруларды емдеу үшін қажетті инновациялық терапиямен қамтамасыз етеді. Компания елде жұмыс істей бастаған тұстан беріге дейін оның перепараттарымен 250 мыңнан аса науқас емделген. Қазір мемлекеттік ерікті медициналық көмек аясында және міндетті медициналық сақтандыру жүйесінде 30 мыңға жуық пациент емделіп жатыр. Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар және орфандық аурулары бар пациенттер үшін 15 бағыт бойынша компания препараттарының 25 түрі қолжетімді. Бұған қоса компания атаулы көмектің 40-қа жуық жобасын іске асырған. Сәйкесінше, елдің 15 өңірінде 125-тен аса пациент емделген.

«Johnson & Johnson» бөлімшесі, Янссеннің ТМД елдері бойынша директоры Әділет Назарбаевтың айтуынша, Янссен бұрын емделмейтін ауруларды емдеу тәсілдерін түбегейлі өзгертетін дәрілік препараттарды зерттеу мен әзірлеуге инвестиция тартып, басымдық беріп отыр. Мәселен, былтыр компания осы мақсаттарға 14,6 млрд доллардан аса қаражат жұмсаған. Осы терапевтік инновациялардың көпшілігі елдегі пациенттер үшін де қолжетімді.

– Медицинада әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеуге арналған инновациялық құралдар мен терапияның қолжетімді болуы маңызды. Бұл – пациенттердің өмірін сақтап, олардың өмір сүру сапасын айтарлықтай жақсартуға септесетіні белгілі. Сонымен қатар денсаулық сақтау саласының экономикалық дамуына әсер ететін инновациялық емдеу әдістері екенін де естен шығармау керек. Біздің түпкі мақсатымыз – пациенттердің өмір сүру сапасын жақсарту үшін мемлекеттік органдармен, медицина қауымдастығымен бірлесіп жұмыс істеу, күш біріктіру, – деп түсіндірді Ә.Назарбаев.

БІЛІМ ЖӘНЕ БІЛІК

PhD дәрежелі медбикелер даярланады

Келер жылдан бастап еліміздің еңселі медициналық университеттері өз тарихында алғаш рет медбике ғылымы бойынша PhD даярлайды. Бұл жаңашылдық – магистратура деңгейіндегі білімді нығайтуға және «медбике ісі» ғылымы бойынша докторантура бағдарламасын құруға бағытталған AccelEd жобасын іске асыру арқылы жүзеге асады.

Сәндібек АСАНӘЛІ,
«Egemen Qazaqstan»

Суретті түсірген – Ерлан ОМАР, «ЕQ»

Жуырда Астанада «Медбике ісінің үштұғырлығы: клиникалық тәжірибе, зерттеу және білім беру» тақырыбында халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтіп, онда әлемдік тәжірибедегі бірегей инновацияны дамытудың жетістіктері мен келешегі қаралды. Бұл жөнінде Астана медицина университетінің ректоры Камалжан Надыров тарқатып айтты.

– Қазақстанда медбикелік білім беруді жетілдіруге бағытталған AccelEd жобасына Литва денсаулық ғылымдары университетінен, JAMK қолданбалы ғылымдар университеті және Финляндияның Або Академия университеті, Нидерландының Утрехт университеті, Назарбаев университетінің медицина мектебінен, Астана медициналық университетінен, Қазақ ұлттық медицина университетінен, Қарағанды медицина университетінен, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясынан академиялық серіктестеріміз қатысады. Медбике ісінің даму тенденциялары қазіргі денсаулық сақтау жүйесінде мекбикенің рөлі айтарлықтай жоғарылағанын көрсетеді. Медбике мамандарының жұмысына ғылыми көзқарас пен дәлелді тәжірибені енгізу – медбикені тәуелсіз медбикелік шешім қабылдайтын, дәлелді медбикелік күтімді жоспарлайтын және жүзеге асыратын дәрігердің тең құқылы серіктесіне айналдырды, – дейді Қ.Надыров.

AccelEd жобасы магистратура деңгейінде медбике ісі бойынша білім беруді нығайтуға және елде медбике ғылымы бойынша PhD докторантура бағдарламасын құруға бағытталған. Бұл білім беру бағдарламаларының түлектері денсаулық сақтау саласында ерекше сұранысқа ие. Мысалы, Астана медицина университеті магистратура бағдарламаларын енгізген тұстан бастап медбике ісі бойынша 32 магистр дайындаған. Қазір «Медбике ісі ғылымы» бағдарламасы бойынша 5 докторант білім алып жатыр екен. Ал келер жылы баршамыз медбике ғылымы бойынша білім алған елдегі алғашқы докторлардың қуанышына куә боламыз. Иә, жыл өткен сайын медбикелердің құзыреттілігі артып келеді. Оларға білім беру қолжетімді әрі сапалы бола бастады. Бұл жоба магистратура және докторантура деңгейінде медбикелік білім беру ісін нығайтуға, медбике ғылымының өркендеуіне тың серпін береді.

ТОЛҒАУЫ ТОҚСАН ТІРШІЛІК

Қиындыққа қайыспаған

«Дүниені бүлдірмей, аздырмай-тоздырмай ұстап тұрған – бай-манаптар, төре-шенеуніктер емес, қарапайым ғана жақсы адамдар» деген сөз бар. Ұмытпасам, марқұм ақын Аманхан Әлім айтқан болуы керек. Біздің сөзіміз осындай адамдардың бірі туралы болмақ. Оның аты-жөні – Өмірхан Құдаспаев. Ол Сәтбаев қаласындағы «Өмір-90» деп аталатын мүлік иелері бірлестігінің төрағасы.

Абдолла ДАСТАН,
«Egemen Qazaqstan»

Тұрғын үйлерді күтіп-ұстау – еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Бұл бағыттағы барынша тиімді форма әлі табылған жоқ. Қайсыбір жылы МИБ-терді құру қолға алынды. Бұрынғы кондоминум, ПИК-терге қарағанда мұның тиімділеу екені байқалды. «Бір үй – бір қожайын». Демек жиналған қаражатты қалай, қайда жұмсайсың, сол үй иелері өздері ақылдасып, шешіп отырады. Өзі тұратын үйдің жертөлесін жөндету үшін талай есікті тоздырған Өмірхан «мынау дұрыс екен» деген ойға келді. Көршілерімен ақылдасты. Бірақ көпшілігі мақұлдай қоймады. «Талай жыл ақшаны бекер төледік пе? Бұрынғы ПИК жақсылап жөндеп берсін, сосын МИБ дегенді құрсақ құрайық» десті. Бірақ бұлай бола қоймайтыны белгілі еді. Егер бұрынғы қожайын бәрін әпәдемі етіп, жайнатып қоятын болса, билік тұрғын үйлерді басқарудың жаңа формасын іздестіріп қайтеді?

Содан өзін мақұлдаған бірдіекілі көршілерін ертіп қалалық әкімдікке барды. Өздерінің ойын айтты, көмек сұрады. Әкімдік құжат дайындау жағынан жақсы жәрдемдесті. Қаржылай көмектесе алмайтындарын ашық айтты. Жертөлені тазарту, құбырларды ауыстыру, т.б. жұмыстарға әжептәуір қаражат керек. Кім бере қойсын? Өмірхан әрі-бері ойланып тәуекелге барды.

Отыз жылдан аса әртүрлі мекемелерде жүргізуші болып еңбек еткен ол 2012 жылы аяқ астынан жүрек ауруына ұшырап, операция жасатуға мәжбүр болған еді. Бұл алғашқы операция болатын. Ол содан соң тағы да денсаулықты жақсарту мақсатымен үш рет пышаққа түсті. Қазірдің өзінде жылына екі мәрте Астанадағы орталыққа барып, ем қабылдап тұрады. Өзі 3-топтағы мүгедек болса, зайыбы Сәуле Ермекбайқызы Байбатырова – 2-топтағы мүгедек. Шахтада 33 жыл бойы бір жерде маркшейдер болып істеген Сәуле 2013 жылдан бері 14 мәрте операцияға түсіпті. «Менің өмір сүріп жүргенім – қазіргі заманғы медицина жетістіктерінің арқасында», дейді ол.

– Кезекті операция жасатуға қажет болып қалады-ау деп жинаған азды-көпті ақшаны МИБ құруға жұмсап жібердім. Өйткені көршілердің көңілінде сенім ұялату керек болды. Сөйтіп, жертөле толықтай тазартылып, тозығы жеткен су, жылу, канализация жүйелері пропиленге ауыстырылды. Міне, солай бастадық, – дейді Өмекең жаңа істі қалай қолға алғаны жөнінде.

Өзі де, зайыбы да мүгедек Өмірханның атқарып жатқан жұмысы көршілерін сүйсінтіп тастады. Олар «көз қорқақ, қол батыр» екенін көзімен көрді, жанымен сезінді. Содан бері бір үйдегі 65 пәтердің тұрғындарының ауызбірлігі, татулық, ынтымағы бұрынғыдан арта түсті. Фёдор Солдатов, Денис Бессарабов тәрізді көршілері қазір Өмекеңнің қасынан қалмайды. Қандай шаруа болса да көмегін аямайды. Жаз, күз мезгілінде аптасына көршілердің бәрі бірдей бір кісідей сенбілікке шығып, үйдің айналасын тазартып тұрады. Бұл олар үшін кезекті бір еңбек мерекесі іспетті. «Бұрыннан бері осылай неге істемегенбіз?» дейді өзара әңгіме арасында.

Қала әкімдігі коммуналдық қызмет көрсетушілер арасында жыл сайын байқау өткізіп тұрады. Былтырғы байқауда жүлде ретінде Өмекеңнің МИБ-іне бейнекамера берілді. Үйдің алдында әкеліп орнатып қойды, қазір енді соның пайдасын көріп те жатыр. Мысалы, жаз мезгілінде есік алдына жайып қойылған жуылған киімдерді алып кеткен сұғанақ қолдың иесін полиция қызметкерлері сол бейнекамерадан қарап, тауып алды.

«Өмір-90» – Ұлытау облысындағы ең алғаш құрылған мүлік иелерінің бірлестігі. Ал оны құрған кім? Небір соқталдай жігіттер ауызбен орақ орып, сын айтудан әріге бара алмай жүргенде тәуекелге бара білген 3-топтағы мүгедек азамат қой. Өмірхан Құдаспаев бәйбішесі екеуі екі ұл, бір қызынан 10-нан аса немере сүйіп отыр. Тағдыр бір жағынан қыспаққа алып қысқанмен, қиындыққа қайыспаған жанға қызығын да үйіп-төгіп бере салатын секілді ме, қалай? Өмірхан Құдаспаевтың өмірі сондай ойға жетелейді.

Ұлытау облысы,
Сәтбаев қаласы

«Самұрық-Қазына» АҚ 2023 жылғы 18 тамызда жарияланған «QAZAQ AIR» АҚ-ның 49%-дан бастап 100%-ға дейінгі акцияларын сату бойынша ашық екі кезеңді конкурстың өткізілмегені туралы хабарлайды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы №181 шешімімен бекітілген «Самұрық-Қазына» АҚ-ның және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың акцияларын бәсекелес ортаға беру қағидаларының ережелеріне сәйкес жаңа екі кезеңді ашық конкурс өткізу жоспарланып отыр. Жаңа конкурсты өткізу мерзімдері мен оның шарттары белгіленген тәртіппен анықталатын болады.

Қазақстан Республикасы Конституциялық Соты және оның Аппараты судья Айгүл Қыдырбаеваға сіңлісі
Анар ҚУАНЫШБАЙҚЫЗЫНЫҢ
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Орны толмас қаза –
Болат Әбішұлы НАЗАРБАЕВТЫҢ
қайтыс болуына байланысты марқұмның ет жақындары мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз.
Марқұмның алды жарық, иманы жолдас болсын.

Александр Машкевич
Патох Шодиев
Шухрат Ибрагимов

БІР СУРЕТТІҢ СЫРЫ

Алыпты алғаш танытқан

Жуырда Жамбылдың әдебі-мемориалды музейіне ұлы ақын туралы ең алғашқы жазба-ша деректі («Терме» журналы, 1925 ж) хатқа түсіріп, оны баспасөз бетінде жариялаған белгілі ғалым Шамғали Сарыбаевтың немересі Майра Сарыбай келіп, 1958 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің №6 (163) санында жарық көрген «Жамбыл жайында тұңғыш дерек» атты мақаланың ксерокөшірмесі мен 1936 жылы Мәскеу қаласында түсірілген тарихи фотосуреттің (ақынның жанында Шара Жиенқұлова мен Күләш Байсейітова) түпнұсқасын табыстап, музей қорын біршама байыта түскендігі туралы аталған музейдің ғылыми қызметкері Рәтбек Терлікбаев хабардар етті.

Ұлбосын ИСАБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

«Шамғали ұстаздың немересі Майра апай музейге сыйға тартқан мына тарихи суретте ұлы Жамбыл бабамыз қазақтың аса көрнекті өнер шеберлері – би патшайымы Шара Жиенқұлова мен бұлбұл үнді әншіміз Күләш Байсейітованың ортасында тұр. Рас, үшеуінің бұдан басқа ракурста түсірілген суреті бұрын да баспа бетін көрген. Ал үш ардақтының мына тұрғыдағы бейнесі баспасөзге тұңғыш рет ұсынылып отыр.

Майра апай музейге ұсынған «Жамбыл жайында тұңғыш дерек» атты мақаланың авторы Шамғали Харесұлы өз өмірінде барлық жағынан үлгілі ұстаз, ағарту ісінің шебер ұйымдастырушысы болған. Ол жоғары оқу орындарында дәріс беріп, өзінің бойындағы әдіскерлік мүмкіндіктерін, мол тәжірибесін сарқа пайдаланған. Студенттердің педагогикалық тәжірибесін де өзі басқарып, шәкірттерін таңдаған мамандығының қыры мен сырын жете меңгеруге, оларға ұстаздық ұлағатын сіңіре білуге бар күшін салды. Ғалым-ағартушы қазақ тіл білімі мен оны оқыту әдістемесіне мол үлес қосты. Ол 200-ге тарта ғылыми-әдістемелік еңбектер, мақалалар жазды. Қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту әдістемесінен көлемді еңбек жазып, 1944 жылы кандидаттық диссертация қорғап, доцент атанған», дейді музей қызметкері Рәтбек Терлікбаев.

Алматы облысы

ТЕННИС

Өз орындарын сақтап қалды

Теннистен әйелдер арасындағы әлемдік рейтинг қайта жаңартылды. Қазақстанның ойыншылары WTA тізіміндегі өз орындарын сақтап қалды.

Еліміздің бірінші ракеткасы Елена Рыбакина төртінші орында тұрса, Юлия Путинцева 69-сатыға тұрақтады. Жібек Құламбаева – 495, Гозаль Айнитдинова – 618 және Анна Данилина – 817-орынды еншілеп тұр. Жерлестеріміз рейтингтегі жағдайын жақсартқысы келсе, олар онда жыл соңына дейін өтетін түрлі турнирлерде барынша табысты өнер көрсетуге тиіс. Ал көшбасшыларға келер болсақ, алдыңғы лекте айтарлықтай өзгеріс жоқ. Алғашқы үштікте польшалық Ига Свентек, беларусьтік Арина Соболенко және американдық Кори Гауфф. Одан кейінгі сатыларға Джессика Пегула (АҚШ), Онс Жабер (Мысыр), Маркета Вондроушова мен Каролина Мухова (Чехия), Мария Саккари (Грекия) және Барбора Крейчикова (Чехия) жайғасты.

Жұптық жарысқа қатысушылардың рейтингінде Қазақстанның теннисшілері арасында ең үздік көрсеткіш Анна Данилинаға тиесілі. Ол 56-орында тұр.

ШАЙБАЛЫ ХОККЕЙ

«Северстальды» сан соқтырды

Құрлықтық хоккей лигасында (ҚХЛ) қатарынан үш ойында ұтылып, жанкүйерлерді әбден мезі еткен «Барыс» осы жолы әупірімдеп жүріп жеңіске жетті.

Череповецтің «Северсталін» қабылдаған елордалық клуб бірінші кезеңде тізгінді қонақтаға беріп қойды. Олар өз мүмкіндігін ұтымды пайдаланды. 17-минутта Никита Коростелёв есеп ашты. Есесіне үзілістен кейін қарқынын күрт күшейткен «Барыстың» хоккейшілері қатарынан үш мәрте нысанаға дәл көздеді. Бұл голдардың авторлары – Әділ Бекетаев (28-минут), Кирилл Савицкий (30-минут) және Батырлан Мұратов (33-минут). Үшінші кезеңде ойын саябырсыды. Қос тараптан да екпінді шабуыл мен қарқынды әрекеттерді байқамадық. Десек те бәсекенің 51-минутында Мұратов тағы да мергендік танытты. Есеп – 4:1.

31 кездесуден кейін 25 ұпай жиған «Барыс» қазіргі кезде тұрақты біріншіліктің жарыс кестесінде 20-орынды қанағат тұтуда. Өзінің келесі ойынын астаналықтар 16 қарашада Челябіде жергілікті «Тракторға» қарсы өткізеді.

БАЙҚАУ

Қазақша мәзіріңіз қалай?

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитеті Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы дәстүрлі «Қазақша мәзір» республикалық конкурсын ұйымдастырды.

Бекен ҚАЙРАТҰЛЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен 31 үміткер қатысып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтауға филология ғылымдарының докторы, академик Шерубай Құрманбайұлы бастаған қазылар алқасы атсалысты.

Конкурстың алғашқы шарты «Термин талқы» іріктеу кезеңінде қатысушылар «Termincom.kz» сайтындағы «Қазақ терминологиясының мазмұны мен құрылымы» электрондық алаңына тіркеліп, өз пікірлері мен ұсыныстарын жазса, келесі кезең «Термин зерде» шарты бойынша тағамтану саласы терминдерінің ішінен 15 терминді таңдап, үлгіге сәйкес сараптама жасалды. Келесі кезекте «Мәзіріңіз әзір ме?» атты тақырып таңдалып, осы сұрақ бойынша қоғамдық тамақтану орындарындағы бес ас мәзірінің қазақ тіліндегі нұсқасы талдау жасалып, қажет деген жағдайда қатысушы балама нұсқаларын ұсынды. Ең соңғы «Термин-тезис» кезеңінде үміткерлер тағамтану саласы немесе ас мәзірін қалыптастырудың өзекті мәселелері бойынша тезис әзірледі.

Барлық жағынан жоғары дайындықпен келген Қызылорда қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлзат Шынтасова бас жүлдені жеңіп алды. Бірінші орынға Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты Дана Талғатбек ие болса, келесі орындарды Шымкент қаласындағы Ж.Тәшенов университетінің магистранты Балнұр Балтабайқызы, көкшетаулық Шолпан Махамбетова мен «Астана ақшамы» газетінің шолушысы Қалиакбар Үсемхан өзара бөлісті. Бұлардан басқа белсенділік танытқан төрт үміткер Алғысхатпен марапатталды.

БӘРЕКЕЛДІ!

Театр Түрікменстанға аттанбақ

Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театры Ашғабад қаласында өтетін «Бақыт дәуіріндегі театр өнері» фестиваліне қатысады. Жетісулықтар – рухани додаға ел ішінде жолдама алған тұңғыш өнер ұжымы.

Мұхтар КҮМІСБЕК,
«Egemen Qazaqstan»

Қараша айының ортасында өтетін өнер бәйгесін Түрікменстанның Мәдениет министрлігі мен ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымы бірлесіп ұйымдастырып отыр. Ондағы мақсат ұлттық театр өнерін дамыту және театрлардың шығармашылық бастамаларын ынталандыру екенін алға тартуда. Сондай-ақ түркі халықтарының басын бір шаңырақ астына қосып, мәдениет үндестігін насихаттау. Неге десеңіз, театр әртістері өзара шығармашылық байланыста болып, ел мен жердің мәдени өміріне бойлауы маңызды. Осылайша, әлемдік сахнаға жол ашылмақ.

Аталған фестивальдың басты талаптарының бірі қатысушы театрлардан ұсынылған қойылым классикалық немесе ұлттық шығармадан болуға тиіс. Өңірлік театр қазақ әдебиетінің классигі, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» шығармасының желісімен сахналанған қойылымды ұсынып, қазақ елінің намысын қорғайды. Спектакльдің қоюшы-режиссері – Фархад Молдағали.

«Қорғансыздың күні» шығармасы Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театрының репертуарындағы шоқтығы биік қойылымдардың бірі. Спектакльде автор байырғы қазақ ауылындағы кедейлер өмірінің бір көрінісін тамыр-тереңінен қопарып әкеліп, қорғансыз жандардың тұрмыстіршілігіндегі жан түршігерлік азап пен ауыртпалықты аса шыншылдықпен әсерлі баяндайды.

Халықаралық фестивальға Татарстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан мемлекеттерінен театр ұжымдары қатысады. Айта кету керек, Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театры – елімізден алғаш рет қатысатын облыстық театр.

Жетісу облысы

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Көп оқыққанға – бағалы сыйлық

Түркістан өңірінде балалардың кітап оқуға деген құштарлығын арттыру, қазақ әдебиетін, ақын-жазушылар шығармаларын насихаттау мақсатында бірқатар игі іс қолға алынған. Мысалы, Келес ауданы Б.Момышұлы атындағы №59 жалпы орта мектебінің кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітап оқу байқауы» басталды.

Ғалымжан ЕЛШІБАЙ,
«Egemen Qazaqstan»

Байқау шарты бойынша үздік оқырман оқушыларға спорттық велосипед, планшет және тағы басқа бағалы сыйлықтар беріледі. Жобаға жеке кәсіпкерлер демеушілік жасауда. Мектеп директоры Убайдулла Ералиевтің айтуынша, игі жобаға жастар арасында қызығушылық артып келеді екен. «Мектебімізде мұндай акция алғаш рет ұйымдастырылып отыр. Кітап оқуға, білімін, дүниетанымын кеңейтуге құштар бала велосипедті басты мақсат етпеуі де мүмкін. Дегенмен велосипедті көріп кітап оқуға деген қызығушылығы арта түсетін балалардың қатары көбейеді деген ойдамыз», дейді мектеп директоры. Мұндай акция бұған дейін аудандағы тағы бір мектепте ұйымдастырылған екен. Нәтижесінде, жастарды кітап оқуға баулуда осындай жобалардың алар орны ерекше екені аңғарылған.

Сондай-ақ кітапханашылар ел тарихын білуге, дана Абайдың шығармаларын оқуға қызығатындар көп екенін айтады. Бұл орайда көне кітаптардың алар орны ерекше. Мысалы, №25 С.Сейфуллин атындағы жалпы орта білім беретін мектеп кітапханасында 1957 жылы Алматы қаласындағы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан басып шығарылған Абай Құнанбайұлының екі томдық шығармалар жинағы сақталған. Бұл – мектеп кітапханасындағы көне әрі құнды кітаптардың бірі. Мектеп кітапханашысы Гүлмира Тұрысбекованың айтуынша, кітап 66 жылдан бері сақтаулы. «Мектебіміздің кітапханасында жалпы 15 351 кітап бар. Соның ішінде ең көне кітап – 1957 жылы басылып шыққан Абай Құнанбайұлының шығармалар жинағы сұранысқа ие болып тұр. Мұндай жәдігерлерді біз көздің қарашығындай сақтаймыз», дейді Гүлмира Тұрысбекова. Мектеп кітапханасында оқушылардың кітап оқуына барлық жағдай жасалған.

Түркістан облысы

ФУТБОЛ

Кімге сенім артылды?

Футболдан Қазақстанның ұлттық құрамасының бас бапкері Магомед Адиев «Еуро-2024» додасының іріктеу турнирінің алдағы матчтарында мына ойыншыларға сенім артатынын жария етті.

Қақпашылар – Игорь Шацкий («Шахтер»), Бекхан Шайзада («Ордабасы»), Данил Устименко («Қайрат»). **Қорғаушылар** – Сергей Малый, Темірлан Ерланов («Ордабасы»), Бағдат Қайыров, Руслан Валиуллин «Тобыл»), Ян Вороговский, Александр Марочкин, Тимур Досмағамбетов («Астана»), Марат Быстров («Ахмат», Ресей), Әлібек Қасым («Ақтөбе»), Нұрәлі Әліп («Зенит», Ресей), Еркін Тапалов («Қызылжар»), Лев Скворцов («Химки», Ресей). Жартылай қорғаушылар – Рамазан Оразов («Копер», Словения), Максим Самородов, Арман Кеңесов («Ақтөбе»), Аслан Дарабаев, Абзал Бейсебеков, Исламбек Қуат («Астана»), Бақтиер Зайнутдинов («Бешикташ», Түркия), Александр Зуев (ИМТ, Сербия), Ислам Чесноков («Тобыл»). **Шабуылшылар** – Абат Айымбетов («Астана»), Вячеслав Швырев («Қайрат») және Иван Свиридов («Шахтер»).

Дайындаған
Ғалым СҮЛЕЙМЕН,
«Egemen Qazaqstan»

EGEMEN QAZAQSTAN
Жалпыұлттық республикалық газет. 1919 жылғы 17 желтоқсаннан шыға бастады

МЕНШІК ИЕСІ: «Қазақ газеттері» ЖШС

Бас директор Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ
Бас директордың бірінші орынбасары Владимир КУРЯТОВ
Бас директордың орынбасары Қамбар АХМЕТ
Бас директордың орынбасары – Алматы басылымдарының жетекшісі Думан АНАШ
Бас директордың орынбасары Ерболат ҚАМЕН

Бас редактор Ғабит ІСКЕНДЕРҰЛЫ
Бас редактордың орынбасарлары Талғат БАТЫРХАН, Бану ӘДІЛЖАН
Жауапты хатшы Самат МҰСА
Шеф-редактор Амангелді ҚИЯС
Интернет-редакция жетекшісі Қуат ӘУЕСБАЙ

Бөлім меңгерушілері
Саясат және құқық Жомарт ОСПАН
Экономика және өндіріс Қымбат ТОҚТАМҰРАТ
Білім және ғылым Фархат ҚАЙРАТҰЛЫ
Мәдениет және әдебиет Жолдыбай БАЗАР
Әлеумет және спорт Орынбек ӨТЕМҰРАТ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Абай облысы – Сәтжан Қасымжанұлы	тел.: 8 7005180379
Алматы облысы – Ұлбосын Исабек	тел.: 8 7471835704
Ақмола облысы – Байқал Байәділ	тел.: 8 7759549863
Атырау облысы – Жолдасбек Көшербайұлы	тел.: 8 7760068003
Ақтөбе облысы – Баян Қуандықызы	тел.: 8 7014890223
Батыс Қазақстан облысы – Қазыбек Құттымұратұлы	тел.: 8 7475011901
Жамбыл облысы – Табиғат Мұсылманқұл	тел.: 8 7755342262
Жетісу облысы – Мұхтар Күмісбек	тел.: 8 7753010129
Қарағанды облысы – Қасымхан Ғалым	тел.: 8 7785829696
Қостанай облысы – Нұрқанат Құлабай	тел.: 8 7775800024
Қызылорда облысы – Мұрат Жетпісбай	тел.: 8 7018598809
Маңғыстау облысы – Гүлайым Дәуітбай	тел.: 8 7020071776
Павлодар облысы – Мұрат Қапанұлы	тел.: 8 7051528557
Солтүстік Қазақстан облысы – Жақсыбай Самрат	тел.: 8 7026398400
Түркістан облысы – Ғалымжан Елшібай	тел.: 8 7026089198
Шығыс Қазақстан облысы – Мерей Қайнарұлы	тел.: 8 7056238817
Шымкент қаласы – Әнуар Жұмашбай	тел.: 8 7763266898
Ұлытау облысы – Абдолла Дастан	тел.: 8 7773024679

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
010008 АСТАНА, «Егемен Қазақстан» газеті» көшесі, 5/13
050010 АЛМАТЫ, Абылай хан даңғылы, 58а
АНЫҚТАМА ҮШІН:
Астана: АТС 37-65-27, факс 8 (7172) 37-19-87;
Электронды пошта: info@egemen.kz
Интернет-редакция: portal@egemen.kz
Алматыда: 8 (727) 273-07-87,
факс 8 (727) 273-07-87;
Электронды пошта: almaty@egemen.kz
МАРКЕТИНГ БӨЛІМІ:
Астанада – 8 (7172) 37-60-49, 37-64-48,
egemen_adv@mail.ru
Алматыда – 8 (727) 273-74-39, факс – 273-07-26,
adv@egemen.kz

Индекс 65392. Аптасына 5 рет шығады.
«Қазақ газеттері» ЖШС компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Көлемі 8 баспа табақ. Нөмірдегі суреттердің сапасына редакция жауап береді.
«Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газетті қайта есепке қою туралы
№KZ21VPY00062701 куәлікті 2023 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті берген.
«Egemen Qazaqstan» жалпыұлттық республикалық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 Сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес сертификатталған.

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газеттің жеткізілуіне қатысты сұрақтар үшін байланыс телефоны: 1499 («Қазпошта» АҚ)
ТАРАЛЫМЫ 80 117 дана

ISSN 1999-9720

Нөмірдің кезекші редакторы
Сәндібек АСАНӘЛІ